

Зәрухан  
ҚАБЫҚАНҰЛЫ

# СУ ТӨГІЛМЕС СҮТТІБАЙ



Зәрухан ҚАБЫҚАНҰЛЫ

---

СУ ТӨГІЛМЕС  
СҮТТІБАЙ

---



Зәрухан ҚАБЫҚАНҰЛЫ, Су төгілмес Сүттібай.  
Естеліктер мен мақалалар. 130 бет.

- 53006 -

Қазақтың ХІХ-ХХ ғасырлар иініндегі тарихы – талай жұмбақтарға толы дәуір. Сол дәуірде ғұмыр кешкен жұмбақ тұлғалар да жетерлік. Бүгінгі күнге есімдері жеткенімен, елі үшін еткен еңбегі тарих қатпарынан аршылып, өлі де ұрпағымен толық қауышқан жоқ. Сондай дара тұлғаларымыздың бірі – Ақтоғай, Қарқаралы өңіріне ежелден танымал би Сүттібай Қосанұлы. Сүтекеңнің соңында қалған мұралары, аңыздары келешек ұрпақ үшін ұлағатты жәдігер екені анық.


Копшілік оқырманға арналған.

---

**ТЕМІРШІНІҢ  
ҚҰРМЕТТІ БИ**

---

وَعَلَيْكُمْ  
سَلَامٌ  
سَوْتَبَاي



Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы қазақ елі үшін өте жайлы мамыражай уақыт болды. Сыртқы соғыс, қақтығыс жоқ, Ресей саясаты тек ішкі тәртіпті нығайтуға бағыттталып, отарлау, орыстандыру әрекеттері әлі бой алмаған кезең болғанын тарихи фактілермен айқындаймыз. Көптеген кітап, мақала жазушылар тарихи үдеріске шыншыл бойлай алмай, жалпы сәнге айналған байбалам «отарлаушы Ресей зұлымдығы керемет болды, жерден айырылды, еркіндігіміз шектеулі болды», деген жалған тұжырымның жетегінде кетуде. Қазақ даласының геосаяси жағдайы сонау Абылай, Бекболат замандарының өзінде бір ірі мемлекетке арқа сүйеп, соның қамқорлық панасында болу екені айқындалған еді.

Ресейге қазақ даласының қосылуы және оның басқару тәртібін кіргізу үрдісі онтоғызыншы ғасырдың алпысыншы жылдары аяқталды. Хандық жүйе тозып, келмеске кетті, оның енді жаңа заманға сәйкес емес билік жүйесі екенін ел ішіндегі ықпалды топтар жақсы түсінді. Егер, объективті зерделесек қазақ көшпелі қоғамына жүргізілген Ресейдің бес реформасының мақсаты – қазақ жерін орыс империясының геосаяси мүддесіне икемдеу, мемлекеттің шекара аймақтарын бекіту, оның ішкі экономикалық мүмкіндігін толығынан пайдалану. Осы стратегия саты-сатысымен арнайы заңдар қабылдау арқылы жүзеге асты. Алғашқы кезеңде қазақтың жерін тартып алу, орыстарды



қоныстандыру саясаты баяу жүрді, оған дәлел – біздің Қарқаралы өңірінде 1880 жылдарға шейін орыс қоныстанған бірақ елді мекеннің болуы. Ол Қарқаралы қаласы, әскери бекініс, орыс-казактардың станицасы. Ал, қазіргі ел бірінен-бірі көшіріп жазып, христандандыру, орыстандыру саясаты басым болды деген түсінік тарихи шындықтан алшақтау. Ондай саясат жүргізілді. Тек сәл кейін – ХХ ғасырдың басында орыс шіркеулерінің жұмысы жандандырылып, Иса пайғамбар қатты уағыздалып, арнайы мемлекеттік мекеме – «орыстандыру палатасы» құрылғаны. Жерді орыс шаруаларына тартып алып беру, көшпелі қазақ ауылдарының жайылымы тарылуы ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында жүзеге асты. Оның өзінде біздің елде төрт-бес елді мекен пайда болды, соның бірі – Шылым селосы. Ал, жалпы орыстандыру мен көшпелі шаруашылықты оңдырмай қирату кейінгі Сталин заманында ірі өндірістер мен түрме-жазалау лагерлерін салу арқылы, одан кейін Хрущев уақытынан бастап «Тың игеру» деген атпен жүзеге асты.

Айта кететін мәселе ХVІІІ-ХІХ ғасырлар отарлау өзгенің жерін тартып алу ірі мемлекеттердің негізгі саясаты, экономикалық дамуының өзегі болды. Ол жағдайда орыс болсын, ағылшын, қытай болсын, ол саясатты жүргізері ашық мәселе еді. Әлдінің әлсізге күш қолдануы, өзінің өктем билігін таңу саясаты күні бүгінге шейін жалғасуда. Қазіргі қазақ билігі алатаулық рулардан тұратын топтың қолында, оншақты министр мықты мемлекеттік тұғырлардың басшылары солар, олардың ойына келгенін істеуі көрініп тұрған ақиқат. Басқа өңірлердің азаматтарының құқы ескерусіз, міне – билік феномені. Сондықтан, барлық кемшілік пен сорлылығымызды басқаға жабу – үлкен білімсіздік. Абай, Шоқан, Ыбырай, Әлихандардың шығуы, ұлттың саяси ояну үрдісінің бастауында Ресей саясатының прогрессті бағытта болғаны екенін айтуымыз, ұрпақты шатыстырмай шындыққа жақындату – аға ұрпақтың парызы. Оны түсіну үшін өткен тарихқа іздеу салып, бабалар өткен тарихи сұрлеуге қалам сілтеу керек...

Қазақ даласында болған осы күрделі уақытты жете сезіп, белсенді араласқан тұлғалардың бірі Қосанның



Сүттібайы еді. Ол Қарқаралы маңына әкімшілік байланыста топтасқан жиырма төрт болыс ел болып қанат жайған уақытта көзге түскен, елге танылған тұлға. Майлықтың биі. Балалары да атқа мінген элиталық әулет.

Сүттібайдың алғашқы қызметтік көрінуі ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдары (ол кезде Темірші емес) Дүйсенбай Шекшек болысы атанған уақыт. Темірші атауы 1874 жылы қазақ даласындағы ру атымен аталатын болыстықтар жер атымен аталатын топонимдерге ауыстырылғанда берілді. Мысалы, Әлтеке Сарым-Тоқырауын, Кәрсөн Керней, Ақшатау, т.б. Орталық үкімет үш жыл сайын болыстықтарда санақ жүргізіп отырды. Одан да жымысқы саясат іздеудің керегі жоқ. Ол – экономикалық, әлеуметтік қажеттілік. Қазіргі жағдайда да мемлекеттер дүркін-дүркін санақ жасап, қауымның демографиялық сапасын тексеріп, қанша сайлаушы, неше бала, қарттар, еңбек жасындағысы қанша, мүгедекпен кедей санын анықтап, мемлекет көмегі қандай болмақ екенін болжайды. Сол санақтардың тізіміне салық төлейтін түтін иесі, шаңырақ иегері деп көрсетілді де, оның отбасындағы адам саны көрсетілетін.

1864 жылғы санақта Сүттібай Қосанов жеке шаңырақ иесі екені, екі ұлы, бір әйелі бары көрсетілген. Онымен қоса, Байсын Қосановта екі шаңырақ, төрт ер адам, үш әйел жазылған. Тоқтыбай Қосанов – жеке түтін иесі, екі ұл, бір әйелі бары көрсетілген. Аққозының Сәбден деген баласы тіркелген. Бұл деректер Орталық мемлекеттік архив, (Ф 345, оп 1, д 2364) алынды.

Тоқтыбай, Сәбден, Келдібектер Зәрухан ағаның шежіре таратуында жоқ. Мен қостым, ұмтылып қалғанына қарағанда, тұқымдары қалмаған болуы керек. Сүттібай «Құрметті би» деп көрсетілген. Онымен бірге, билер санатында Дүйсегелді Онбаев, Ақберген Дауменов – атақты жақсы Кенже Дауменовтың ағасы. Жамантайдың екі баласы Саржан мен хорунжий Төлек Тұрсыновтар бар. Сүттібайдың «Құрметті би» деп көрсетілуі оның бұл мәртебеде халық тарапынан мойындалған тұлға екенін көрсетеді. Дала облыстарын билеу туралы уақытша заң



1867-68 жылы қабылданды. Қазақ оны «Низам» заңы дейді. Оған сәйкес, билер әр болысқа төрт жылдан сегіз жылға дейін сайланатын болды. Ел аузында «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген нақыл осыдан соң шыққан. Ал, сол заңға дейінгі билер институты көне заманнан ел әділдігімен шыншылдығын дәлелдеген тұлғаларға жүгініп, дауын шешіп отырған. Ондай адамдар жасына қарамай би атанып, сол дәрежесін қадір тұтқан. Ал, низам заңынан соң парамен, жылпостығымен би қызметіне өтетіндер көп болған. Шоқан Уәлиханов 1864 жылы арнайы ұсыныс жазып, болашақ реформада көшпелі қоғамның билер институтына тиіспеуді өтінген. Сүттібай осы реформаға дейін би болып танылып, Майлықтың сөзұстары болғанын осы деректермен дәлелдейміз.

Сүттекең туралы бізге жеткені – билік шешімі 1880 жылғы Тоқырауын мен Темірші болыстарының арасындағы жер дауына байланысты келісім. Мұрғағатта сақталған даудың тарихына тоқталсақ, ол – Тоқырауын болысы мен Теміршінің шекарасын анықтау құжаты. Екі болыстың алғашқы даулы жерді нақтылау келісімі 1872 жылы басталып, онда Күзембай мен Сүттібай екі болыстықтан куәгерлер тартып, ағайындықпен реттеген құжатты Айдаржан Балтабайұлы мұрағаттан тауып, осы кітапта ғылыми айналысқа кіргізіпті. Дау онымен бітпей, екі болыстықтың арасында жиі қайталана берген соң, қазақта даудың үлкені жер ғой, 1880 жылы екі болыстықтың жерінің ара-жігін ашып, алты би нақтылайды. Олар – Темірші жағынан Сүттібай Қосанов, Кенже Дауменов, Әбіш Кенжемандин, Тоқырауын елінен Баймырза Тіленшин (Тоқсары Жоламан атасынан), Күзенбай Саумалов (Көшкін Орысбай атасынан), Баймамыр Байгөншеков (Шабанбай бидің немересі). Осы шешімді орысшадан қазақшаға аударып, оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

«Мың сегіз жүз сексенінші жылдың 23 қазанында, біз төменгі аты аталған билер Тоқырауыннан Баймырза Тленшин, Күзембай Саумалов, Баймамыр Байгөншеков және теміршілік Сүттібай Қосанов, Кенже Дауменов, Әбіш Кенжемандин, аталған болыстардың шекарасын дұрыс





және дәл анықтау үшін, осы күні өткен жалпы жиынның барлық мәселені талқылауынан кейін мынадай шешімге келдік:

Қаратал алқымынан басталып, әрі қарай Керегетас тауының жотасымен, Керегетастан шекара Шілік алқабына ауысады. Содан Қарашоқы және Сарышоқы биігінен Обаға. Қарашоқы кіші Керегетаспен Теміршіге қалады. Обадан шекара түзу сызықпен батысқа Үлкенәпан құдығына бағытталады. Еспе алқабын Тоқырауын болысына қалдырып, ал Ақтастықұдық Теміршіге қалдырылады. Осы жерден шекара Қызылтөбе арқылы Бесбатырдың моласына жүріп, Қоңырбелтерек және Тастыбелтерек Тоқырауын болысына, ал Тасқора Теміршіге қалдырылады. Осы шекарамен Бесбатырдың моласы Тоқырауынға, ал Жапар тоғалы Теміршіге қалады. Бесбатырдан шекара Сауғар сайымен, (жоғарғы Қараағаш) Үлкен Қызыларайдың жотасына оның шығысын Теміршіге, батысын Тоқырауынға. Әрі шекара Қызыларайдан Ақжал және Шоқпартас тауларының үстіртімен, Сәтімбай Тоғалыны Тоқырауынға қалдырады. Осыдан шекара Тастыырғайлы мен Қоңырырғайлының арасымен өтіп, Қарасудың моласына бағытталады. (Мола сайдың өзегінде). Осы шекарамен Тастыырғайлы Жаманқойтаспен Теміршіге, ал Қоңырырғайлы Тоқырауынға қалады. Қарасудың моласынан шекара Сарыбұйрат төбесінің жанымен жүріп, оны Теміршіге, ал Қараменде өзеніне Былқылдақ өзенінің Найманбай моласының жанында құяр жазығын Тоқырауынға қалдырады». Құжатқа билер қолдарын қойып, мөрлерін басып бекіткен.

Құжаттың астына Қарқаралы оязының үш лауазымды орыс қызметкері қол қойған. Семей облысының әскери вице-губернаторы бекіткен.

Дауға талапкер болған Тоқырауын болысының қазақтары Әбіжан Байторинге, Естек Құдияровқа «копиясы берілді, олар мөрлік алым төледі» деп жазылып, Семипалат облыстық басқарманың мөрі басылған. Бұл аталған адамдар Сарымның Тоқсары атасының Еламан батыр ұрпақтары. Елдің дауын ақылмен шешіп, арасын шиеленістірмей реттеу ақылман билердің тура жолы осылай болған.

Жиыртасыншы ғасырдың басына дейін Сүттібай бидің билік шешімдері қауымның бірлік берекесін сақтауға үлкен рөл атқарды.

Ә.Бөкейханның қатысуымен 1898-99 жылдары Дала облыстарын зерттеу комиссиясының материалдарында Сүттібай бидің орнында баласы Елшібай аталады. Онда қыстауының аты «Шолақағаш-Тонтай» салынғанына отыз жыл болған, Қарқаралыдан тоқсан шақырым» деп көрсетілген. (Ә.Бөкейхан шығармалары, 3-том, 606-бет).

Сүттібай атауы би өмірден өткен соң атала бастаған сияқты. Мен жас кезімде Сүттібай қыстауынан он шақырымдай Тоғызбай егін станында өстім. Сонда туып, онбес жасымда Шылымға көштік. Әкем сол жерде қойма меңгерушісі болды. Ол кезде бесінші сыныптан соң жазда жұмысқа тартады. Қатарластар косилкаға мінді. Мені Азанбай марқұм егін күзетуге жұмысқа шығарды. Ол өлке Майлықтардың жері. Әр сайын, тауы мен тасын әлі жатқа білемін.

Сүттібай, Онбай бейіттері өте салтанатты, күмбезді кесенелер болатын. Әкеме «анау кімнің моласы, мынау кімнің қыстағы?» деген сауалдарды көп қоятын едім. Ол кісі алғыр, сөзшең адам еді, білгенін айтып отыратын. Жаз айларында ат арбамен Қарқаралы жақтан Құран оқуға адамдар келетін. Біздің үйге тоқтаған соң аталарының бейіттерін көрсетуге мені ертіп жіберетін. Сонда көп айтылатын тұлғалар Сүттібай, Көтен, Ыбырай, Онбай, Дүйсегелді, Ысқақ, Байсұлтаннар болатын.

Ол кезгі көп әңгімелердің желісі жадымда жоқ, көп уақыт өтті, жас болдық. Бірақ, сол кісілердің аттары, молалары есімде қалды.

«Сүттібай бидің қыстағы бертінге дейін аман тұрды. Совхоздың қойшылары Жұмабектің Әшірбегі, Омарғалы қожаның Жұмабайы, Бабаштың Ахметі отырды. Ауылымыз көрші болған соң балаларымен ойнап өстік. Сүттібайдың сегіз бөлмелі үйінің еденін бұзып, тақтайын Жіңішкедегі мектепке пайдаландық» деп, қарт ұстаз көкірегі шежіре Қабікей Баймағанбетұлы, Сүтекеннің ұрпағы – мұғалім Амангелді Әзіхановқа елуінші жылдардың соңында бірде

мүгалімдердің тамыз жиынына келгенде айтыпты...

Біздің өлкеде ХХ ғасырдың басына дейін бүгінге жеткен жер атауы тек қазіргі Шабанбай би ауылындағы бұрынғы Кәрібеков Кәменнің үйінің сыртында жұрты жатқан Бұланбай бидің немересі Атамбай, Тоқамбай Дайыровтардың қыстауының аты болатын. (Ә.Бөкейхан шығармалары. Астана. 2016 ж.). Шылымдағы ауылдың бір бөлігі әлі Атамбай аталады.

Тарих сілеміне үңілсек, «Шылым» сөзі де көне түрік дәуірінен келеді. Иректөп аққан суды «шылым», «жылым» деп қолдану бар. Ә.Бөкейхан өзінің зерттеуінде Шылым өзенінің орыстар келмей тұрып, 25 жыл бұрын болғанын жазады.

«Пашня 17-21 х.а. в горах Кзыларай. Вода проведена 25 лет тому назад с реки Шылым». (Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Каркаралинсий уезд. Том 6. Стр 58. Спб. 1905.) Қазір кейбір адамдар «Шылым» орыстардың атауы немесе Қызыларай бүгінгі Қызыларайдың көне аты дегенді айтып жүргенін естиміз. Ондай ұғыммен тарихты бетінен қалқу ұрпақты шатыстырады, өткенді түсінуге зиянын келтіреді.

Шылым атауы да қазіргі Шабанбай би ауылының тарихи аты емес. «Шылым қыстауы» деп қазіргі Шелпек қыстауын атаған. Оны 1896 жылы иелік етіп қыстаушы Темірші болысының қазағы Бек-Арыстан Байгөл, руы – Қырғыз (Тойғамбай, Тілеке, Шот, Тәбәрік қырғыздан) деп жазылыпты. Қызыларай топонимі Мәдениет, Жұмыскер, Қалмақбас колхоздары біріккен 1962 жылы ғана берілді...

Осынау кітап бір әулеттің ғана емес, сол өңірдің тарихының бір парасы десек артық емес. Бабаларымыздың жүрген жолы – бүгінгі ұрпаққа ұлағат.


**Қабылсаят ӘБІШЕВ,**  
Мемлекет-қоғам қайраткері.

---

# ТУЫС-ТАРАТПА ШЕЖІРЕСІ



Жеті атасын білген ер  
Жеті жұртының  
қамын жер...



**БОЛАТҚОЖА (ҚАРАКЕСЕК) БАЛАСЫ  
ТҮЙТЕДЕН МАЙҚЫ, ТАНАС ТАРАЙДЫ.**

Майқыдан – Байтуған, Сарым, Айтуған, Бөлекбай.  
Айтуғаннан – Әлтеке, Сарым, Өтеміс, Тоқсан.  
Танастан – Тымырсқы, Сары, Қара, Шор туады.  
Шордан – Қырғызбай, Нәуетай, Айтқұл, Байсары,  
Шеру, Майлық.

Бұл төртеуінің ішінде Майлық беделді ширақ болса керек. Сол себепте ру басы Майлықтың атымен аталған.

Майлықтан – Арыстанбай, Қораз, Көрпе, Жұрымбай туады.

Қораз үш әйел алған. Бірінші әйелден – Дөрше, екінші әйелден – Түменбай, Түлкібай. Үшінші әйелі Қамқадан – Аққозы, Қарамақау, Күсеп туады.

Аққозыдан – Қосан, Бижан туады.

Бижаннан – Айқынбай, Жарқынбай. Айқынбайдан – Әбенғали, Әбдіғали. Әбенғалидан – Қанат, Мұрат. Қанаттан – Қайрат. Мұраттан – Бауыржан.



Аққозыұлы Қосаннан – Құттыбай, Сүттібай, Байсын.

**ҚОСАНҰЛЫ ҚҰТТЫБАЙ**дан – Бөгенбай, Тоғанбай.

**Бөгенбайдан** – Рақыш, Әмірбек.

Рақыштан – Әмірхан, Омархан.

Әмірханнан – Қажар, Мейраш, Рымкеш, Кәрігүл, Рымқұл, Қармыс, Қайрат, Қанағат, Саламат.

Кәрігүлдан – Әсет, Талғат. Талғаттан – Әзімжан, Торғын. Рымқұлдан – Бекзат, Жұлдызай. Қармыстан – Арман. Саламаттан – Айзат, Алмас, Салауат. Қайраттан – Толғанай. Қанағаттан – Гүлнафис, Жайна, Гүлнар, Жанар, Анар.

Омарханнан – Қысан. Қысаннан – Кәрім, Ғалым, Мінәр.

Әмірбектен – Қайыр, Ғани, Пәну, Әнел, Мәнурә. Қайырдан – Елемес, Балтабай.

**Тоғанбайдан** – Бәкір, Шәкір, Қасен, Әбдірай, Тапай, Аскен.

Бәкірден – Мәкен, Мәрзия, Мұрат, Рузия, Күлзия, Санат.

Мұраттан – Сандуғаш, Саят, Сауле, Қарлығаш, Саян, Әсел, Әсет, Әділ. Саяттан – Қайрат, Олжас. Олжастан – Гүлім. Саяннан – Жамила, Нұргүл, Сағи. Әсеттен – Елжас, Айсауле, Нұртуған.

Санаттан – Қанат, Лаура, Ботакөз, Еділ. Қанаттан – Інжу, Аягөз.

Тапайдан – Асылхан.

Асылханнан – Қасымхан, Дәкен, Ғалымхан, Дәнер, Бақытхан, Шайзагүл, Болатхан, Әсемгүл, Зейінхан. Қасымханнан – Қанат. Қанаттан – Әмірхан. Ғалымханнан – Мейіргүл, Данагүл, Тоғжан, Аружан, Шахан. Бақытханнан – Мәдина. Болатханнан – Дархан, Шерхан, Айжан. Зейінханнан – Нұрхан, Нұрай, Аяжан.

Аскеннен – Кәкен одан Бейбітхан одан Бауыржан, Мейіржан.



**ҚОСАНҰЛЫ СҮТТІБАЙ**дан – Беркінбай, Мершінбай, Дүйсенбай, Елшібай, Сыздық, Құсайын.

**Сүттібайұлы Беркінбайдан** ұрпақ жоқ.

**Сүттібайұлы Мершінбайдан** – Ақай.

Ақайдан – Әліхан, Әдіхан, Сәкен.

Әліханнан ұрпақ жоқ.

Әдіханнан – Ермек, Сәулехан, Жұмахан, Төлеухан, Бақыт, Береке, Каукерия, Гүлсім, Кенжегүл, Жазира – Әділ – Тоқсан.

Ермектен – Абзал, Перизат, Гүлнафис, Гүлнұр, Гүлназ.

Сәулеханнан – Шыңғыс, Ажар.

Жұмаханнан ұрпақ жоқ.

Төлеуханнан – Мәншүк, Ақжол, Әли.

**Сүттібайұлы Дүйсенбайдан** – Әбеу.

Әбеуден – Нығметжан, Молдахан, Өнерхан, Сәдуақас, Әбен.

Нығметжаннан ұрпақ жоқ.

Молдаханнан – Ыдырыс.

Ыдырыстан – Серік, Сатыбалды, Айнаш, Мағауия, Айжан, Айман, Оралхан, Бауыржан, Кенжегүл.

Серіктен – Өнімгүл, Қуаныш, Медеу, Дархан, Мамыржан.



*Медеуген* – Алуа, Алима.

*Дарханнан* – Санжар.

*Сатыбалдыдан* – Еркебұлан, Аяулы, Арайлы, Ескендір.

*Мағауиядан* – Айбол, Гүлдария, Аружан, Ажар.

*Оралханнан* – Ұлан, Жансая, Раяна.

*Бауыржаннан* – Жұлдыз, Бекжан.

*Өнерханнан* – Тілеубек. Тілеубек жастайынан нағашысының қолында тәрбиеленіп, тегі (фамилия) Жахан нағашысының атына жазылып кеткен. Өзінің негізгі ата-тегі – Сүттібай шөбересі Өнерханұлы. Қазір Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Прогресс (Томар) ауылында тұрып жатыр.

Тілеубектен – Бақытгүл, Айдар, Шолпан, Асхат, Гүлсім, Медет, Мерей, Мадияр, Гүлімжан, Айымжан.

Айдардан – Ақбота, Данияр, Алдияр, Спандияр. Асхаттан – Жандос, Ақтоты, Төлеухан, Нұрәли. Медеттен – Мырзахан, Өнерхан, Мерей, Дәния. Мерейден – Көркем. Мадиярдан – Мейрамбек, Мадина, Адина.

*Сәдуақастан* ұрпақ жоқ.

**Сүттібайұлы Елшібайдан – Тілеухан.**

*Тілеуханнан* – Серікхан, Қалқаман, Несіпжан, Несібелді, Рысты.

*Серікханнан* – Сәулехан, Абзалхан, Дәулетхан, Сабырхан, Дархан, Татьяна, Светлана, Гүлназ, Гүлзия, Гүлдана.

*Сәулеханнан* – Азамат, Аймира. Азаматтан – Азат, Алишер, Амир.

*Абзалханнан* – Айымхан, Гульмира, Айда, Көбен, Нұрмұхан, Абылайхан. Айымханнан – Нұрлыбек, Мадина. Көбеннен – Исламбек, Аружан, Бекасыл. Нұрмұханнан – Айлин. Абылайханнан – Амир, Алина.

*Даулетханнан* – Мейірхан, Эльмира, Жанар, Уалихан, Асем. Мейірханнан – Еңілік, Али. Уәлиханнан – Мөлдір, Мәди, Азат.

*Сабырханнан* – Асылхан, Нұрсұлтан, Алихан, Аружан. Асылханнан – Айсұлтан.

*Дарханнан* – Әнел, Әсел.

*Қалқаманнан* – Айбек, Айман.

**Сүттібайұлы Сыздықтан** – Есімхан, Әзіхан, Қабықан.

Есімханнан – Адамбек, Рәзия. Адамбек 1922 жылы туған, соғыстан оралмаған.

Әзіханнан – Қазанқап, Амангелді, Амантай, Рымтай.

Амангелдіген – Алтынай, Зоя, Мейрам, Мейірман, Бақыт, Дәулет, Лена, Алма, Баян, Индира.

Мейрамнан – Нұрсұлтан, Әмира, Әлия.

Мейірманнан – Нұрбол, Айбол.

Дәулеттен – Рәбина.

Амантайдан – Ораз, Бейбіт, Алмагүл, Айнұр, Ажар, Гүлмира, Арнұр.

Ораздан – Эльнара.

Бейбіттен – Елдар, Шерхан.

Арнұрдан – Елжан, Албина.

Қабықаннан – Зәрухан, Асылхан (Базархан), Жадыра, Мажыра, Жұматай, Сәуле.

Зәруханнан – Дидар, Данияр, Гүлдәурен, Асем, Динара, Альмира, Гүлдария.

Дидардан – Ақнұр.

Даниярдан – Гүлбибі, Мадияр, Алдияр.

Асылханнан (Базарханнан) – Гүлден, Ардақ, Гүлсая, Салтанат.

Ардақтан – Асылбек, Айгерім, Бекарыс.

Жұматайдан – Жанар, Дәурен, Жәнерке, Назерке, Думан, Тыныштық.

Дәуреннен – Адамбек, Ернұр, Раяна, Сара, Ажар.

Думаннан – Асылым.

**Сүттібайұлы Құсайыннан** – Досымхан, Күлқайыр, Манат, Жанат.

Досымханнан – Рая, Рымкүл, Кәдірхан.

Кәдірханнан – Айдын, Ләззат, Меруерт.

Айдыннан – Шыңғыс, Олжас, Аяулым, Ақниет, Айзере.

Манаттан ұрпақ жоқ.

Жанат соғыстан қайтпаған.



Аққозыұлы Бижаннан – Жарқынбай, Жұмабай, Ниқанбай, Айқынбай.

Жарқынбайдан ұрпақ жоқ.  
Жұмабайдан ұрпақ жоқ.

**БИЖАНҰЛЫ АЙҚЫНБАЙ**дан – Әбдіғали, Әбенғали.

Әбдіғалидан – Қанат, Мұрат.

Қанаттан – Марат, Қайыржан, Қайрат, Жасұлан,  
Жайран.

Қайыржаннан – Марғұлан.

Қайраттан – Думан, Дәурен.

Жасұланнан – Темір.

Мұраттан – Бауыржан, Руслан.

Әбенғалидан – Рахмет, Қайырбек, Мәрзия.

Қайырбектен – Арман.

**БИЖАНҰЛЫ НИҚАНБАЙ**дан – Қадиша, Жаныл,  
Мейірхан.

Мейірханнан – Жұмахан, Дәния.

Жұмаханнан – Жұмажан.

Жұмажаннан – Мейірхан.

**Қоразұлы Қарамақаудан – Бейсен, Төлеген, Байтұрған.**

Қарамақауұлы Төлегеннен – Қуантай, Сыздық, Кернебай.

**ТӨЛЕГЕНҰЛЫ СЫЗДЫҚ**тан – Дүйсекен.

**ТӨЛЕГЕНҰЛЫ КЕРНЕБАЙ**дан – Қасымхан.

Қарамақауұлы Байтұрғаннан – Бектұрған, Мүфти.

**БАЙТҰРҒАНҰЛЫ БЕКТҰРҒАН**нан – Өмірзақ, Қабан.

Өмірзақтан – Абылайхан, Елеусіз.

Абылайханнан – Таласхан, Жұмақан, Алтынхан, Аян.

Таласханнан – Дидар. Дидардан – Әлия, Айару.

Елеусізден – Зағира, Мағира, Үміткер, Ескелді, Метай,  
Әсемтай, Бикеш, Әкітай.



*Ескелдiген* – Сайлау, Айгүл, Амантай, Шәрбагүл, Мейрамгүл, Бақытгүл, Еркінгүл.

Сайлаудан – Ержан, Ерлан, Ләззат. Ержаннан – Ғибрат, Күлзат. Ерланнан – Нүргелдi, Гүлзар.

Амантайдан – Ерсiн, Күлсана.

*Метайдан* – Нүртай, Гүлнар, Жанар, Панар. Нүртайдан – Алпыс, Ақеркем, Жанеркем, Мейiрiм, Нүртөре, Жансая.

*Әсемтайдан* – Еркiн, Айзат. Еркiннен – Данияр, Мансүр.

**БАЙТҮРҒАНҰЛЫ МҮФТИден** – Серiк, Жұман, Ырысты, Нестай, Нәсiп, Бейбiт, Мұқан.

**Серiктен** – Рақымжан, Бауыржан, Мәншүк, Меруерт.

Рақымжаннан – Айбол, Анар, Жанар.

Жұманнан – Қанат, Жанат, Бақытгүл.

*Қанаттан* – Әсет, Айгерiм.

*Жанаттан* – Әдiл, Арайлым.

**Қоразұлы Күсептен** – Әлiмбай, Ғазымбет, Тырмыш.

**Күсепұлы Әлiмбайдан** – Бораш, Жалпақ, Сатай.

**ӘЛiМБАЙҰЛЫ БОРАШтан** – Баубөрiк.

Баубөрiктен – Демеубай, Медеубай, Дүйсенбай, Оралбай.

*Демеубайдан* – Мұқатай, Мұхаммеджан.

Мұқатайдан – Майдан. Майданнан – Серiк, Берiк, Айтөлеу, Тайтөлеу, Ерлан.

*Оралбайдан* – Тiлеген.

*Медеубайдан* – Сәдуақас, Әсетолла, Рахметолла, Әлмағамбет.

Әсетолладан – Әмiржан, Омарбай (Әмiр), Аманбек. Омарбайдан (Әмiрден) – Мейрам. Мейрамнан – Әдiлет, Даулет. Аманбектен – Дархан.

Рахметолладан – Мирас, Жәшiм, Қабылқайыр (Қапытай). Мирастан – Жанат. Жанаттан – Адия, Ислам. Қабылқайырдан (Қапытайдан) – Дiнмұхамед, Ерлан, Нүрмұхамед.

Әлмағамбеттен – Абдолла, Нүрмұхаммед (Нүкен), Ермұхаммед (Еркiн). Абдолладан – Қуаныш.



Нұрмұхаммедтен – Мейрам. Ермұхаммедтен – Абзал, Ерганат, Изат.

*Дүйсенбайдан* – Шәкен, Изатолла.

Шәкеннен – Сағынтай, Сәкен, Сүндет, Аманбай. Сағынтайдан – Рашид, Секен, Кәкен. Рашидтен – Абай. Сүндеттен – Сайран. Аманбайдан – Қуаныш. Сәкеннен – Қуаныш, Қаныш.

Изатолладан – Әскербек, Матай. Әскербектен – Оралхан, Бауыржан, Әнғанжан, Әлібек, Асхат, Роллан, Жәнібек. Бауыржаннан – Асқар, Ерлан.

**ӘЛІМБАЙҰЛЫ САТАЙДАН** – Бақ, Бәкізе.

*Бақтан* – Алданазар.

*Алданазардан* – Ерғали.

*Бәкізеден* – Көпбай.

*Көпбайдан* – Смаил. Смаилдан – Болат.

**ӘЛІМБАЙҰЛЫ ЖАПАҚТАН** ұрпақ жоқ.

**Күсепұлы Тырмыштан** – ұрпақ жоқ.

**Күсепұлы Ғазымбеттен – Мышан, Жақсылық.**

**ҒАЗЫМБЕТҰЛЫ МЫШАННАН** – Сексенбай.

*Сексенбайдан* – Әшім.

**ҒАЗЫМБЕТҰЛЫ ЖАҚСЫЛАҚТАН** – Мансұрбай.

*Мансұрбайдан* – Ыбырай.

*Ыбырайдан* – Сүнғат, Тұрсын, Амангелді, Ғинаят.

*Амангелдіден* – Ерлан.

*Ғинаяттан* – Саят.



### ҚОСАНҰЛЫ БАЙСЫН

Байсыннан – Смағұл, одан Аққан. Аққаннан – Совет, Орал, Құрмет.

Советтен – Әділет, Айгүл, Айтолқын, Ғалымбет, Әнімет.

Ғалымбеттен – Әлихан. Әніметтен – Нұрдәулет.

Әділеттен – Аяулым, Нұрланат.

Құрметтен – Қабілет, Балмет, Жанмет, Ақжарқын, Гүлім.

Қабілеттен – Келбет, Ақниет, Гүлмарал.

Балметтен – Елниет, Балниет, Ақерке.

Жанметтен – Бекет.

Шежіреге көз салар болсақ, Қосанұлы Байсын – Сүттекеңнен кіші бауыры. Осы Байсын атадан Смағұл, Смағұлдан Аққан туады. Аққан әкеміз дарынды, ел арасындағы белгілі ақын болған адам. Колхоздың, жалпы көпшіліктің жоғын жоқтап, сыни өлең шығармаларын жазған. Жолтай тәтемізбен дастарқандас болғанда, «Атам өлеңді лезде шығарушы еді. Араб әріптерімен жазылған өлеңдері үй ішінде әр жерде шашылып жататын. Себебі ол кісіге шабыт қай жерде келеді, сол жерде бір жапырақ қағаз бен бірнеше шумақ өлең қалушы еді. Заманымыз солай болды ма, сол уақыт кесірін тигізді ме – көп өлеңдерін жинақтай алмай қалдық. Ал, жолдасым Советтің өлеңдері

жинақ кітап болып шығып, көпшіліктің жылы ықыласын алды. Әнімет жастайынан өлең жазады, бірақ жарыққа шығарып үлгерген жоқ».

Қосанның баласы Байсын – Сүттекеңнің бауыры. Қоныстары бөлінбеген, қатар жүрген тел қозыдай бірге өскен ағайындар. Сондықтан да, кейінгі әулеттері де дастарқанда бірге болып, бірге жүретін туғандар. Үш ата әулеті, яғни, Құттыбай, Сүттібай, Байсын – бір ағаштың үш бұтағы, діңі мықты ажырамас бөлігі.



### ҚАРАМАҚАУ

Қораздан – Қарамақау, Аққозы, Күсеп туады.

Қарамақау ұрпағы Сүттібайдың шаруашылығына басшылық жасап, мал-жанға ие болған екен деседі. Қарамақау ұрпақтары Төлеген, Өмірзақ жауырыны жерге тимеген балуан адамдар болған.

Сүттібайдың мыңнан аса жылқысы болған. Төлеген, Өмірзақтар жылқыда жүрсе, бірде-бір барымташы маңына баспайды екен. Сондай батыр адамдар болған. Сүттекең бір жылдары ас бергенде жан-жақтан ел жиналып, бәйге шапқызып, палуан күрестірген деседі. Сол келгендердің ішінде Семей губерниясынан атақты палуан болған екен. Кешкілік киізүйде ас ішіп, ертеңгі асқа дайындалып, аяқ киімін шешіп жатса, Қарамақаудың баласы Төлеген етікті ұстап көріп:

- Мына етікті кім тіккен, тақсыр? Жақсы тігілген екен, - деп айналдыра көріп, етігінің өкшесін сығып қалса, үгіп жіберген екен. Төлегенің күштілігінен сескеніп қалған Семей палуаны ертеңгі астың болатын күресінен бас тартса керек...

Қарамақаудан – Бейсен, Төлеген, Байтұрған тарайды. Төлегеннен – Қуантай, Сыздық, Кернебай туады. Сыздықтан – Дүйсекен. Кернебайдан – Қасымхан. Байтұрғаннан – Бектұрған, одан Өмірзақ, Қабан. Өмірзақтан



– Абылай, Елеусіз. Байтұрғаннан – Мүптей, одан – Серік, Жұман, Ырысты, Нестай, Нәсіп, Бейбіт. Серіктен – Рақымжан, Бауыржан, Мәншүк, Меруерт. Рақымжаннан – Айбол, Анар, Жанар. Жұманнан – Қанат, Жанат, Бақытгүл. Қанаттан – Әсет, Әйгерім. Жанаттан – Әділ, Арайлым. Елеусізден – Зағира, Мағира, Үміткер, Ескелді, Метай, Әсемтай, Бейкеш, Әктай. Ескелдіден – Сайлау, Айгүл, Амантай, Шәрбагүл, Мейрамгүл, Бақытгүл. Сайлаудан – Ержан, Ерлан. Ержаннан – Ғибрат, Гүлзат. Ерланнан – Нұргелді, Гүлзар. Амантайдан – Ерсін, Гүлсана. Метайдан – Нұртай, Гүлнар, Жанар, Панар. Нұртайдан – Алпыс,

Әсемтайдан – Еркін, Айзат. Еркіннен – Данияр, Мансұр. Абылайханнан – Таласқан, Жұмақан, Алтынхан, Аян. Таласқаннан – Дидар, одан – Әлия, Айару.


Деректер арқылы жинақталып, алынды.

---

# ЕСТЕЛІКТЕР, МАҚАЛАЛАР

---





## САРА ЖОЛДЫ ДАРА БИ

«Бидің жолы – ақ, судың жолы – сара». Дала даналығы бойына дарыған, от ауызды, орақ тілді би-шешендер қашаннан қазақ қоғамындағы алауыздықты жойып, әділдіктің салтанат құруы үшін бағусыз кеткен басбұзарларды тыйып, тентегін тезге салып отырған. Би-шешендік өнері сонау ХІІ ғасырда ғұмыр кешкен Майқы мен Аяз биден бастау алып, ХХ ғасырдың орта шеніне дейін сыпатына сызат түспей керуен тартып келді. Ел ішіндегі «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген нақыл сөз содан қалса керек. Кейіннен билердің орынын соттар алмастырды. Тумысынан тұла бойына кие дарып, сөз ұстаған, тұма дарын иелері табан астында тығырықтан шығатын жол тауып, ұтымды сәтте ұтқыр жауап бере білген. Сол бір озық ойы себепті де есімдері мұқым елге мәшһүр болып, көптің құрмет-қошеметіне бөленген.

Бірде бір жігіт Мөңке биді бір көруге құмар болып, іздеп келеді деседі. Есіктен кірген жігітке Мөңке:

- Түлкім, жоғары шық, - дейді.

Артынша жігіт төрге озған соң, шай келеді. Бір аяқ шай ішіліп болған сәтте Мөңке:

- Сыншым, сөйле, - дейді.

Жігіт түкке түсінбей отыра береді. Арада уақыт



өтіп, жігіт қайтуға бет алғанда:

- Жыршым, енді рұқсат, үй-ішіңе аман-есен жет, ел-жұртыңа сәлем айт! - дейді.

Сонда бағаналы бері астарлап айтылған сөздің төркінін түсінбеген жігіт:

- Сіз маған үш түрлі теңеу айттыңыз. Осы тұспалдарыңыздың мәнін ұғына алмадым. Нені меңзегеніңізді айтып берсеңіз, - десе, Мөңке былай деп жауап қайырыпты:

- Әуелгіде түлкі құсап, құбылып келдің. Әр мейман кірер кезде сен сияқты толқып келетіндіктен, соны айттым. Қонақ біраз отырған соң үй ішіне көз жүгіртіп, жағалай сынай бастайды. «Сыншым» дегенім, соны білдіреді. Ал, қонақ үйден қырық қадам ұзаған соң көрген-білгенін тегіс ел-жұртқа жыр қылып айта барады. «Жыршым» дегенім де сондықтан еді, - деген екен.

Қарапайым әңгіме болғанымен, зер салсаңыз үлкен астар жатыр. Шешендік өнерінің ерекше тұсы да сол – кез-келген мәселенің мәнісін тұспалдап жеткізу еді.

Қазақ халқы үшін би-шешендер билік құрған дәуірлер – кемеңгерлік пен бейбіт өмірдің символы іспеттес. Ол кездері жазу-сызу қарқын алып, дамымағанымен арада қанша уақыт өтсе де би-шешендердің қалдырған мұрасымен біздер әлі де сусындаудамыз. Бұл – тарих елеулі адамдарды шеткері қалдырмайтындығының тағы бір дәлелі.

Міне, сол даналарымыз салған даңғыл жолды жаңғыртып, топты ортада көсіле сөйлеп, тоқсан ауыз сөздің тоқетерін айтып, түйіткілдің түйінін тарқатып отырған әр өңірдің, әр рулы елдің билік айтар, дуалы ауыз даналары болған. Би – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық билік иесі. Зерттеуші ғалымдардың, әсіресе, В.В.Бартольдтың пікірінше «би» сөзі шамамен XIV-XV ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі «бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Ал, қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада:

1. Ел билеушісі, иелік етуші;
2. Сот, төреші;



3. Батагөй, шешен;

4. Бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылған.

Бидің қоғамдағы атқаратын миссиясын жан-жақты түсіну үшін қазақ халқының тарихи-әлеуметтік даму кезеңдерінің ерекшелігін жете ескеру шарт. Сонымен қатар, би ру-тайпаның басшысы ретінде әкімшілік жұмыстарға да қатысып отырған.

Біз тілге тиек еткелі отырған би Сүттібай Қосанұлы қазақтың қарастырған би туралы сипатының төрт мағынасына да сай тұлға болып қалыптасқан бірегей тұлға. Әкесі Қосан да ел аузына іліккен би. Сол әкеден туған, тәрбие алған, халқы үшін жанын шүберекке түйіп қызмет жасаған атақты, парасатты жан болған Семей губерниясына қарасты Қарқаралы дуанының өте беделді, қайраткер биі, Темірші болысына басшылық жасаған Сүттібай Қосанұлы.

Жалпы, Сүттібай Қосанұлы жайлы саралау тыңнан түрен салғалы тұрған тосын тақырып емес. Би атамыз хақында бұған дейін де бірнеше мәрте Ақтоғай аудандық басылымы беттерінде әртүрлі мақалалар жарық көрген. Аты аңызға айналған есім. Ауызекі әңгімелерде естіп-біліп қана жүрген Сүттібай Қосанұлы тұлғасы енді міне бірнеше жүз жылдарды артқа тастап, жарыққа шыққалы отыр. Бұл дегеніңіз ұрпақтарының мойнындағы аманат еді. Осы аманатты жолға қойып, ұрпақтардың басын біріктіріп, ұйымдастырушы Сүттібай бидің шөбересі, Сыздық немересі Қабыханұлы Зарухан ағамыз. Осы ағамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Осы жерде айтып кететін бір мәселе, қолымызға тиген Сүтекеңнің қадымша жазылған, билікке араласқан құжаттарын тәржімалап, көзіқарақты оқырман қауымға таныстыра кетсек дейміз. Өйткені, бабаларымыздың билігі ауызекі әңгімеде қалғанымен де хатқа түспеген еді. Біраз ізденудің арқасында Сүтекеңнің билікке араласқан, қызмет жасаған ортасында қағазға түскен құжат арқылы тауып отырмыз. Бұл деректердің өзі – Сүтекеңінің билік басында болғандығының нақты дәлелі. Осылайша тарихи деректерді толықтырып, баба алдындағы перзенттік парызымызды



өтемекпіз.

Сүттібай Қосанов жайында бір кісідей зерттеп, зерделеген ҚР Еңбек сіңірген мұғалімі, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы А.Сейдахметовтың аудандық «Ақтоғай ажары» (бұрынғы «Тоқырауын тынысы», одан әрідегі «Арқа еңбеккері») газетінде жариялаған мақалаларының бірінде би атамыз жайында:

«Қазақ шежіресі бойынша Арғын – Қотан – Дайырқожа – Қарақожа – Мейрам (Мейрамсопы деп те атаған) – Қаракесек (Болатқожа) – Түйте – Танас – Тымырсқа – Қырғызбай – Нәуетей – Майлық – Арыстанбай – Қораз – Аққозы – Қосан – Сүттібай болып тарайды. Сүтекеңнің атақонысы – қазіргі Шабанбай би селолық округінің аумағында. Қызыларай тауының шығысында. Қаршығалы өзенімен аралықта Сүттібай қыстағы деп аталатын жер бар. Би атаның сегіз бөлмелі, тақтай еденді үйі кейіннен бастауыш мектеп болған. Сүттібайдың бейіті қыстағынан шығысқа қарай он шақырым жерде орналасқан.

XIX ғасырдың 40-жылдары Қарқаралы округінде алпыс мыңға жуық көшпелі шаруалар болды. XX ғасырдың басында округте жиырма болыс болған. Оны 1905 жылдың жазында өткен Қоянды жәрмеңкесі кезінде біздің даңқты жерлестеріміз Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтардың тікелей басшылығы, қатысуымен орыс патшасының атына жазылған «Қарқаралы округі қазақтарының хатынан (петиция) көреміз. Хатқа әр болыстан екі адамнан қол қойған. Ол болыстарды атап көрсету қажет қой деп есептедім. Өйткені, біздің ауданның территориясында қандай болыстар болғанын әркім әртүрлі айтады. Күдікті сейілту үшін біз нақты деректі ұсынайық.

Ол болыстар: Ақсары, Кент, Қу, Едірей, Темірші, Берікқара, Нұра, Ақбота, Дегелең, Балқаш, Сарыбұлақ, Сарытау, Қотанбұлақ, Қызылтау, Мойынты, Ақшатау, Бөрілі, Тоқырауын, Абыралы.

Темірші болысы ол кезде қазіргі Қарқаралы, Ақтоғай аудандарының бірсыпыра селолық округтерінің жерін қамтыған. Жобалап айтсақ, Қарқаралы ауданының Томар, Еңбек, Қасым Аманжолов селолық округтері, Ақтоғай



ауданының, Қызыларай, Шабанбай би округінің жерлері, Темірші деген жер Қусақ селолық округінің Бесшоқы тауына таяу маңда, Қаршығалы өзенінің шығысында орналасқан, бұрын темір кенін өндірген жер» - деген екен. («Тоқырауын тынысы», 16 қаңтар, 2003 жыл).

Негізінен, «Сүттібай би 1862 жылдан бастап ел ісіне етене араласып, билікке келді» деген ақпар бар. Ал, белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының мүшесі, ғалым Қабылсаят Әбішев Әзімбайұлы Мемлекеттік мұрағаттан Сүттібай Қосановтың мөрі бейнеленген құжат тапқан. Құжат ксерокс арқылы көшіріліп алынған. Онда «Қарқаралы дуанының өте беделді қайраткер биі, Темірші елінің басшысы Сүттібай Қосановтың мөрі, 1864 жыл» деп көрсетілген. Мөр бетінде араб қаріпімен «Би Сүттібай бин Қосан» деп, оның астында кирилица әріптерімен «Сүттібай Қосанов» деп жазылған. Міне, осы бір дәйек Сүттібай бидің 1864 жылы билікке араласқанының нақты дәлелі.

Ал, 2007 жылғы 19 мамырда жарық көрген «Қарқаралы» газетінде жарияланған «Туған өлке тарихы. Темірші болысының басшылары мен билері: 1871-1919 жылдар» атты мақалада:

«Темірші болысының басқарушысы болып 1871 жылдың 3 желтоқсанынан бастап Сабыр Алданазаров, орынбасары болып Ермек Жиенбаев болады. Ауылдардағы соттары (билер): Бұлжосай Жүндібаев, Сауырық Ұлықбаев, Ақберген Дәукенов, Иман Бекбергенов, Дүйселді Онбаев, Қадырбай Атабаев, Сүттібай Қосанов, Кенжемолла Сарықасқин болған. Болыстың молласы Тұрғола (мүмкін Тұрағыл шығар) Өтегенов болған.

Болыстың құрамындағы ауылдардың саны 1878 жылдың 3 сәуіріне 12-ге жеткен. Болыс Иман Бекбергенов, орынбасары Сәтпай Чургуков (Шортықов болуы да мүмкін) болған. Ауылдағы халық соттары (билер): Өскенбай Белгібаев, Байтақ, Жиенбаев, Исабай Өтегенов, Әбіш Қожамуллин, Байқадам Сатпақов, Сүттібай Қосанов, Қадырбай Атабаев, Саптуған Мырзабаев, Жапар (Жанар болуы да мүмкін) Жұбанов, Едіге Қуанбаев, Тане-

ке Жақаев, Базылбек Қожабеков болған» деп, Биекеңнің қызмет атқарған жылдарын нақты көрсеткен.

Сонымен қатар, аталмыш мақала ішінде Сүтекеңнің ұлдары – Елшібай және Сыздықтың да есімдері кездеседі. Нақты келтіретін болсақ: «Болысты 1887 жылдың 26 мамырынан бастап Қанғожа Бабишев (Бабашев болуы да мүмкін) басқарып, орынбасары Әбеу Ермеков болған. Ауылдардағы халық соттары (билер): №1 – Алшымбек Тоқтаров, №2 – Исабай Өтегенов, №3 – Елшібай Сүттібаев, №4 – Еркебай Зерденов...» деген дерек келтірілсе, мақаланың соңына таман «Болысты 1923 жылдың 12 желтоқсанынан бастап екінші мерзімге Нұқыш Ұрыңқаев басқарады, орынбасары Бәкеш Өтебалин болып тағайындалады. Ауылдардағы халық соттары (билер) мен орынбасарлары: №1 – Алшымбек Тоқтаров, №2 – Исабай Өтегенов, Қашқын Оразалин, №3 – Елшібай мен Сыздық Сүттібаевтар...» - деп, Сүттекең балаларының есімі аталады.

Сүттібай би жайындағы және оның балалары жайындағы осы сынды дерек-дәйектің шеті шыққан соң толыққанды мағлұмат іздеп, еліміздің мәдени астанасы – Алматы шәріне жол тарттық. Алматы қалалық орталықтандырылған Мемлекеттік мұрағатында қатарынан бірнеше күн болып, кешегі күннен көш тартқан, тарихи деректерді құшағына құндақтап жатқан құнды құжаттарды парақтай отырып, қадымша және орыс тілінде жазылған Сүттібай бидің жолдаған хаттарын кезіктірдік. Көз жүгіртіп, қазақ тіліне тәржімалап көріп едік – көп-көрім мәнді де мазмұнды мәлімет болып шықты. Айтқандайын, бұл құжаттарды орталықтандырылған мемлекеттік мұрағатының «Ф-15», «опись-1» бөлімінен таптық. Аударма барысында аңғарғанымыз, Сүттібай Қосанұлы іргелес жатқан, қоңсы елдердің би-болыстарымен тығыз қарым-қатынас құра отырып, қоғамдағы қозданған мың түрлі мәселелерді шешуге айтулы түрде атсалысып отырған. 1872 жылғы 7-қыркүйек айында жазылған құжатта Әлтеке-Сарым елімен жер дауына байланысты шекараны бөлікке бөлу жайында былай делінген:

«1872-інші жылы 7-інші сентябрде сайланған би-



лер Әлтеке-Сарым елінен Күзембай Саумалұғлы, Темірші елінің биі Сүттібай Қосанұғлы бірлесе тексере отырып, Темірші елінің қазақтары Мауқымбай Отауұғлы, Жамантай Ерәліұғлы, Күләнбай Тұяқұғлының, сонымен бірге, Әлтеке-Сарым елінің қазақтары Балқыбек Бірдәйқожаұғлы, Жаман Жамантайұғлының қоныс орындарын бөлік жасадық. Қосатын жерлерді қостық. Сонымен бірге, Ханым (Ханымке деп те аталады, бұлай аталу себебін біле алмадық. авт.) Сайын, Сары Доңғал, Шұбарөзек, Қараағаш, Текетірек адырларымен Ерәлі ұлдарына һәм Тұяқұлына қалдырылсын деп, шешім қабылдадық. Біз қарастырған жерлердің күнбатыс жағы Әлтеке-Сарым елінің пайдасына қалдырылсын. Қарастырған жерлер куәландырылды және араларында алауыздық болмас үшін ұшбу билер мен екі ел қазақтары өз мойынымызға аламыз.

Куәгер болушы Тоқырауын елінің қазақтары: Бірдәй қожа ұғлы, Жамантайұғлы,

Темірші елінің қазақтары: Отауұғлы, Ерәліұғлы, Тұяқұғлы,

Билікке араласып, билік айтқан Темірші елінің биі: Сүттібай Қосанұғлы,

Әлтеке-Сарым елінің биі: Күзембай Саумалұғлы,  
Куә болып жоғарыға ұсынушы: Ермек Жиынбайұғлы.

Осы құжатқа қол қойып, өздерінің келісімдерін беріп, екі ел арасындағы ауызбіршілікті сақтап отырған, Әлтеке-Сарым елінің беделді биі Күзембай Саумалұлы руы Көшкін оның ішінде Орысбай атадан тарайды. Ел басқарушысы болған, Темірші елінің билігіне араласып, әділ кесімді, қара қылды қақ жарып төрелігін айтатын Қара руынан суырылып шыққан Әлімханның атасы Ермек қажы Жиынбаев. Қарап отырсақ, осы тізімдегі жер дауына қатысты билік еткен жандардың ешқайсы осал емес екен. Ал, әр тұлғаның жеке өмірбаянын таратып жазу, ұрпақтарының үлесіндегі шаруа екені анық...

Айдаржан БАЛТАБАЙҰЛЫ,  
өлкетанушы.



## СУ ТӨГІЛМЕС СҮТТІБАЙ БИ

Атам қазақ «тегін білмеген – тексіз» деген сөзді бекерден-бекер айтпаған. Тегін білу деген ұғымның өзі, арғы-бергі зәузатыңды білу, сонымен қатар, атыңа затың сай болып, қарашаның қамын, елдің ертеңін ойлайтын Едігедей ер болу дегенді аңғартса керек-ті. Болмаса, қара бастың қамынан әріге ой-өресі, жетпейтін тоғышар күйкі тірліктің құлынан айырмаң шамалы. Демек, өтпелі өмірде көшпелі ғұмыр кешкен көкірегі ояу, санасының саңылауы бар кез-келген кемел жан елінің ертеңін болжап, бүгіні мен өткенін түгендеп, барын бағамдап, жоғын жүйелеп отырса тегін адам болмағаны. Міне, сондай туған жердің тағылымды тарихы мен өскелең елінің ұлағатты шежіресін кеніш көкірегінде алтын көмбедей сақтап, зерттеп, зерделеп, тынымсыз ізденіспен ертеңгі ұрпаққа аманат етіп тапсыруды өзінің басты парызы, басты қағидасына айналдырған жанның бірі жерлесіміз, «Ауданның Құрметті азаматы», қарт ұстаз, еңбек ардагері Асқар Сейдахмет ағамыз. Бүгін біз Асекеңнің осы өңірден шыққан өз заманының алғыр ойлы, қатарынан асып туған, дана тұлғасы, дара тұлғасы, елдің батагөй биі болған Сүттібай Қосанұлы жайлы әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған дәйекті деректерді инемен құдық қазғандай тер төгіп, мұрағатында сақтаған еңбегін оқырман назарына ұсынып ортырмыз.

Қолда бар деректерге тіл бітірсек, Қарқаралы дуанына қарасты Темірші болысында нелер текті тұлғалар болғанын жазбай байқаймыз. Солардың арасында Сүттібай Қосанұлы мен оның балалары Елшібай мен Сыздықтар бар. Сүтекең сол уақыттың ұшқыр ойылы, ұтқыр тілді, елге билік, төрелік айтқан белді, беделді қайраткері болған. Бізге бұл мәліметтер негізінен Ю.Попов арқылы жетіп отыр (Попов ертеректе мына Қарқаралыда тұрған. Қарағанды облыстық мұрағатты басқарған азамат). Поповтың дерегі Ресейдің патшалық басқару жүйесінде атқа мініп, ел ісіне араласқан Қарқаралы дуанына қарасты Темірші болысынан шыққан көптеген жерлестеріміздің болғанын көрсетеді. Бұл орайда қазақ халқы Ю.Поповқа мың мәрте алғыс айтса да артықшылық етпес еді. Мен бүгін солардың арасынан Сүттібай Қосанұлына қатысты жайлардың басын ашып, баян етсем деймін. Тасқа түскен дерек Сүттібай бидің руы Майлық екенін айтады. Оны бүгінгі ұрпағы да толық растайды. Сүтекең Темірші болысының II-ші биі (ресми халық соты аталған) болып 1884-1886 жылдары тағайындалған. Сол кездің өзінде Темірші болысына Майлық атадан 110 түгін ел қараған. Сүттібай Қосанұлы Темірші болысының биі болып 1871, 1875, 1877, 1878 одан әрі ат тұяғын тай басар дегендей Сүттібайдың орнын би болып 1884 жылы баласы Елшібай басады. Елшібай да әкесі секілді ұзақ мерзім Темірші болысының биі болады. Нақтырақ айтқанда, 1884 жылдан 1913 жылдар аралығында. Бұдан біз әкелі-балалы Сүттібай мен Елшібайдың халық алдындағы абыройы қаншалықты дәрежеде болғанын анық байқаймыз. Әкесінің жолын қуып, би болып билікке 1898 жылы Сүтекеңнің екінші баласы Сыздық Сүттібайұлы да араласады. Тіптен 1905 жылғы болыс, би сайлауында Сүттібайдың қос бірдей баласы Елшібай мен Сыздық қатарынан өтіп, ел ісіне төрелік айтады. Демек, бұл айғақ-дәлелдер біздің әлгіде ғана жоғарыда Сүтекеңмен оның балаларының халық алдындағы беделі жайлы айтқан пікірімізді растай түседі.

Сүтекең Ресейдің патшалық билігінде 300 жыл отырған Романовтар әулетінің Семей губерниясынан Санкт-Петербурда өткен тойына қатысқан жерлестеріміздің бірден

бірі. Әлбетте, патша ағзамның тойына анау-мынау жәй адам қатыса алмасы анық. Ондай айтулы шараға елдің ең беделді деген адамдары шақырылған. Сүттібай бидің ақ патша тойына арнайы шақырылуы, оның ел арасында орасан беделі мен билік алдында асқан абыройы болғанын көрсетеді. Сүттібай бидің өзінің жеке мөрі болған. Ол жайында бұдан біраз бұрын газет бетінде жазылған. Оны қайталап жатудың қажеті болмас. Мөрдің қағазға түскен көшірмесін Астана қаласында тұратын жерлесіміз Конституциялық кеңестің мүшесі Қабылсаят Әбішев Омбы қаласының мемлекеттік мұрағатынан тауып, қолымызға тигізді. Қолымыздағы құжатта «Қарқаралы дуанының өте беделді, қайраткер биі Темірші елінің Сүттібай Қосановтың мөрі, 1864 жыл. Мемлекеттік архив ф.345» делінген дерек бар.

Сүттібай бидің Романовтардың Санкт-Петербурда өткен тойына барған сәтте бір топ қазақ зиялыларымен түскен суреті бар. Суреттегі кісілерді 1964 жылы Әлкей Марғұлан Баянауылдағы Мәшһүр Жүсіптің ұрпағы Құлжан Тайжановтың айтуымен анықтағаны жайлы деректі суретпен қоса Сүттібай Қосановтың шөбересі Қалқаман Тілеуханов жинапты. Бұл сурет 1986 жылы «Өнер» ба-спасында жарық көрген «Қазақтың халық қолөнері» атты кітабының 1-томының III-бетінде жарияланған (Ә.Х.Марғұлан). Қалқаман бабасы жайлы былайша сыр шертеді.

– Үлкен атамыз Сүттібай Қосанов қажылыққа барған, би болған адам. Ел арасындағы дау-жанжалды шешуге жиі араласқан. Ел ішіндегі сондай бір кикілжің барысында Құнанбай қажымен ренжісіп қалған болу керек. Бірде атамыздың шабарманы «Құнанбай қажы ауырып, на-шар жатыр» деп сүйінші сұрағандай мәз болып келіпті. Сонда атамыз: «Әй, пәтшағар, Құнекеңді ашуға қиғанмен, ажалға қияды деп кім айтты саған?! Одан да тез атым-ды ертте» - деп түнделетіп Құнанбай қажының ауылына көңілін сұрауға аттанып кетіпті.

Бұдан шығатын қорытынды Сүттібай би осал жан емес. Азуы алты қарыс Құнанбай сұлтанның өзімен

иық теңестірген тұлға. Газет оқырмандарына Сүттібай Қосанұлының бірқатар шешендік сөздерін ұсынғанды жөн санадым.

Қаңғып келген көкқұтан,  
Көлге ие бола алмас.  
Тексіз өскен құл-құтан,  
Елге ие бола алмас.  
Сүтекең кезінде:  
«Сұңқар шығар тұғырға,  
Тауық сайрап кетпесін.  
Тастары тиіп, бұл тағдыр,  
Тұлпарды ғаріп етпесін.  
Ізгіліктің арнасы,  
Ешқашанда кеппесін.

Әумин!» деп балаң жігіт Абайға бата беріпті дейді.

Сол секілді бидің артында:

«Ақынды жәбірleme, әнің кетер,

Шеберді жәбірleme, сәнің кетер», - деген де қанатты сөздер қалған. Сүттібай бидің баласы Елшібай да әке жолын қуып, елге төрелік айтқан ауызы дуалы кісі болған. Бәрімізге ұлы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясынан Оразбайдың ұлы Абайға қол жұмсап, соққыға жыққан озбырлығы белгілі. Сол Оразбай Сүттібайдың Елшібайына келіп, Абайды таяққа жыққан өз әрекетіне баға беруін сұрап: Төрелігін өзің айтшы «Асыл тастан, ақыл жастан» деген. Дұрыс десең алған бетімнен қайтпаймын. Құнанбайдың бөлтіріктерінің азуы бәрімізге батты. Ал бұрыс десең Абайдың аяғына жығылайын, - депті. Сонда Елшібай би Абайды жақтап Оразбайға былай деген екен:

Қадірсіз арзан дырдуан,  
Шөлдей ішер у артық.  
Ақысыз, құнсыз атақтан,  
Бір шомылар су артық.  
Қызуы жоқ біліктен,  
Қиып түсер жіп артық.  
Қадірі жоқ өмірден,  
Көзге құяр құм артық.  
Ақылы жоқ жарыңнан,



Есіктегі күң артық.  
 Қайыры жоқ малыңнан,  
 Даладағы аң артық.  
 Жылуы жоқ жібектен,  
 Түтілмеген жүн артық.  
 Түнеріп шығар күніңнен,  
 Жұлдызы бар түн артық.  
 Арманы жоқ ақыннан,  
 Арпалысқан жын артық.  
 Өтірік, арсыз мақтаудан,  
 Бетке айтылған сын артық.  
 Доңыз түскен теңізден,  
 Шелектегі су артық.  
 Бәтуасыз батырдан,  
 Құлағын кескен құл артық.  
 Жалыны жоқ отыннан,  
 Бетке шашар күл артық.  
 Бірлігі жоқа анадан,  
 Даладағы ін артық.  
 Жігері жоқ досыңнан,  
 Терезең тең жау артық.  
 Тірлігі жоқ жігіттен,  
 Білімі бар жан артық.  
 Бірлігі жоқ халықтан,  
 Иірілген мал артық.  
 Білімге білек жұмсаған,

Оразбай, малдан нен артық», - дегенде, Оразбай: «Төрелігін өзің айттың. Енді, қарағым, мені Абаймен өзің татуластыр» деп жылап жіберген екен дейді бізге жеткен бір дерек (жазып алған Елшібай бидің немересі Қалқаман Тілеухан).

Сүттібай би Темірші болысының би-соты болған дедік. Темірші болысы бүгінгі Ақтоғай ауданы Қызыларай, Шабанбай би, Қарқаралы ауданына қарасты Қ.Аманжолов атындағы ауылдардың жерлерін қамтыған. Темірші болысы атануының себебі ертеректе осы өңірде кен өндірілсе керек. Сүттібай бидің сүйегі қазіргі Қызыларай селолық округінің жерінде жерленген. Қызыларай тауының күншығысындағы



жері майсалы, шөбі шұрайлы, шүйгін, таулы, қыратты алқапта батыстан шығысқа қарай сарқырап ағып жатқан «Жыланды бұлақ» деп аталатын жерде бидің үлкен шошақ бейіті тұр. Жел жеміріп, су шайған мазар әлі күнге бастапқы қалпын аса жоғалтпаған. Ол кездері мұндай сәулетті бейіт тұрғызуға екінің бірінің шамасы келе бермеген.

Бұған қарап Сүттібай ұрпағы әлді болған деген болжамға келеміз. Сүтекеңнің ұрпағы қазірде бар. Сүттібайдың Сыздығының Қабыхан атты баласынан туатын Зәрухан Қызыларайда тұрады. Ауылдық отбасылық емханада жедел жәрдем жүргізушісі. Кәсіпкер, еті тірі елге сыйлы, беделді азамат. Өткен жылы олар бабаларының рухына бағыштап үлкен ас беріп, баба мазарына құлпытас орнатып, перзенттік міндет-парыздарын өтеді. Тектіден текті, тұлпардан тұлпар тууы – заңды құбылыс.

Жоғарыда біз сөз етіп отырған Сүттібай, Елшібай билердің бүгінгі ұрпағы да қара жаяу емес. Әлгі Сүттібай биге шөбере, Елшібай биге немере болып келетін Қалқаман Тілеухан асқан ісмер-шебер, суретші-дизайнер. Қалқаман Бүкілодақтық байқауларда екі мәрте I орынды жеңіп алған. Оның қолынан нелер хас өнер туындылары шыққан. Қалқаман елімізде және республикадан тысқары жерлерде әлденеше кешендердің монументальдық безендіруінің авторы. Декоративтік-қолданбалы өнер туындылары әлемнің 30-ға жуық елдеріндегі мұрағаттарға қойылған. Айталық еліміздегі Ғ.Мүсірепов, Д.А.Қонаев, Л.И.Брежнев мұражайларында, сырт жерлерде – Ұлыбритания, Түркия, Индия музейлеріне қабылданған. Алғашқы президентіміз – Елбасының отыратын алтын сырлы тағы да Қалқаман қолымен жасалған, безендендірілген. Сол секілді Қалқаман Тілеухан еліміздегі бірнеше мешіт мінберлерінің авторы. Бүгінде Алматы Қаласында орталық мешітте бас мүфтиіміз күнделікті әр жұма сайын сол Қалқаман жасаған мінберден жұртқа Құран оқып, уағыз айтып жүр. Мұндай мінберді соңғы рет XVII ғасырда түріктер салған. Қалекең оны жасау үшін суретші XIII ғасырдан бері қарай жасалған мінберлерді жіті зерттеп, қарап шыққан. Биіктігі жеті метрге жететін мінбердің негізгі материалы – балқарағай. Оған

күміс жалатып, сүйекпен бедер салынған. Мінбердің әр сүйем, әр қарысынан күміс нақыш, сүйек бедер қазақтың ұлттық дәстүрлі өнерінің жұрнағы іспетті көрініс тапқан.

Міне, біз бүгін өз заманында халық үшін қалтқысыз қызмет жасаған және бірқатар текті тұлғаларымызбен қауышып, табыстық. Ол Сүттібай Қосанұлы мен оның ізін басып жолын қуған балалары Елшібай мен Сыздық билер мен бүгінгі ұрпақтары елімізге, шет елдерге танымал суретші-дизайнер шөбересі Қалқаман Тілеухан. Халықтың «бай құт емес, би – құт» деген даналығының бір дәлелі осы. Би мен батыр таразының екі жақ басына түскенде бұрынғылар биді дәріптейтін болған:

Батыр деген барақ ит,

Екінің бірі табады.

Би деген ақ шаригат,

Ілуде біреу табады.


Батырды қазақтың екі долы қатынының бірі табады.

Би дегенің ақ періште ілуде біреу ғана табады, - деген Төле бидің төрелік сөзінің жаны бар.

Жазып алып қағазға түсірген:

**Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ.**





## ТЕМІРШІ ЕЛІНІҢ БАСШЫСЫ, БИИ СҮТТІБАЙ ҚОСАНОВ

Таяуда Астанадан ауданымыздың тарихына қатысы бар жағымды хабар келіп жетті. Бұл хабарды Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының мүшесі болып қызмет атқаратын белгілі ғалым, елім дегенде ет жүрегі елжіреп тұратын жерлесіміз Қабылсаят Әбішев жіберген. Мемлекеттік мұрағаттан алынған «Қарқаралы дуанының өте беделді қайраткер биі, Темірші елінің басшысы Сүттібай Қосановтың мөрі». Құжат ксерокс арқылы көшіріліп алынған. Мөрдің диаметрі қазіргі елу теңгелік күміс ақшаның көлеміндей, мөрдің ішіне екі тілде араб, кириллица қаріптерімен қазақша-орысша «Сүттібай Қосанов» деп жазылған.

«Сүттібай Қосанов деген кім? Оның біздің ауданымыздың өткен тарихына қандай қатысы бар?» - деген сұрақ өзінен-өзі туындайды. Оған жауап беру үшін қазақ шежіресінің кейбір мәліметтеріне, сол кездегі тарихи жағдайларға тоқтап, азырақ шолу жасау керек сияқты.

Қазақ шежіресі бойынша: Арғын – Қотан – Дайырқожа – Қарақожа – Мейрам (Мейрамсопы деп те атаған) – Түйте – Танас – Тымырсқа – Қырғызбай – Нәутей – Майлық – Арыстанбай – Қораз – Аққозы – Қосан – Сүттібай.



Сүттібайдың атамекені қазіргі Шабанбай би селолық округінің территориясында. Қызыларай тауының шығысында, Қаршығалы өзенімен аралықта – «Сүттібай қыстағы» деп аталады. Соғысқа дейін Сүттібайдың сегіз бөлмелі тақтай еденді үйі бастауыш мектеп болған. Ол мектепте оқыған Ақбаев Құлжанбек, Тапаев Асылхан, Қарабалин Ғайнолла сияқты ақсақалдар әлі бар. Сүттібайдың бейіті қыстағынан шығысқа қарай он шақырымдай жерде. Сүттібайдан тараған Елшібай – Тілеухан – Серікхан – Қалқаман боп келетін ұрпақтары бар. Қалқаман қазірде Астанада тұрады, сәулетші. Сүттібайдан кейін Темірші болысының биі лауазымын Жарылғапұлы Әбдірайым («Сона» деп аталып кеткен) алмастырған.

Біздің жас кезімізде бұл билердің ел ішіндегі қызметі, шығарған биліктері жөнінде көнекөз, кеудесі сарынды қариялар әңгімелеп отыратын. Олар дүниеден өткеннен кейін одан із де қалмады. Өздерімен қоса ала кетті. Біз болсақ оларға «үстем тап өкілдері» деп қарап, көңіл аудармадық. Тәрбие солай болды. Өшкен от қайта жанбады. Дегенмен, мұрағат құжаттарының тақырыбында «Қарқаралы дуанының өте беделді, қайраткер биі, Темірші елінің басшысы Сүттібай Қосанов» деуінің өзі көп жағдайды аңғартады.

Қазақтың дана билерінің бірі Төле би «Би дегенің бір бұлақ, қатынның мыңнан бірі туады», - деп тегін айтпаған. Олар сирек туатын, сирек туса да ірірек туатын даналар. Қазақта би болуға халық арасында білімділігі, ақылдылығы, шешендігі, қара қылды қақ жарар әділдігі, адамгершілігі, қайырымдылығы мен имандылығы, тәжірибесі мол адамдар іріктеп алынғын. Билердің билігіне даугер де, айыпкер де риза болып тұрған. Әділетсіз билік айтылды деп шағымданбаған. Билердің билігін ешкім, тіпті хан да бұзбаған. Би билік айтқанда туыс, жақындықты емес, тек әділдікті, туралықты басшылыққа алған. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» - деген қанатты сөз осыдан қалған.

XIX ғасырдың екінші жартысында «билер со-тын» енгізу патша отаршыларына неліктен қажет болды?



Осы кезеңде патша отаршылары қазақ жеріне тереңдей ене отырып жаңа бекіністер салумен ғана тынған жоқ, отарлық басқару жүйесін де енгізді. 1854 жылы 19 мамырда осы мақсатта ереже қабылданды. Ереже Қазақстанда билер сотын қалпына келтірді. Билер болыстар сияқты «сайланып» қойылды. Бұрынғы Сібір қазақтарының облысынан генерал-губернатор билейтін Семей облысы бөлініп шығарылды. Бұдан бірнеше жыл бұрын, яғни 1824 жылы осы облыстың құрамына енетін Қарқаралы приказы құрылды. 1817 ж. Бөкей, 1819 ж. Уәли қайтыс болғаннан кейін хан тағайындалмады. Бұл жағдай Орта жүздегі билеу жүйесінің жаңа тәртібін қажет етті.

Қазақ елінің ХІХ ғ. бірінші жартысындағы дамуында 1822 жылы қабылданған «Сібір қазақтарының жарғысы» елеулі роль атқарды.

Жарғының басты мақсаты – Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірін әкімшілік, сот, саяси жағынан басқаруды өзгерту, рулық-феодалдық тәртіпті әлсірету еді.

Орта жүз әкімшілік жағынан ауыл, болыс, округ болып бөлінді. Ауыл 30-70 шаңырақтан, болыс 10-12 ауылдан, округ 13-20 болыстан құрылды.

ХІХ ғасырдың 40-шы жылдарында Қарқаралы округінде 60 мыңға жуық көшпелі шаруалар болды. ХІХ ғасырдың басында округте 20 болыс болған. Оны 1905 жылдың жазында өткен Қоянды жәрмеңкесі кезінде біздің даңқты жерлестеріміз Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаевтардың тікелей басшылығы, қатысуымен орыс патшасының атына жазылған Қарқаралы округі қазақтарының хатынан (петиция) көреміз. Хатқа әр болыстан екі адамнан қол қойған. Ол болыстарды атап көрсету қажет қой деп есептедім. Өйткені біздің ауданның территориясында қандай болыстар болғанын әркім әртүрлі айтады. Күдікті сейілту үшін керек болар деп ойладым.

Ол болыстар: Ақсары, Кент, Қу, Едірей, Темірші, Берікқара, Нұра, Ақбота, Дегелең, Балқаш, Сарыбұлақ, Сартау, Қотанбұлақ, Қызылтау, Мойынты, Ақшатау, Бөрілі, Тоқырауын, Абыралы.

Темірші болысы ол кезде қазіргі Қарқаралы,




Ақтоғай аудандарының бірсыпыра селолық округтерінің жерін қамтыған. Жобалап айтсақ, Қарқаралы ауданының «Прогресс», Еңбек, Қасым Аманжолов селолық округтері, Ақтоғай ауданының Қызыларай, Шабанбай би округінің жерлері.

Темірші деген жер – Қусақ селолық округінің Бесшоқы тауына таяу маңда, Қаршығалы өзенінің шығысында орналасқан бұрын Темір кенін өндірген жер.

Сүттібай бабамыздың туған-өлген жылдары басына ұрпақтары кейінде орнатқан ескерткіште жазылуға тиіс. Газеттен осы хабарды оқыса олар да қосымша толықтырулар, мұрағат, мәліметтерін іздестіреді деп үміттенеміз. Әумин! Бабамыз, әруағың риза болсын.

**Асқар СЕЙДАХМЕТОВ,**  
Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген  
мұғалімі, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы.  
«Тоқырауын тынысы» газеті, 16.01.2003 жыл.





## ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ

### Темірші болысының басшылары мен билері: 1871-1919 жылдар

Темірші болысының басқарушысы болып 1871 жылдың 3 желтоқсанынан бастап Сабыр Алданазаров, орынбасары болып Ермек Жиенбаев болады. Ауылдардағы халық соттары (билер): Бұлжосай Жүндібаев, Сауырық Ұлықпаев, Ақберген Дәукенов, Иман Бекбергенов, Дүйселді Онбаев, Қадырбай Атабаев, Сүттібай Қосанов, Кенжемолла Сарықасқин болған. Болыстың молласы Тұрғола (мүмкін Тұрағыл шығар) Өтегенов болған.

Келесі 1875-1877 жылдардағы мерзімнің деректері толық сақталмаған. Болысты 1875 жылдың 31 қаңтарынан бастап Сабыр Алданазаров басқарған, кейіннен «қызметтен босатылып, ісі тергеуге жіберілген». Орнына Ұрыңқай Сарыбаев тағайындалған. Сол жылдың 14 шілдесінен би Дайырбек Қожабеков қызметтен босатылып, орнына Тәнібек Тілегенов болған.

Болыстың құрамындағы ауылдардың саны 1878 жылдың 3 сәуіріне 12-ге жеткен. Болыс Иман Бекбергенов, орынбасары Сәтпай Чуртуков (Шортықов болуы да мүмкін) болған. Ауылдардағы халық соттары (билер): Өскенбай Белгібаев, Байтақ Жиенбаев, Исабай Өтегенов,

Әбіш Қожамуллин, Байқадам Сатпақов, Сүттібай Қосанов, Қадырбай Атабаев, Саптуған Мырзабаев, Жапар (Жанар болуы мүмкін) Жұбанов, Едіге Қуанбаев, Тәнеке Жақаев, Базылбек Қожабеков болған.

Сол жылдары Ресей ерікті флотына кемелер сатып алуға қаржылай көмек көрсеткен адамдардың тізімі сақталған. Олардың ішінде Б.Қожабеков және С.Қосанов (10 рубльден), Е.Қуанбаев (11 рубль), И.Өтегенов, Қ.Атабаев, Т.Жақаев (6 рубльден), С.Чуртуков (8 рубль), ауыл старшыны Жақсылық Солтанов (5 рубль), Шұршітбай Отарбаев (3 рубль) берген. Басқа көмек көрсеткендер: Дайырбек Қожабеков (20 рубль), Матай Бегалин, Ерубай Жидебаев, Қасым Алданазаров (8 рубль), Сауырық Ұлықпаев (6 рубль), Ермек Жиенбаев (5 рубль), Нұржан Алданазаров (4 рубль) берген.

Болысты 1881 жылдың 28 қаңтарынан бастап Әбеу Ермеков басқарады. (Бұл кісі алаштың Ұлы азаматы Әлімхан Ермековтың әкесі). Болыстың орынбасары Иман Бекбергенов болған. Ауылдардағы халық соттары (билер): Алшыбек Тоқтаров, Исабай Өтегенов, Шалғыз Кенжемүллин, Жарылған Саятов, Байқадам Сатпақов, Орыңқай Сарбиев (бұл кісі Ұрыңқай Сарыбаев болуы мүмкін), Жүніс Өмірбеков, Жанар Жұбанов, Өскенбай Белгібаев, Шонбай Баубеков, Исабек Құттыбаев, Қасым Алданазаров болған.

Келесі үш жылдыққа 1884-1886 жылдары болысты қайтадан Әбеу Ермеков басқарады, орынбасары Өскенбай Белгібаев болады. Ауылдардағы халық соттары (билер): №1 - Еген Ханғожин, №2 - Елшібай Сүттібаев, №3 - Байқадам Сатпақов (бұл кісі 07.06.1884 жылы қайтыс болған), №4 - Бәжік Ұрыңқәев, №5 - Секербай Ханғожин, №6 - Өмірбай Санбиев, №7 - Базылбек Қожабеков, №8 - Жанар Жұбанов, №9 - Мұсабай Есқалиев, №10 - Омар Қуанышбаев, №11 - Райымбек Сасықбаев, қосымша Оспан Ерубәев, Алшыбек Тоқтаров болған.

Сол кездері Темірші болысы халқының рутайпалық құрамы, шаңырақ саны төмендегідей болған. Қара руы: Ақкісі - 120, Сеңкібай - 170, Найза - 60, Майлық руы: 110, Қожаберді - 100, Байымбет - 90, Дүйсенбай руы:

Тоғалақ - 100, Ер - 150, Шашты - 300, Қамбар руы: Айт - 362, Олжас - 100, Қырғыз руы: Естекі - 70, Найман - 70, Жұбанды - 110. Барлығы 1912 түтін (шаруашылық) болған.

Болысты 1887 жылдың 26 мамырынан бастап Қанғожа Бабичев (Бабашев болуы мүмкін) басқарып, орынбасары Әбеу Ермеков болған. Ауылдардағы халық соттары (билер): №1 - Алшыбек Тоқтаров, №2 - Исабай Өтегенов, №3 - Елшібай Сүттібаев, №4 - Еркебай Зерденов, №5 - Бек Чуртеков (Шүртеков болуы мүмкін, бұл кісі 12.08.1888 жылы қайтыс болған) орнына Ұлыбек Тұрықбаев болған, №6 - Иман Бекбергенов, №7 - Райымбек Сасықбаев, №8 - Жанар Жұбанов, №9 - Мамыржан Түгелбаев, №10 - Шыныбек Қадырбеков, №11 - Базылбек Қожабеков болған.

Болыс басы болып 1889 жылдың 7 қазанынан бастап Өмірбай Санбиев болады, орынбасары Досай Сауырықов болған. Ауылдардағы халық соттары (билер): №1 - Алшыбек Тоқтаров, №2 - Итен Ханғожин, №3 - Елшібай Сүттібаев, №4 - Омар Қуанышев, №5 - Смаил Шондыбаев, Тиышбек Мамеев, №6 - Едіге Қуанбаев, №7 - Солтыбек Сасықбаев (бұл кісі 08.12.1890 жылы қайтыс болған, орнына Райымбек Сасықбаев болған), №8 - Битам Бектембаев, Шекбай Белгібаев, №9 - Мамыржан Түгелбаев, №10 - Шынбай Қыдырбаев, №11 - Жақсыберлі Тілегенов болған.

Болысты 1892 жылдың 20 қазанынан бастап Өмірбай Санбиев және Райымбек Сасықбаев басқарады. Ауылдардағы халық соттар (билер): №1 - Алшыбек Тоқтаров, №2 - Оспан Жанғабылов, №3 - Елшібай Сүттібаев, №4 - Еркебай Зерденов, №5 - Мамыржан Түгелбаев, Смаил Шондыбаев, №6 - Жүсіп Сатин, №7 - Баймұрын Монақов, №8 - Өскенбай Белгібаев, №9 - Секербай Ханғожин, №10 - Шонабай Қадырбаев, №11 - Жақсыберлі Тілегенов, №12 - Едіге Қуанбаев болған.

Кезекті сайлаудың қорытындысы бойынша келесі үш жылдық мерзімге 1895 жылдың 21 қыркүйегінен бастап болысты Секербай Ханғожин басқарады, орынбасары Райымбек Сасықбаев болған. Ауылдардағы халық соттары (билер): №1 - Алшыбек Тоқтаров, №2 - Исабай Өтегенов, №3



- Елшібай Сүттібаев, №4 - Омар Қуанышев, №5 - Тойшық Машев, №6 - Жүсіп Садин, №7 - Анай (Ақай) Жанболов, №8 - Тастанбек Кешубаев, №9 - Асылбек Қаражанов, №10 - Шонабай Қадырбаев, №11 - Жақсыберген Тілегенов, №12 - Едіге Қуанбаев, №13 - Итен Қанғожин, №14 - Қартабай Тәттібаев болған.

Болыс халқының саны 1897 жылдың санағы бойынша 1997 түтінде 7686 адам болған екен. Жыл сайын тамыз айында Жасын моласы деген жерде шекаралық жерлерінің мәселелерін талқылауға арналған жиынға Темірші, Шұбартау және Дағанделі болыстарының билері жиналып отырған.

Болысты 1898 жылдың 28 қарашасынан бастап Секербай Қанғожин басқарып, орынбасары Қырықбай Секербаяев болады. Ауылдардағы халық соттары (билер): №1 - Алшыбек Тоқтаров, №2 - Исабай Өтегенов, №3 - Сыздық Сүттібаев, №4 - Омар Қуанышев, №5 - Ұлдабек Тұрықпаев, №6 - Сатыбалды Тұрсынбеков, №7 - Райымбек Сасықбаев, №8 - Өскенбай Белгібаев, №9 - Асылбек Қаражанов, №10 - Шынбай Қадыров, №11 - Жақсыберген Тілегенов, №12 - Еділбай Қуанбаев, №13 - Итен Қанғожин, №14 - Қартабай Тәттібаев болған.

Келесі мерзімге 1902 жылдың 28 қазанынан бастап болысты Төкен Сұлтанбеков пен Шыныбай Қадырбаев басқарады. Ауылдардағы халық соттары (билер): №1 - Байбек Жиенбаев, №2 - Исабай Өтегенов, №3 - Елшібай Сүттібаев, №4 - Мәди Дүисегелдин, №5 - Әбен Тоқпаев, №6 - Сатыбалды Тұрсынбаев, №7 - Сәтбай Қонаев, №8 - Өскенбай Белгібаев, №9 - Сүлеймен Рысымбеков, №10 - Оспан Ерубаев, №11 - Құрық Сүртімбаев, №12 - Жамап Таутпаев, №13 - Қарақамыс Баймұналов, №14 - Көпбай Тойшыбеков болған.

Келесі үш жылдық мерзімге 1905 жылдың 24 мамырынан бастап болысты Әбеу Ермеков басқарып, орынбасары Қоспабай Ұрынқаев болады. Ауылдардағы халық соттары (билер) мен орынбасарлары: №1 - Алшыбек Тоқтаров, Сүлеймен Донбаев, №2 - Исабай Өтегенов, Қашқын Оразалин, №3 - Елшібай мен Сыздық Сүттібаевтар, №4 -





Түйте Отарбаев, Сыздық Шүртібаев, Жүніс Сұлтанбаев, Тойшыбек Машев, №6 - Бірманаш Жантосов, Сатыбалды Түрсынбеков, №7 - Сәтпай Қонаев, Бат Бегалин, №8 - Битім Бектенбаев, Күлік Жұбанов, №9 - Сүлеймен Рысымбеков, Ширақбай Ханғожин, №10 - Шыныбай Қыдырбаев, Тәнеке Жақаев, №11 - Нұрлан Дайырбеков, Байбосын Байсов, №12 - Байжан Тнәлин, Тыныштықпай Жұмабаев, №13 - Серкебай Қолдабеков, Қарақамыс Байсадалов, №14 - Иса Шондыбаев, Қартабай Тәттібаев болған.

Болысты 1908 жылдың 4 шілдесінен бастап қайтадан Әбеу Ермеков басқарады, орынбасары Шоқабай Қадырбаев кейіннен Шыныбай Қыдырбаев болған. Ауылдардағы халық соттары (билер) мен орынбасарлары: №1-Сүлеймен Донбаев, Қыдырәлі Келенбаев, №2 - Кәрібай Өтегенов, Әлембай Шүленбаев, №3 - Елшібек Сүттібаев, №4 - Мәди Дүйсегелдин, Қадыр Қалжанов, №5 - Әбен Тоқпаев, Ысқақ Тәтінев, №6 - Тоқай Кенжин, Жүсіп Сәдин, №7 - Құсайын Өскенбаев, Жүсіп Кентбаев, №8 - Өскенбай Белгібаев, Шарықпай Қанғожин, №9 - Сүлеймен Рысымбеков, №10 - Оспан Ерубаев, Исабай Қадыров, №11 - Жанабержен Тілегенов, Қосылбек Қасымов, №12 - Ахмет Тоғанасов, Ұсақай Мүсірепов, №13 - Әбілқасым Әбішев, Ахметжан Байғожин, №14 - Қартабай Тәттібаев, Ахметбай Құлтанов болған.

Темірші болысын 1911 жылдың наурыз айынан бастап Нұқыш Орункаев (дұрысы Ұрынқаев, бұл кісінің болыстарға берілген әкімшілік биліктің арнайы нышандарының бірі лауазым белгісі (должностной знак) осы күнге дейін Бүркітті ауылында тұратын ұрпағы Кәшібаевта сақтаулы) басқарады, орынбасары Шайкей (мүмкін Шайкен) Қарымсақов болады. Ауылдардағы халық соттары (билер) және орынбасарлары: №1 - Смаил Ермеков, Әжіғұл Жалбыров, №2 - Кәрібай Өтегенов, Әбіш Танабаев, №3 - Сүлеймен Домалақов, Рахымбай Жанабаев, №4 - Мәди Дүйсегелдин, Әзімхан Дүйсегелдин, №5 - Әбен Тоқпаев, Қали Иманов, №6 - Сатыбалды Түрсынбеков, Қали Иманов, №7 - Спатай Райымбеков, Мұса Жаманов, №8 - Құсайын Өскенбаев, Қарекен Бексұлтанов, №9 -

Сүлеймен Рысымбеков, Қазақпай Секербаев, №10 - Оспан Ерубаев, Тәкеш Ерубаев, №11 - Жанаберген Тілегенов, Құсылбек Қасымов, №12 - Байжан Тінәлин, Тыныштықбай Жұмабаев, №13 - Нұржан Шоцов, Базылбек Қанғожин, №14 - Иса Шондыбаев, Ысқақ Смаилов болған. Болысты 1913 жылдың 12 желтоқсанынан бастап екінші мерзімге Нұқыш Ұрыңаев басқарады, орынбасары Бәкеш Өтебалин болады. Ауылдардағы халық соттары (билер) және орынбасарлары: №1 - Смаил Ермеков, Жазыбек Жиенбаев, №2 - Кәрібай Өтегенов, Кәшкен Оразалин, №3 - Әбдірахман Жарылғапов, Елшібай Сүттібаев, №4 - Мұқан Байбосынов, Мәз Дүйсегелдин, №5 - Әбен Тоқпанов, Ержан Сартбаев, №6 - Тайзақ пен Өмірзақ Имановтар, №7 - Сыпатай Райымбеков, Келдібек Тәңірбергенов, №8 - Досай Сауырықов, Құсаиын Өскенбаев, №9 - Қырықпай Секербаев, Сүлеймен Рысымбеков, №10 - Шыныбай Қадырбаев, Исабай Қадырбаев, №11 - Тожан Торғанбаев, Жармағамбет Керімбаев, №12 - Балағаз Омарбаев, Төлебай Атаев, №13 - Нұржан Шонов, Ахметжан Байғозин, №14 - Орманбет Исин, Ысқақ Смаилов, №15 - Көпбай Тойшыбеков, Сыздыкен Асылбеков, №16 - Қартабай Тәттібаев, Қадырбай Тәттібаев болған.

Болыстың әкімшілігі осы құрамда 1916-1919 жылдарға дейін жұмыс атқарған.

«Семипалатинские областные ведомости» газеті 1916 жылдың 16 қыркүйегінде қайтыс болуына байланысты тізімнен №4 ауылдан Байбосынов Махан, Мәз Дүйсегелдин шығарылғаны туралы хабарлама берген.

Алаштың ұлы перзенті Әлімхан Ермековтың әкесі Әбеу Ермеков жақсы қызметі үшін 1885-1895 жылдары III, II дәрежелі Құрметті шекпенмен марапатталған. Досай Сауырықов 1892 жылы, Секербай Қанғожин 1899 жылы Мақтау қағазымен марапатталған. Осы болыстың хатшысы (писарь) Қарқаралы қаласының тұрғыны Капитон Зародов шығырлы күміс сағатпен марапатталған.

Санкт-Петербургке салынған 1905 жылдың 22 шілдесіндегі әйгілі телеграммаға болыс тұрғындары атынан Секербай Ханғожин, Оспан Жанғабылов қол қойған.


Мемлекеттік Думаға мүше сайлау үшін өкіл болып болыс тұрғындары атынан №2 ауылдың тұрғыны 57 жасар Оспан Жанабеков, №10 ауылдың тұрғыны 33 жасар Исабек Қадырбаев бекіген.

Семей статистикалық комитетінің тапсырмасымен жергілікті өлкетанушы екі азамат Уәли Қарасартов, Сәтпай Шортықов Темірші болысының көне жәдігерлерін зерттеп, қағаз бетіне түсірген. Негізгі тізімге Тесік-Аққайың өзені сағасында табылған Құз Жаман, бүйректас 18 қорған, Қара Тұмсық пен Пұшықтағы 5 қорған, Дауыл 4 қорған кірген. Ақтөбе шоқыларында 19, Кеңасу өзенінде 17, Бесобада 3 қорған тіркеген. Жанысбай қабағы бөктерінде адам бейнелі «балбал тас» мүсінді тіркеген.

Әлімбек Тәттібаевтің қыстауының маңынан жәшік тәріздес нешетүрлі таңба белгілері бар жабайы тастарды көрген. Бұл тастарды ұрғанда дыбыс шығарған.

Темірші болысының тұрғындарынан 1914 жылы Қарқаралы қаласында Иманбай Әлжанов, Өтебай Балықбеков, Беренжан Құтжанов, Жүсіп Қарымсақов, Нүркеш Қарымсақов, Орынбек Жұбанышевтердің үйлері болған.

**Ю.ПОПОВ**  
**С.ОСПАНОВ**  
**С.ӘЛИҰЛЫ,**  
«Қарқаралы» газеті.  
19 мамыр, 2007 жыл.



## БАБАЛАР САЛҒАН САРА ЖОЛ

*«Ақынды жәбірлеме – әнің кетер,  
Шеберді жәбірлеме – сәнің кетер.»*  
**СҮТТІБАЙ БИ**

Өткір тілді шешенін,  
Қара қылды қақ жарған.  
Үшқыр ойлы көсемін,  
Халқы би қып сайлаған.  
Қарқаралы дуан жерінде,  
Темірші болыс елінде.  
«Су төгілмес Сүттібай би»  
Деген сөз халық есінде.  
Ұзақ жылдар бел шешпей,  
СҮТТІБАЙ бабам би болған.  
Әділдік тауып қауым ел,  
Маңайына жиналған.  
Ел мен билік алдында,  
Беделі биік болыпты.  
Ақ патшаның тойына,  
Шақыртуымен барыпты.  
Жер дауы, жесір дауларын,  
Ол заман билер шешеді.

Құнанбай қажы қонақ боп,  
Кеңескен де екен деседі.  
Таң қалдырып бар ұлтты,  
Танытқан қазақ-халықты.  
Хакім Абай жасында,  
Бабамнан бата алыпты.  
Алқалы топта сөз бастап,  
Бірлікте халқын ұстаған.  
Батагөй, дана дарабоз,  
Аталарыммен мақтанам.  
Ұлы көшті қолдайтын,  
Болмаса ерлер – сол қайғы,  
Бабалар салған сара жол,  
Бүгінгі ұрпақ жалғайды...

Серік МОЛДАҚАНОВ.

---

**СУРЕТТЕР  
СЫР ШЕРТЕДІ...**


---






**Суттібай би мазары.  
2020 жылы реставрация жасалғаннан  
кейін.**

**ҚАРҚАРАЛЫ ОЯЗЫ ТЕМІРШІ ЕЛІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЖЕР  
ҚАТЫНАСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰЖАТТАРЫ**



**Әлтеке-Сарым болысы  
қазақтарының жер  
дауына байланысты  
шекараны бөлікке  
бөлу құжаты**









Темірші елінің биі Сүттібай Қосановтың жер бөлікке қатысқан құжаты. 1874 жыл. Алматыдағы Мемлекеттік мұрағаттан алынған

Темірші елінен би  
Сүттібай Қосанұлы,  
Әлтеке-Сарым  
болыстығынан Күзембай  
Саумалұлы, тағы басқа  
билердің қатысуымен  
шекара бөлікке қатысты  
жасалған құжат. 1880

жыл.  
Құжатта ата-бабадан келе  
жатқан жер өз ұрпағына  
қайтарылуы сөз болған



Темірші мен Әлтеке-Сарым болыстарының шекара бөлігіне  
қатысты құжаттың орысша нұсқасы



Тоқырауын елінің билері Баймырза Тіленшин, Күзембай Саумалов, Баймамыр Байгөншек, Темірші елінен билер Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Кенже Дауменовтер қол қойған жер дауына байланысты құжат. 1880 жыл. Алматы мемлекеттік архивінен алынды.

Түркі өркениетінің дамуына орай 1880 жылғы 25 маусымда, 1880 жылы 25 маусымда, 1880 жылы 25 маусымда...  
Баймырза Тіленшин, Күзембай Саумалов, Баймамыр Байгөншек, Темірші елінен билер Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Кенже Дауменовтер қол қойған жер дауына байланысты құжат. 1880 жыл. Алматы мемлекеттік архивінен алынды.

1880 жылғы 25 маусымда, 1880 жылы 25 маусымда, 1880 жылы 25 маусымда...  
Баймырза Тіленшин, Күзембай Саумалов, Баймамыр Байгөншек, Темірші елінен билер Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Кенже Дауменовтер қол қойған жер дауына байланысты құжат. 1880 жыл. Алматы мемлекеттік архивінен алынды.

Темірші елінен би Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Ермек Жиынбаев Шұбартау елінен Құдаймендиннің қатысуымен болған жер мәселесіне арналған құжат. Алматы Мемлекеттік архиві

Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Ермек Жиынбаев, Құдаймендиннің  
 қатысуымен болған жер мәселесіне арналған құжат. Алматы Мемлекеттік архиві.

Құжаттың басында бірнеше жер аттары және сандары көрсетілген: *Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Ермек Жиынбаев, Құдаймендин*.

Нұсқағы берілген құжаттың басындағы жер мәселесіне қатысты құжат. Алматы Мемлекеттік архиві.

Құжаттың ортасында бірнеше абзацтар бар, олар жер мәселесіне қатысты құжаттың мазмұнын білдіреді.

Құжаттың соңында бірнеше жер аттары және сандары көрсетілген: *Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Ермек Жиынбаев, Құдаймендин*.

Құжаттың соңында бірнеше жер аттары және сандары көрсетілген: *Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Ермек Жиынбаев, Құдаймендин*.

Құжаттың соңында бірнеше абзацтар бар, олар жер мәселесіне қатысты құжаттың мазмұнын білдіреді.

Құжаттың соңында бірнеше жер аттары және сандары көрсетілген: *Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Ермек Жиынбаев, Құдаймендин*.

Құжаттың соңында бірнеше абзацтар бар, олар жер мәселесіне қатысты құжаттың мазмұнын білдіреді.

Құжаттың соңында бірнеше жер аттары және сандары көрсетілген: *Сүттібай Қосанов, Әбіш Кенжемендин, Ермек Жиынбаев, Құдаймендин*.

Құжаттың соңында бірнеше абзацтар бар, олар жер мәселесіне қатысты құжаттың мазмұнын білдіреді.

СҮТТІБАЙ БИ ҰРПАҚТАРЫ



Сыздықұлы Есімхан – Зәрубайқызы  
Қамара



Есімханұлы Адамбек



Сыздықұлы Қабықан –  
Бекмұханбетқызы Бибігүл



Солдан оңға қарай:  
Досымқан, Қабықан  
Кәдірхан, Зәрухан.



Солдан оңға қарай: Асылхан, Қабықан, Зәрухан, Жұматай,  
Мажыра, Жадыра.



Солдан оңға қарай: Жадыра,  
Қамыра, Гүлшат, Алтынай, Сәуле,  
Жұматай, Мажыра, Тәуірбала,  
Амангелді.



Зәруханқызы Дидар





Ақайұлы Әдіхан –  
Нұрмағанбетқызы Күлән



Ақайұлы Әлхан



Орынбек (Ермек) – Аман



Әдіқанұлы  
Жұмақан



Әдіханова  
Кенжегүл

Ермекұлы  
Абзал





Ортада Серікхан, жолдасы  
Зағипа, Қысан жолдасы Қамар



Қалқаманұлы Айбек



Қалқаман анасы  
Күлшатпен



Қалқаман-Жеңісхан



Жақанов Мерей  
Тілеубекұлы







Жақанов Тілеубек,  
Зура

Солдан оңға қарай: Мадияр,  
Айдар, Тілеубек, Медет, Асхат



Ыдырысқызы  
Айман



Сатыбалды-Айгүл, балалары:  
Еркебұлан, Аяулы, Ескендір.

Серік-Бақыт,  
балалары:  
Медеу, Дархан,  
Мамыржан,  
Қуаныш





Магауия-Жанар,  
балалары:  
Гүлдария,  
Аружан, Ажар.



Бауыржан-Жанар, балалары:  
Жұлдыз, Бекжан



Амангелді-  
Тәуірбала  
балаларымен



Тәуірбала  
балаларымен,  
немерелерімен



Қаппаров Амантай Әзіханұлы-  
Әлуақасқызы Майра



Амантайұлы Ораз



Зарухан-Секер, немерелері:  
Мадияр, Алдияр, жиені: Нүргиса



Қабықанұлы  
Асылхан



Қабықанұлы  
Жұматай



Данияр-Арай, Динара-Ермек, Альмира-Руслан, Даурен-Айнұр,  
Гулдария, Балнұр



Алимхан мен Лаураның үйлену тойынан естелік



Асылхан мен  
Фариданың  
балалары мен  
немерелері



Жұматай мен  
Маблюданың  
балалары мен  
немерелері



Жанатбек-Жадыра балаларымен, немерелерімен



Шауһар-  
Мажыра  
балаларымен,  
немерелерімен



Теміржан-Сәуле  
балаларымен,  
немерелерімен



Сембек-Гүлдәурен



Айдын Кәдірханұлы

Айдын мен  
Манардың  
балалары:  
Шыңғыс, Олжас,  
Аяулым, Ақниет,  
Айзере





Дидардың қызы мен  
күйеубаласы  
Сәкен-Ақнұр




Бақытбек-Әсем, Асылан, Сұлтан

Өмірден жастай кеткен дарынды суретші Айбек  
Қалқаманұлының шығармашылығына арналған буклет



Айбек Қалқаманұлының  
қазасын естірту жеделхаты



## СҮТТІБАЙҰЛЫ ЕЛШІБАЙ

Сүттібай бабамыз Елшібай мен Сыздық балаларын билікке ерте араластырды. Елшібай 1884 жылдан бастап Темірші болысының биі 1889 ж- 1892 ж 1895 ж 1898 жылы Сыздық та Темірші болысына билікке араласып Елшібаймен қоса қызмет жасаған. Елшібай 1916 жылға дейін отыз екі жыл Семей обылысы, Қарқаралы оязы Темірші болысының биі болған. Елшібай атамыз қажылық өтеп келген адам. Елшібайдан тараған – Тілеухан. Тілеуханнан – Серікхан, Қалқаман. Серікхан Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында 1930 жылы дүниеге келген. Бауыры Қалқаман, қарындастары Несіпжан, Несібелді, Ырысты өкінішке қарай, қазіргі таңда дүние салған.

Әкеміз Серікхан 1954 жылы алғашқы еңбек жолын Қарқаралы педтехникумын бітіріп, Балқаш қаласында бастауыш сыныптарына сабақ беруден бастаған. 1955 жылы Қарағанды пединститутына сыртай оқуға түсіп, 1959 жылы бітіріп, сол жылы Киік станциясына келіп, химия-биология сабағынан дәріс берді. Әкем марқұм өте алғыр, ұқыпты, таза кісі болатын. Ол кісіден ағам Сәулехан, інім – Абзалхан және мен Татьяна сабақ алдық. Әлі күнге дейін есімде, оқушы кезімде мектеп суық болып тұратын. Қыстың қыраулы аязы азынап тұрса да, костюм-шалбар киіп, мойынымызға галстук тағып жүретін еді.



Әкеміз Серікхан анамыз Зағипамен үйленгеннен кейін отбасында тату-тәтті өмір сүрді. Әкеміз бен анамыздың мейірімге толы үйімізде он бала, яғни бес ұл, бес қыз тәрбиеленіп өстік. Барлығымыз өте бауырмал, еңбекқор болдық. Өйткені ата-анамыз тәрбиені солай берген еді. Әкеміз Босаға ауылына 1964 жылы оқу бөлімінің орынбасары және химия-биология пәнінің мұғалімі болып қызметін ауыстырды. Жаңа қос қабатты мектеп жанында қос қабатты мұғалімдер үйі болатын. Біздер сол жерге қоныс аударып көшіп келдік. Сол үйде тұратын мұғалімдердің отбасылары өте бауырмал болды. Бәріміз бір кісінің баласындай тату-тәтті болып өмір сүрдік. Әкешеміз көрші мұғалімдер отбасыларымен жақсы араласып, көршілер болса кімнің үйінің тамағы дайын, сол үйден ас ішіп жүре беретін. Босаға ауылының тұрғындары біздің отбасыны үлгі тұтатын. Кешкісін барлығы жұбайларымен, ауылдағы клубқа «индийское кино» көруге баратын. Үлкен анамыз Күлшат марқұм «екі ғашық қол ұстасып кетті, әне!» деп күліп отырушы еді. Бұл да бір өткеннің сағынышты белгілері, ұстатпайтын сағымы.

Әкем марқұм мектепте өте қатал, талапшыл болды. Оқу бөлімінің орынбасары болған соң ба, ағама, маған және ініме қатаң тәртіппен талап қоятын. Ұлдарды костюм-шалбар, қызыл ғалстуксыз, мені форма-фартуксыз және шашымды өрмей сабаққа баруға жол бермейтін. Үнемі «Балалар, сендер маған ренжімеңдер! Сендер менің бар абыройымсындар, сендер дұрыс оқып, киініп, дұрыс жұрмесендер біреудің баласына қалай ескерту айта аламын?! «Өз балаңа қарашы!» демей ме олар» - деп жымия күліп ескерту жасап қоятын. Әкемнің сабағы өте қызықты болатын. Себебі химия-биологиядан нешетүрлі тәжірбие жасайтын. Ол кісінің кабинеті осы уақытқа дейін өте жақсы сақталған. Білім нәрімен сусындаған оқушылары жыл қортындысында «төрт-бес» деген бағамен шығатын. Бар ғұмырын оқушыларға білім берумен өткізген әкемді бәрі сыйлайтын. Қазіргі таңда оқушыларының алды – жасы жетпістен асқан қариялар. Сол әкеден туған біздерді көрсе, барлығы дерлік ұстаздарын еске алып «таза



жүруді, галстук тағуды, аяқ киімді жылтыратып киюді сол кісіден үйренген едік!» - деп, тазалық пен ұқыптылықтың феноменіне теңейді. Әкеміз 1976 жылы бар-жоғы 45 жасында дүниесін салды.

Анамыз Зағипа райсвязьда механик болып қызмет істеген. Бар-жоғы отыз жасына жетпей он баламен жесір қалды. Аллаға шүкір, бес ұл, бес қызды тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қақтырмай өсірді. Барлығымызды жеткізді, оқытты – ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды.

Бүгінгі күнде тұңғышы Саулехан «Қазақмыс» корпорациясында қызмет жасайды. Әкеміз немересі Азаматты көзі көріп кетті. Екінші ұлы ағамыз Абзалхан жол бойында СЦБ механигі болып қызмет жасауда. Кәсібі бойынша «Үздік адал еңбегі үшін» медальмен марапатталған. Одан кейінгі ұлы Дәулетхан жеке кәсіпкер, жеке шаруашылығы бар. Сабырхан «Қарағындыжарық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде еңбек етеді. Кенже ұлы Дархан теміржол бойында монтер болып жұмыс жасайды. Қыздары – Татьяна, Светлана, Гүлназ, Гүлзия, Гүлдана да қазіргі таңда әрқайсысымыз өз отбасымызда аяулы жар, асыл ана, әже болып отырған жайымыз бар. Анамыз Босаға ауылында ұлы Абзалханның қолында тұрады. Он баладан тараған жиырма немере, он сегіз шөбере сүйіп отырған бақытты жан. Анамыз әлі де тың, барлығымызға жол көрсетіп, болашағымызға шырақ жағып, тілеуімізді тілеп отырған асыл ана. Биыл 2020 жылы 8 наурызында Алла қалап 85-ке келді. Анамыздың жанында әкеміз Серікханның ұрпақтары татулықты ту қылып көтеріп, отбасылық дәстүрмен тарихымызды сақтап, бақытты ғұмыр кешудеміз.

Серікханнан – Саулехан, оның баласы Азамат – одан үш немересі бар. Абзалханнан тараған – Айымхан, Көбен, Нұрмұхан, Абылайхан. Сегіз немересі бар. Даулетханнан – Мейірхан, Уәлихан. Бес немересі бар. Сабырханнан – Асылхан, Нұрсұлтан, Әлихан. Бір немересі бар.

**Деректермен бөліскен қызы:  
Татьяна ТІЛЕУХАНОВА.**





### ӘЖЕМ ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ...

Кез келген рудың шығар биігі – өз ұрпағына үлкен бабаларының қадір-қасиеті бойынша өткен ғасырлардағы кешкен өмірлері туралы жинақтап, мағлұмат қалдыру.

Тарихи деректерге сүйеніп, бабамыз Сүттібай Қосановтың елге сіңірген еңбегін мүмкіндігінше дәріптеп, бүгінгі ұрпаққа таным-тәрбие қалдыруға осынау кітаптың белгілі бір деңгейде өз үлесін қосары сөзсіз.

Баба ұрпақтары адамзатқа бір-ақ рет берілетін жалған өмірін еліне арнаған Сүттібай бидің әруақты тұлғасын биіктен көрсетуді мақсат еткен.

Менің айтпағым – бабамыздың Мершімбай баласының келіні Ақай бәйбішесі Уәлиханқызы Айша туралы еді. Әжеміз – Төре тұқымының қызы, тугандары Нүркен ауылында тұрады. Бауыры Тілепбектің емшілік, массаж, дәрі жасайтын қасиеті болды. Айша әжем көзі көрмесе де үйдегі бар жағдайды біліп, араласып отыратын. Марқұм сынықшы, емші болып, ем-дом жасаған. Ем іздегендер ауыл-ауылдан арнайы келіп, шипа алып кетеді екен.

Ата-анамыз қоғамның малын бақты, қыста – қыстау, жазда – жайлау, көшіп-қонып өмір сүрді. Жайлауда әжеме арнап жеке киізүй тігетін. Біз үйде он бала өстік. Үлкен ағайды – Ермекті туған бетте әжем өз бауы-



рына салып алыпты. Әлбетте үйдегі барлық бала әжемдікі болдық. Біз ол кісіні арқа тұтып, шешеміздің атын атап өстік. Біздің барлығымыздың тәрбиемізге еңбегі ұшан-теңіз.

Баласы Әлхан соғысқа дейін дүкен ұстап, ВКПБ мүшесі болған. Ештеңеден жоқшылық көрмеген. «Сен барда ішуші едім мыңыншы шәй» - деп ән айтатын.

«Әлханжан кетті бел асып,

Беліне белбеу жарасып.

Жарасқанын қайтейін,

Қапыда қалдым адасып» - деген ән сарыны сол сағыныштан туган шығар.

Әжемнің қызы Сәкеннің күйеуі Бейсенбек соғыстан оралмаған. Соғысқа жүрерде Бейсенбек баласы Сайлау мен әйелі Сәкенді әкем – Әдіханға тапсырыпты. «Соғыстан аман-есен қайтсам, өз қолыңнан алайын, жазым болып кетсем, Сайлау – өзіңе аманат, Сәкен жас қой деді» деуші еді әкем. Сөйткен Сайлау жиеніміз қазір өмірде жоқ болғанымен, артында қалған балалары өсіп-өніп жатыр. Сағат, Айдын, Сейдін, Гүлдана апамыздың ұрпақтары бәрі бір-бір үй болды. Жиен жеңгеміз Үкіжан Балқашта алаңсыз демалуда.

Қайран әжем 1971 жылы 8-наурызда аз күн ауырып, дүниеден озды. Анамыз жас баладай күтіп, шығарып салған еді. Бірақ он баласын бір-бір жалғызға теңеп, қатарынан қалдырмай өсірген ата-анамыздың балалары Ермек, Жұмахан, Кенжегүл, Гүлсім, немересі Абзалдың қазасы бізді – арттағы бауырларын күйзелтіп кетті. Ата-анамның қалған ұрпағы аман болсын!

Артында ұрпағы барда ата-бабалардың салған сара жолы жалғаса береді. Адам – ұрпағымен мың жасайды.

Осы кітапқа бас болып, іздестіріп, жинақтап, өзінің қалған үлкендік міндетін атқарып отырған Зарухан ағамызға рахмет айтамын.

Әруақ риза болса, әруақтың тұлғасы биіктей беретіні сөзсіз!

**Баба ұрпағы:**

**Ахай немересі Каукерия АДИХАНҚЫЗЫ**





## ҚАЛЕКЕҢ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

...Қалекең сонау студент кезінен Дагестанның Кубачи селосындағыдай шеберлер ауылын құруды армандаған еді. 1988 жылы сол арманының іске асуының сәті түсті – Қалекең 1987 жылы күзде, қыркүйек айында алғашқы ұйымдастыру жұмыстарын қолға алып, 1988 жылы сәуір айында «Мирас» шығармашылық бірлестігін дүниеге әкелді. Осы айда Қазақстан Суретшілер одағының Көркемсурет салонында осы аталмыш шығармашылық бірлестігінің алғашқы көрмесі ашылды. Бұл көрме сол кезде халықтың ерекше қызығушылығын тудырды және қазақтың ұлттық қолөнерінің жанашырлары мен жалғастырушыларының бар екендігін барша жұртқа паш етті. Көрермендер кітабындағы «Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Жарайсыңдар, жігіттер!» деген сынды қуаттаған пікірлер қанаттандырып, істері алға басты. «Мирастың» шаңырағының астында жүзге тарта өнер адамы еңбек ете бастады. Қалекең Алматыда және қала маңында тұратын ғана емес, басқа өңірлерде тұратын шеберлерді бірлестіктің қаражатына көшіріп әкеліп, баспанамен қамтамасыз етті.

Ерінбей-талмай еткен еңбегінің, әрі қазақ өнерін қастерлейтін Өзбекәлі Жәнібеков, Заманбек Нұрқаділов, Алтай Қадыржанов сияқты азаматтардың қолдауының



арқасында Қалекең «Мирастың» суретшілері мен қолөнер шеберлерін Көкшоқы шатқалында орналасқан елу пәтерлік ауылға көшірді. Бұл Алатаудың бөктеріндегі табиғаты тұнып тұрған, шығармашылық адамы түгілі, қарапайым адамға да шабыт беретін ерекше жер. Ол кезден бері, міне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, талай шеберлер және әке-шешесінің жолын қуған балалары әлі де сонда тұрып, халық өнерін жалғастырып жатыр.

«Мирас» сол 1988 жылы Алматының ең көрікті жері – орталық алаңнан өзінің кеңсесін ашты, тері бұйымдарын шығаратын, темірмен жұмыс істейтін шеберханаларға арналған жеке-жеке жұмыс орындарын ашты. Әйгілі күйші Секен Тұрысбековті басшы ретінде сайлап, «Мирас» фольклорлық ансамблі құрылды. Бұл ұйым Жамбыл музейінің жанында ашылған «Айтыскер ақындар мектебіне» демеушілік көмек көрсетіп отырды. Ұлттық қолөнермен шұғылданатын жалғыз мекеме болғандықтан, «Мирас» өз саласында монополист болды. Алматыға келуші шетелдік және советтік туристер, «Отан» қоғамының шақыруымен келетін қандастарымыз міндетті түрде «Мирасқа» соқпай кетпейтін. Офистің үлкен бір залында өте көркем безендірілген киізүйде ұлттық тағамдардан дәм татып, ән-күй тыңдап, салоннан шеберлердің қолынан шыққан әдемі бұйымдарды кәдесый ретінде алып кетіп жататын.

Қалекең жаратылысынан сөзге жүйрік, әңгімеге шебер, әзілді түсінетін, әрі әзілдесе білетін адам болатын. «Мирас» ұйымы болса ресми сапармен Қазақстанға келген шетелдік бизнес өкілдері мен қоғамдық ұйымдардың делегацияларын жиі қабылдайтын. Сондай бір кездесуде американдық бизнесмендер «осы қолөнер бұйымдарыңыз сұранысқа ие ме, күнкөрістеріңе жете ме?» деген сұрақ кояды. Қалекең «Разве я похож на голодающего человека?» деп, қарсы сұрақпен келте жауап қайтарыпты. Аудармашы орыс жігіті ағылшынша аударып жеткізгенде бәрі қырантопан күліп, мәз болыпты. Шынында да Қалекеңе қарап ешкім олай ойламасы анық, студент шағынан-ақ денелі, тұлғалы, еңселі болатын.

Қалекең 1970-1987 жылдары Алматыдағы «Өнер»



комбинатының монументаль секциясында проекттің бас суретшісі қызметін атқарды. Витраж, мозаика, рельеф, роспись техникаларында орындалған көптеген еңбектері Алматы мен Қазақстанның түкпір-түкпірінде орналасқан мәдениет сарайлары мен мәдениет үйлерінде тұратын.

Қалекен жас күнінен өлең жазумен айналысты, бірақ баспа бетіне ешқашан беріп көрген емес. Қалжындап «күшеншек ақындардың нанына жармасып нем бар?» деп күлетін, себебі өзі шынында да ешқашан үстел басында отырып өлең шығарып көрген емес, өлең шумақтары лақ етіп келетін, сонда «тез қалам, қағаз беріңдер» дейтін, қолына ала салысымен қағазға түсіріп үлгереді. Сонымен болды, ол өлеңді өңдеу, түзету жоқ, сол күйінде, ұлы Абай айтқандай, «жұп-жұмыр» болып шығатын.

Бала күнінде Балқаштың балығын жеп өскеннен болуы керек, балық аулауға құмар болатын, ал балыққа бару үшін жол талғамайтын көлік керек. Сондықтан арзан қолды Луцк автомобиль заводының мәшинесін сатып алдық, бірақ оның кузовы тент (брезент) болатын, қыста да, жазда да жүру қолайсыз еді. Ақыры қалыңдығы 1 мм алюминий қаңылтырын алып, каркасына сүйене отырып, металл кузов жасап шығарды. Ішін қалың етіп, ыстық-суық өткізбестей етіп қаптады. Үлкен СТО-ға апарып, өз түсіндей етіп боятқызды, заводтан шыққандай болды. «ЛУАЗ-ы» бар жүргізушілер «қолдан жасадым» дегеніне сенбейтін-ді.


Қалекен тоқсаныныншы жылдары шығармашылыққа толық бет бұрып, үйдегі шеберханада жұмыс істеуге көшті. Әсіресе ағашпен айналысқанды ұнататын. Тапсырыстар бойынша жиһаз, музыка аспаптарын, киіз үйге қажет бұйымдарды шығарды. Конкурсқа қатысып, жүлдегер атанып алғашқы президенттің мерейтойына жасалатын сыйлық – тақ жасау Қалекеннің үлесіне тиді. Алматының орталық мешітінің үлкен залына көрік беріп тұрған жұма мінбері де Қалекеннің қолынан шыққан.

2001 жылы Астанаға қоныс аударған соң «Шеберлер ауылы – 2» ұжымын құру әрекетіне кірісті, 35 шақырым жерден жер телімін арендаға алды. Алматыдағыдай шебер-

лер қалашығын, киіз үй жасап шығаратын өндіріс орнын ашпақ болды, бірақ капитализм қоғамының тек ақшаға бағынатын қатал заңдылығынан ба, әлде қазақ қолөнерінің жанашырларының тапшылығынан ба, Қалекеннің ұлттық қолөнерді жаңа астанада дамыту арманы орындалмай қалды. Алла біраз жыл өмір бергенде мүмкін ол арман да орындалып қалар ма еді, кім білсін?..

**Жеңісхан ТІЛЕУХАНОВА,  
Қалекеннің жары, қолөнер шебері.**





### ӘЛЕУЕТТІ ӘУЛЕТ

Сөз ретінде айта кеткен дұрыс, мен осы әдемі аспапты сол жылдарда тағы да жайлауда Тілеуханов Серікқан дейтін ағамыздың үйінде көрдім, ол кісінің ойнап отырғанын тыңдадым. Бұл кісі сол кезде жас жігіт, жаңылмасам, Қарқаралы педтехникумын бітірген екен. Маман мұғалімдерді соғыстан кейінгі кезде қиын тұқпірлерге бөледі. Бұл азамат та сол кезде Босаға, Киікті деген жаққа қызметке кетіп, сол жақта мектеп директоры болыпты. Сол кісінің өзін соңғы рет 1954 жылы жазда елге демалысқа келіп үлкен кісілерге амандасып жүргенде соңғы рет көрдім... Бұл кісінің інісі Тілеуханов Қалқаман үлкен өнер қонған адам болды. Сол ағасы жүрген жақта орта мектепті оқып бітірген соң Мәскеудегі Суриков атындағы ма екен әйтеуір сурет өнерінің жоғары оқу орнын бітірді. Бұл әрине 1960 жылдардың аяғына қарай. Содан елге келіп Алматыда көркем өнер туындыларын жасаумен айналысады. Осының аяғында Алматыда тәуелсіздік алған жылдары «Мирас» атты көркемөнер корпорациясын ашып небір туындылар жасайды. Сол кезде Президентке арнап, тұғыр және тәж тектес бас киім, белдікті аса бір ұлттық нақышпен жасағаны бүгіндері құпия бола қоймас. Тіпті осы жасалған заттары шетелдің бірінші дәрежелі басшыларының көзіне ілініп соларға сыйланып кеткен



деген де дерек бар. Мұның өзі Қалқаманның өнерінің аса жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Қазақта не көп – суретші мен қолөнерші көп. Олар бұрыннан болған. Оның жасаған көптеген көркемөнер туындылары Алматыда да, Астанада бар. Өзі бертінде Нұр-Сұлтанға келіп өмірден өтті. Осылардың бәрінен өнері озып шыққан Қалқаман Тілеуханов – қазақ тарихынның, Қызыларай тарихының жарқын беттерінде қала бермек. Қалқаман кезінде қоғамдық саяси өмірге де белсене қатысқан. Мәскеуде оқып жүрген кездерінде ұлтымыздың Тәуелсіздігін аңсаған алғашқы сусаған қарлығаштай қазақ студенттерінің ұйымының жұмысына белсене қатысқан. Екі мыңыншы жылдардың басында осы жолдардың авторын Қарағандыға іздеп келіп, бір жолдасының үйіне шақырып бір күн әңгімелескеніміз бар. Бала кезімізде бір ауылда ойнап жүретініміз еміс-еміс есімізде қалған екен. Қарағандыда архитектор Төленді дейтін досының үйінде бірсыпыра әңгімелер айта отырғанда бір сөздің ретінде «Жас тұлпардың» архиві менде» деп еді. Мұның өзі халқымыздың Тәуелсіздігі жолында құрылған осы белсенді жұмыс істеген ұйымда Қалқаманның белсенді қызмет атқарғанының айғағы. Жас тұлпар туралы да айттып отырды. Мәскеуде әскер қатарында болғанымызда біраз әскери жастар да соның жұмысына тартылған едік. Кейін «Жас тұлпардың» бастаушысы Мұрат Мұхтарұлы Әуезовпен Астанада кездесіп қалдық. Сол кездерді еске түсіріп, бірге суретке түстік. Мен оған арнайы біз сатып алған баян аспабын сыйлағанымызды есіне түсірдім. Сол кезде Сәбетқазы Ақатай, Сәрсенбек Дәуітов, Жұлдыз Баймолдина, Хорлан Қалиламбекова, Сара Тыныштығұловалар Мәскеудің жоғары өнер институттарында оқитын. Бұлардың бәрі де «Жас тұлпардың» жұмысына қатысты. Белгілі жазушы Аян Нысаналинмен де кездесіп тұратынбыз. «Жас тұлпардың» сол кезде Комсомолдың орталық комитетінің есеп беріп тұратын, жазғы каникулдар кезінде жер-жерде мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп тұратын жастардың (қазіргі «волонтерлер» дегені сияқты) болып құрылған. Бірақ түп мақсаты тәуелсіздік жолындағы күрес болған. Бұлардың маңайына бүкіл Орта Азия республикалары,



Татар-Башқұрт, Азербайджан студенттері де, тіпті Украин студенттері де топтаса бастаған. Бәрінің де түпкі мақсаты тәуелсіздікті аңсау. Соған жету жолында бірлесіп іс-қимыл жасау ұсыныстары да болады. 1967 жылдың қазан айының аяғында «Жас тұлпарды» Мәскеудің қаланың ішіндегі Жданов ауданының Мәдениет үйінде мәдени шара деген сылтаумен (ішінде әрине концерт те бар) үлкен жиын өтпек болады. Бәрі келісілген. Бірақ осы ұйым ішінде біреу сатқындық жасап тиісті орындарға «Жас тұлпардың» бүкіл құпиясын жайып салады. Сондықтан дереу жиында болмай қалды, «Жас тұлпардың» басшыларын қуғандағы олардың ары бармады, әйтеуір жаба сіргелеп, бәрі тыйылып қалды...

...Сүттібай атасынан тарайтын Тілеухановтардың ауылдағы туыстары Зәрухан, Асылхан Қабыхановтар. Бұлармен жасымыздан бірге асық ойнап өстік. Зәрухан ауылда үлкен отбасының ұйытқысы болып жүрді. Асылхан Қарқаралы жақта қызмет істеді. Өмірден ерте кетті. Жаңылмасам, осы ұрпақтан Әзіхан, Досымхан, Қабыхан деген үлкендер болды. Қабыхан – Зәруханның әкесі, аналарының атын ұмыттым, Қабықан ақсақалдың атын атамай: «Зәруханның әкесі» деп атайтынмын есімде қалыпты. Мұны айтып отырғаным: сол уақыттың әйелдері нағыз қазақы тәрбиенің қаймағын қалқыған, күйеуіне қарап бір ауыз сөз айтпайтын адамдар еді. Қабыхан ақсақал қолөнері бар адам болатын. Арнайы сайман жәшігі бар еді.

Досымханнан Кәдірхан алып жігіт еді, Балқашта қайтыс болғанына едәуір уақыт өтті ғой деймін. Әзіханнан – белгілі Амангелді мұғалім, бізбен бірге оқыған Рымтай туган, көп уақыт туған ауылында мектеп директоры болды. Әдіхан аға да осы ұрпаққа жататын шығар, кішкентай күнімнен білем, зады бұл тұқым-ешкімге дауыс көтеріп жатпайтын, өздерімен өздері жүретін адамдар сияқты еді. Сәулехан жасында жақсы бала болатын, кейін Балқашта деп естимін оқушыларға кішкентай бір естелік айтайын: 1949 жыл Беріктас бауырында бір қыстақта отырғанымызда қыстың күні біздің үйге кәдімгі ақын Серіктің әкесі Ақсұңқар. Ол кісі сол кезде ЦК парторг лауазымында болуы тиіс. Жанында адамдары бар.




Олар асқа қарамады. Сол уақытта үйге көрші Әдіхан да шақырылды қонақтармен бірге отырғанда Ақан қагілез жеңіл адам, Әдіханға қарап: «Әліхан ініңіз оралмаған екен, арт жақсылығын берсін» деп көңіл айтты. Сөйтсек ол кісі соғыстан оралмаған екен. Ақан сыртта қызмет істегеннен соң көп уақыттан бері ат басын елге бұрғаны осы екен...

...Мандолин содан жетпісінші жылдарға дейін көп тараған, әр үйден болмаса да он үйдің біреуінде ілулі тұратын дүние еді. Біздің халықтың өмірінде етене болып кеткен осы бір ғажайып аспапты бүгіндері кездестірмейсіз де. Қазіргі жастар мұны білмейтін де шығар... Менің осыны жазудағы бірі кейінгі ұрпақ әке-аталарының өткен жолын білсін деген ой...

**Мұхамедқали БАЙМҰХАНОВ,**





## ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ЗЕРГЕРІ

*(Ардақты ағамыз Қалқаманның  
65 жылдығына арнаймын)*

Ой тіктеп Қызыларайдың заңғарына,  
Сыр іздеп Бегазының аңғарынан,  
Қиялдап, шыңдар қуып, шуақ алған,  
Самалды Сарыарқаның таңдарынан.

Туғанмен отты жылдар заманында,  
Баланың болашағы – талабында.  
Аңыз бен әпсанаға қанып өсті  
Ертекші, жыршы шалдар аمانында.

Жоқтатқан заман болған асыл ерін,  
Кім білген халқым қайта көсілерін.  
Әлихан, Әлімхан мен Жақыптардың  
Естіген еміс-еміс есімдерін.

Қашанда туады ерлер ел бағына,  
Болатын батырлары жел жағында,  
Жидебай, Сеңкібай мен Жалаңтөстің  
Сөздері, ерліктері ел жадында.

Ауылың – өнерлі жұрт, анық маған,  
Әсеттің әсем үні қалықтаған,  
Игілік пен Мәжманның ұсталығын  
Шәкірт ең үйренуден жалықпаған.


Жасыңнан өнер жазды таланыңа,  
Сүйінді елің-жұртың талабыңа.  
Зергерлік бұйымдарың бұйырған-тын  
Көп елдің көсем болған адамына.

Хан тағы, мінбер, қобди, нелер белгің,  
Таралды тартуы боп кемелді елдің.  
Екі рет хас шебердің басын қосып,  
Ауылын қайта құрдың шеберлердің.

Асулар бірте-бірте алытуда,  
Талғамды ел талантына табытуда.  
Көрігін көрінгеннің баспас маңғаз,  
Хақың жоқ халық үшін жалығуға!

Нарт жүзің жүз жаста да жарқылдасын,  
Шығар шың шеберлікпен таусылмасын.  
Тұғырың биік болсын абыройлы,  
Барынша бағалансын алтын басың.

**Қайырбек СӘДУАҚАСОВ,  
Қоғам-мемлекет қайраткері,  
Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы.**



## АЛТЫН АҒАМ

*(Қалқаман Тілеуханов туралы естелік)*

Адамның күні – адаммен демекші, Жаратушы біздерді күнде бір-бірімізбен кездестіреді де, алыстатады да. Сол кезде біз кейде ойлаймыз, кейде мән бермейміз, «неге сол адамды кездестірдім екен?» деп. Себепсіз емес сол кездесулердің бәрі. Тәңір жарылқап, мен де бір адаммен кездестім.

2006-шы жылдың бір күнінде, мен сол кезде еңбектеніп жатқан кәсіпорынымда өзімнің кеңсемнен көрші кеңсеге келуші адам кіргенін естідім. Бірден таңғалғаным келген қонақтың сөздік қоры бай, шұрайлы, әңгімесі көркемсөздер мен көсемсөздерге толы екен. Және айтып жатқаны біздің өндіріс саласынан мүлдем басқаша, өте қызық тақырыпта екенін түсініп жұмысымды тез аяқтап, көрші кеңсеге қарай асықтым. Сол есікке кірген кезімнен осы уақытқа дейін «Шеберлер ауылының» Нұрланы болдым да қалдым. Қалекенмен осылай таныстым. Аға этнограф-ғалым, суретші, қолөнер шебері, оқымысты, рухани бай, ұстанымы мықты, әр нәрсеге өзінің көзқарасы бар дара адам болып шықты. Өзінің жарқ етіп өткен өмірін біздің заманымыздың дерті – еліміздің қазақ болмысынан, ана тілімен, төл мәдениетінен айырлып, мәңгірт болып бара

жатқанымен тартысып өтуіне арнауы еді. Соңғы жазбаларында: «Ана тіліміздің тағдырын ойламай ұлттық қолөнерімізді, ұлттық құндылықтарымызды бағаламау, сақтамау, дәріптемеудің кесірінен талай асылымыздан айрылып, шеберліктің жүздеген, мыңдаған тәсілінен (технология) қол үзуіміздің себеп-салдарын енді түсінгендейміз. Ұлттық сәулет өнері, жиһаз жасау, ұлттық бояулар, қазақ оюының мән-мағынасы, киімі, т.б. көптеген қасиетті құндылықтардан ада болып, оның орнына жалған, «Сырты жылтыр – бүтінге, іші түтінге» бой ұра бастадық. Қарқындай есігімізді теуіп кіріп жатқан жаһандану (глобализация) санамызды улап жатқан жат идеология, дами бастаған туризм салаларының екіұшты таяқ екенін естен шығармағанымыз жөн» - деп, барған жерлерінде бірнеше мәрте үндеу тастады. Сонымен қатар, Қалекен ұлтымызға, әлеуметке, қоғамға көптеген озық идея әкеліп жариялағанына мен куә болдым. Олардың ішінде ұлыстық жиһангездік (этнотуризм) туралы: «Экотуризм, этнотуризмді халқы жұмыспен толық қамтылмаған аймақтарда басымырақ дамытпасақ, кейбір Оңтүстік-Шығыс, т.б. елдерде дамыған жасөспірімдердің, болашақ аналардың азғындауына әкеліп соғуы мүмкін» - деп, осы сала бойынша ой-пікірлерін дамытып, бірінші Ұлттық жиһангездік концепциясының авторы ретінде Үкімет бағдарламасына енгізді. «Егеменді ел болып, ең дамыған елу елдің қатарына қосыламыз» - деп жатқан мемлекетімізде ұлттық қолөнер мұражайының жоқ екенін ойласаңыз? Ұлы даламыз адамзат мәдениетіне біреу емес, бірнеше «Алтын адам» сыйлаған. Заманында әлемдік нарықта үстемдік жүргізген қолөнері бар «Берел» дүниелерін, «Беғазы-Дәндібай» мәдениетінің, т.б. ұлы мұралардың иесі – ұлы халқымыздың әлі күнге дейін бір қолөнер мұражайына қолы жетпеуі зиялы деген қауымды ойландырар жәйт. Мәдениетіміздің, ұлттық рухымыздың денесіне түскен жегі құрт емсіз дертке, аяғы рухани опатқа ұшыратуы мүмкін. Тарих сахнасынан жоғалған ұлт-ұлыстардың болмысын, мәдени деңгейін кейінгілер тек қолөнер мұралары арқылы бағалап, біліп, танитындығын бір сәт естен шығармауымыз керек» - деп ағамыз Қазақстан



Республикасының елордасы Астанада Ұлттық мұражайдың ашылуына зор үлесін қосқан болатын. Бірақ, өмір жолы тақтайдай тегіс болған жоқ. Кеңес үкіметі кезінде, Қазақ Республикасында тұңғыш ұлттық «Мирас» өнер бірлестігін құрғаны үшін, оның ішінде «Көкшоқы» ауылында «Шеберлер ауылының» іргетасын қалап жүргенінде, «ұлтшылсың» - деген жалған айыппен талай қуғынға ұшыраған. Қалекен өзінің жан аямаған батыр екенін, өз ұлтын қаншалықты сүйетіндігін, мақтан ететінін, өз елінің жанашыр ұлы екенін үнемі дәлелдеп жүрді. Мемлекетімізде әжептәуір қызмет атқарған болса да, ағам көпшіл адам болатын. Сауатты, білгір адам болғандықтан өзіне кімді болса да қаратып, баурап алатын мінезі бар-тын. Алдында отырған қарапайым адам, не лауазымды қызметтегі адам болсын, атақ-дәрежесіне, әлеуметтік жағдайына қарамай, бәрімен бірдей тең тіл табысып, пікірлерін тыңдап, сол адамға жағымды, жылы сөздерімен өзі ұстанып жүрген қағидаларын жеткізуге тырысатын. Өзілқой, сегіз қырлы, сері, дарынды адам еді. Осы мінез-құлқымен көпшілікті өзіне баурап алатын, әрі елмен тез танысып, білісіп кететін болғандықтан, танымайтын адамы жоқ-тын. Ақырғы таратқан идеяларының бірі елімізде «Алтын адам» атағын енгізу болатын. Осы жаңалығын бірнеше жерге айтып та, жазып та, қорғап та жүргенінде, ажалдың ұзын құрығына ілініп, арамыздан кенеттен кетіп қалды.

«Бар-жоғы екі-ақ жыл таныс болдыңдар ғой, ол кісі туралы не білесің?» - десейіз, былай қайтарамын: сол кеңседе кездесіп, танысып, бірге жүрген екі жылдың ішінде, біз ағам екеуміз кездеспеген, не телефон арқылы сөйлесіп ақылдаспаған бір күн болмады-ау. Нағыз оптимист маған үнемі айтатыны:

«Бауырым, бүгін біздің ісіміз шешіледі, мен сенемін» - дейтін. Сондағы көтеріп жүрген мәселеміз: Қазақстанда тәуелсіздік алсақ та, ұлттық қолөнерге ешқандай қолдау жоғы, бір де бір қолөнер орталығы жоқ екені, осы мәселені тез арада шешуіміз қажет екендігі. Біз мемлекет тарапынан қолдау болмаса төл мәдениетімізден айырылатынымызды жарияладық. Екі жылдың ішінде осы тақырыппен



Президентімізбен екі рет, Премьер-Министрлермен төрт-бес рет, Парламентіміздің екі палата басшыларымен, Үкімет Министрлерімен, облыс-аудандар әкімдерімен сансыз рет кездесіп, пікірімізді ортаға салдық. Әрине бірден бұл күрделі мәселе шешілген жоқ, оған ағам қатты ренжитін: «Ей, осы қазіргі басшыларға не болған, әттең ағаларымыз Өзбекәлі Жәнібеков пен Заманбек Нұрқаділовтар ерте кетті, олар болса мәселені бірден шешуші еді» - деп айтып қалатын. Жоғарыдағыларға үнемі айтатын мәтелі:

«Адамның шынайы байлығы алтында емес, байлық – жуған кезде кететін қолдың кірі. Басқалардың жүрегінде рухани із қалдырған адам – нағыз бай адам!» - деуі. Көш жүре түзеледі демекші, ептеп, баяу болса да ағамның бастамалары енді-енді қолдау тауып, жүзеге асырылып жатыр. Ағамның арқасында, зымырап өте шыққан екі жыл мерзімде заманымыздың көптеген өнер қырандарымен, майталман шеберлерімен, зиялы азаматтарымен, тарихи тұлғаларымен танысып, дәмдес болып, ой-пікір алмасып, жан-жақты жетілдім. Ата-бабаларымның ата қоныс жерлеріне барып туыстарымды, шежіремді тауып алып, адам болдым.

Айтпақшы, «Алтын адам» атағы да енгізілді. Ал, менен сұрасаңыз айтарым: Ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін, мәдениетіміздің, табиғатымыздың, тарихымызда есімдері алтын әріппен жазылған абзал азаматтарымыздың бірі, жүрегімде рухани із қалдырған адам болған «Алтын Ағам» Қалекең болатын!

**Нұрлан АЙТБАЙ,**  
**2008-шы жылдан бері «Шеберлер ауылының»**  
**жетекшісі.**





## БІР ӘУЛЕТТИҢ ТАРИХЫ

Қызыларай өңірі – ежелден ата-бабаларым жайлаған құтты қоныста мекен еткен ел.

Менің түп атам Қосанұлы Сүттібай би болған кісі. Бес уақытын қаза қылмаған иман жолын ұстаған асқан діндар адам екен. Атақты Тобықтының Құнанбайымен үзеңгілес серік болған. Заманында өзі де қажылыққа барған. Аталарымыз Қызыларай тауының «ҮШ ҚЫЗЫЛ» АТАЛАТЫН ЖЕРҮЙЫҚҚА бергісіз елді мекендеген. Сүтекеңнің әкесі Қосан би өз заманында зор ықпалға ие болған ауқатты кісі болған. Үшқызылдың маңындағы «Егіндібұлақ», «Жыландыбұлақ», «Қасқабұлақ» аталатын бастау-бұлақтардың суы мол. Осынау сулы да нулы ағашты алқапты ел «БИ ТОҒАЙЫ» деп атап кеткен. Баба мазары әлі Егіндібұлақтың желкесінде тұр. Қорым орналасқан маңай «Сүттібай жазығы» аталыпты. Біздің әулет сол замандағы қиындықтардың бәрін басынан кешті. Заманында дәуірі жүріп тұрғанында атамыз сол арадан сегіз бөлмелі үй салдырған. Мен сол бабам тұрғызған үйде – 1936-шы жылы әкем Әзіханның шаңырағында күзде егін жинап жатқан қарбалас шақта дүниеге келіппін. Туысқандар елге аман-есен оралғандықтан, атымды жақсылыққа жорып ырымдап, Аманкелді қойыпты. 1940 жылы Сарыөлең деген жерге қоныс аударыпты. Кейін



ол жер Мәдениет колхозы аталыпты. Балалық шағым соғыспен тұспа тұс келді. Мен сол Мәдениет колхозында мектеп табалдырығын аттап, алғаш тіл сындырып, әріп таныдым, Бастауыш сыныпты алғыр оқып, өте үзік деген көрсеткішпен тәмамдап «Жұмыскер» орталау мектебінде 5-ші сыныпқа бардым. Алтыншы, жетінші сыныпты «5-ші желтоқсан» орталау мектебінде 8-ші, 10-шы сыныптарды Ақтоғай селосының орталығындағы М.Горький атындағы орта мектепте оқып бітірдім. Біздің бабамыз заманында ата қонысымыздағы сегіз бөлмелі үйдің бір бөлмесін Абдусайт деген татарды алдырып балаларға діни дәріс бергізді. Сонда күзетші болып, шешей тазалық жұмыстарын атқарды. Мәдениет колхозының еңбекшілері аянбай еңбек етті, майдан шебіндегі жауынгерлерге азық түлік киім кешекпен қамтамасыз етті. Су қоймасын салуда менің үлкен ағам Қазанғап белсене ат салысты. Сол жылдары өз анам Қаппарқызы Гүлшат бастаған, Секербайқызы Қамара, Бикен, Бибігүл шешелеріміз егістік алқабында жұмыс астық орды.

1956 жылы маусым айында Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтына түспекші болып жолға шықтық. Қасымда Рақымжанов Қадір, Хасенов Ғайнидин бар. Қарқаралы арқылы Қарағандыға оқуға бардық. Қарағандыда Қамара шешеміздің Зәйра деген сіңілісінің үйіне қондым. Танертең тұрып пед институтқа документтерімді өткіздім. Төрт пән бойынша емтихан тапсырдым. Мен өзіме тиісті 17 баллды жинадым деп сенімді едім. Бірақ 16 балл жиыппын. Қайтып келіп Ақтоғай селосындағы клубқа билет сатушы болып жұмысқа орналастым.

Алда Отан алдындағы борышты өтеу міндеті тосып тұр. Нағашым Махмет жолын тауып, бір жылға әскерден алып қалды. Жыл бойы билетші болып жұмыс жасап, кітап кеміріп, келесі жылдың күзіне таман «жығылған күреске тоймайды» демекші, «Қарағанды, қайдасың?» деп, тағы тарттым. Ойым жатпай-тұрмай қалай да оқуға түсу.

Өз жүрек қалауым бойынша сол баяғы химия-биология пәнін таңдап, институтқа қайыра құжат өткіздім. Қазақ тілінен шығарма, орыс тілінен диктант жазып, химия,



физика пәндерінен ауызша емтихан тапсырдым. Физикадан баяғы сол Асылбеков сынақ алды. Таңдаған билетімдегі келген сұрақ Ом заңы. Тоқты паралель жалғау тақырыбы бойынша дайындалып отырмын. Жауап беретін кезегім келіп, ортаға шыққан кезімде сынақ алатын мұғалімнің баяғы сол Асылбеков екенін жазбай таныдым. Ол кісі де мені бірден таныды.

Көзілдірігін шешіп:

– Әй, сен Әзіхановсың ба? Есепті шығардың ба? Әкелші, - деді. Шығарған есебімді мұқият қарап өтіп, зачеткама баттитып тұрып «5» деген бағаны қойып берді. Сөйтіп өткен жылғы оқуға түсе алмай қалған өкініштің орнын толтырып 17 бал жинап, оқуға қабылдандым.

«Іздеген жетер мұратқа» деген халқымыздың даналық сөзі маған арнап айтылғандай, ақыры қоймай жүріп, барлық емтиханды «Өте жақсы» деген бағаға тапсырып, сол жылы оқуға қабылданып, Қарағанды педагогикалық институтының химия-биология факультетінің студенті атанып шыға келдім.

Қарағандының іргесінде Долинкада институтымыздың оқу-жаттығу шаруашылығы болатын, жыл сайын көктем кезінде сонда барып, бір ай жұмыс жасаймыз. Одан кейін бір ай семестрден өтіп, ауылға демалысқа кетеміз. Осылайша алма-кезек ауысқан мезгіл сусып аққан су секілді бес жылдық студенттік өмірімізде де артқа тастады. Институтты үздік бітірдім.

Оқуға деген құлшынысым, білмекке құштарлығым, білімге деген ұмтылысым ұстаздарымның назарынан тыс қалмаған болу керек. «Талағының биті бар. Түбі осыдан бірдеңе шығады-ау» деп, сенім артқан ұстаздарым мені жолдамамен көмір зерттеу ғылыми институтына жіберді. Көмір зерттеу ғылыми институтына баруыма ықпал жасап, ұсыныс берген ұстаздарым Владимир Павлович Усик және Валентина Ивановна Сотниковалар болатын. Бәлкім, сол жолы жолдама берген ғылым институтқа бара қалғанымды, кім біледі, белгілі ғалым атанар ма едім?!

Соңғы курста оқып жүргенде 1960 жылдың 7-ші қазаны күні асқар таудай әкем бақиға озды. Мен ол кезде

Самарқант совхозында егін орағында, комбайнда жұмыс жасап жүргем. «Комбайн тоқтап қалады» деп, басшылар әкейдің қайтыс болғандығы жайлы телеграмманы менен жасырып, түп-тура егін науқаны аяқталған 21-ші қазан күні маған бірақ көрсетті. Басшылардың қысас ісіне деген өкпе-ренішім қара қазандай. Бірақ, қылар қайран, әлдене деуге дәрмен жоқ. Суық хабарды ести сала іле Қарағандыға келіп, ауылға тарттым. Туысқандар әкейді жеке қоймай, Нығметжан деген әкеміздің қасына жерлепті. Әкей жерленген жер көңіліме қонбады. Болары болып қойған іс қынжылсам да, түк істей алмадым. Бір жеті ауылда болып, бата жасап, әкейдің рухына бағыштап, құран түсіртіп, шешеймен қоштасып, кері қайттым. Содан қашан оқуымды бітіріп, ауылға қайтқанша басына белгі қоюдың ыңғайы келмеді. Тек орайын 1962 жылы бір-ақ таптым. Арнайы ас беріп, Құран оқытып, Балқаштан көктас әкеп қойдым. Су жиналатын жерде тұрғандікі ме? Көпке ұзамай бейіт құлап, жер болып кетті. Қолымыз ауызымызға жете қоймаған уақыт қой. Кірпіштен қалқайтып бейіт тұрғызуға мүмкіндік болмады. Өліні құрметтеу тірінің парызы. Әкейдің алдындағы перзенттік парызымды қайтарудың сәті тек 2009 жылы ғана түсті. Бейітті жаңартуға болмайды деушілерге назар аудармай, әкейдің басын кірпішпен қарайтып қайыра көтердік.

1961 жылы 10 шілдеде бәйбішем Тәуірбала Жақыпбековамен дәм-тұзымыз жарасып, отбасын құрадық. Тәуірбаланың мамандығы да мұғалім. Қарағандыдан самолетпен ұшып келдік. Аэропорттан нағашым Махмет «Волгасымен» тосып алды. Тәуірбала ауылға машинамен түскен алғашқы келін болды. Ел «Волғамен» келе жатқан бізді райкомнан өкілдер екен десіп қалыпты. Тәукеңмен 1954 жылы тоғызыншы сыныпта оқып жүріп таныстым, бір-бірімізге өмірлік серік болуға серт байласқанбыз. Онда Тәуірбала сегізінші сыныпта оқиды. Ақырында айтқан уәдемеізден таймай, бірімізге-біріміз берген сөзімізде тұрып, қашан жоғарғы оқуымызды бітіргенше бірімізді-біріміз тостық. Бұрынғылардың өмірдің қызығы мен шыжығы, рахаты мен бейнеті қат-қабат қатар жүреді деген рас екен.

Біз үйленгелі жүргенде күтпеген тосын жайға тап болдық. Тәуірбаланың апасы мен сіңілісі екі баласымен бірдей өрт апатынан кенет қайтыс болып кетті. Апасы Гулшайза сондай бәденді, ақыл-парасаты кескін-келбетіне сай ғажап кісі еді. Жатқан жері жайлы, жарықтық, топырағы торқа болсын. Қонақасын жөнелтіп, қызмет жасап, соңғы сапарға ақ арулап шағарып салдық. Марқұмды күні бүгінге дейін есімізге алып, құран бағыштап, бақилық ғұмырына салауат тілеп отырамыз. Қолымыздан басқа келер не бар?! Алланың жазуына, жазмыштың ісіне қарсы тұрар дәрмен қайда ?!

Бәйбішеммен отасқанымызға туп тура жарты ғасыр болыпты. «Әй» деспей, «шәй» деспей, баянды ғұмыр кешіп, жақсыларға жанасып, тәлімін алып, тәрбиесін көріп, түтінімізді түзу ұшырып, іргемізді кеңейтіп, дүниеге ұрпақ әкеліп, ортаң қолдай он баланы өсіріп, түзу жолға салыппыз. Алладан қанағат тілеген адамға бұдан артық не керек . Балалық шағымызды Әмірхан қыстағында отырып Бөріктас деген жердегі жоталарды аралап ,қоянның көжегін қуып ,жеміс –жидек теріп,серуендеп сейіл құратынбыз. Манайы толған бұлақтардың «Айнамкөз» аталатын жерінде мен отау тігіп , үйлену тойымды өткізіп едім. Таудың көкесі Алтуайт қой. Каникул кезінде мал бағып ата-анамызға көмектесетінбіз. Осы таудың баурайында атақты Алаш көсемі тұңғыш қазақтан шыққан заңгер ғалым Ақбайдың Жақыбының қыстағы болған. Балалық шағымызды қарындасым Рымтай, інім Амантай шешеміздің тәтті ірімшігін жеп асырсап ойнап жүріп өстік. Әкеміз Әзіхан сөзге сараң, мінезі ауыр, аз сөйлеп, көп тыңдайтын тұйықтау жан болатын. Бұйра ұзын сақалы кеудесіне шейін жететін. Жүрт әкейді «Жұнсақал Әзіхан» немесе «Карл Маркс» деп атайтын. Ешкімнің үйінен тамақ ішпейтін кірпияз. Ешкімнің үйінен тамақ ішпейтін. Бес уақыт намазына жығылып, Алласына сыйынып, жүретін құдайшыл адам еді, жарықтық. Халық қатты сыйлап,атында атамаушы еді.

Шешеміз Гүлшат керсінше ашық-жарқын өте пысық кісі еді. Үйдің де,тыстың да шаруасын шырқ үйіріп



әп-сәтте тындырып тастайтын. Таң бозынан дамыл таппай сәске түске дейін құрт, ірімшігін қайнатып, бұзау, қозысын жайғастырып үлгеретін. Құрт ірімшігі, тіл үйретін тәтті, майлы керемет дәмді болушы еді. Шешем бес жыл бойы осы құрт, ірімшігі, майымен менасырап шықты. Біздің үлкен ағамыз Қазанғап Балхаш ФЗО-ны бітіріп, жұмыс жасап жүріп қайықтан аударылып, көлге батып, қайтыс болды. Бойы ұзын сом денелі, зор тұлғалы ірі кісітін Жартаст су қоймасын салғанда, үлкен-үлкен тастарды қаңбақ құрлы көрмей көтеріп алғанын сан талай көзімізбен көрдік. Өкінішке орай, артында тұяқ қалмады. Әзіханның ағасы Есімхан. Есімханның Разия, Адамбек атты екі баласы болған. Разия 1942 жылы қайтыс боп кетті. Жазбектегі көп аруақтар жатқан жерге жерленді. Адамбек Ташкенттегі Заң техникумының 1 курсы бітіріп 1942 жыл 19 жасында әскерге алынды. Сұңғақ бойлы, ашаң жүзді, аққұба өңді кісі болатын.

Ел бізді «Беріксары» деп атайды. Оның себебі неде Біздің әулеттің үлкендерінің аузынан естіген деректі талдап, тарқатып, мәнісін түсіндіріп көрмекпін. Бірде жолдасым Тәуірбала үлкен аталарымыз Қабыхан, Досымханға шәй беріп отырып, «Біздің бабамызды ел неге «Беріксары» дейді? «Берік» тіркесі сараң дегенді білдіргені ме? - деп сауал қойған болатын. Сонда үйдегілер неліктен «Беріксары» аталғанын жайып салды.

Дуаннан болыс сайлауына ояз келмекші болып, Қара-Шор, Қырғыз руының игі жақсылары жағалай үй тігіп, ас-су әзірлеп, оязды қарсы алуға жиналады. Ояз әне келеді, міне келедімен тоса-тоса қажыған игі жақсылар «Ояз келгенде бәріміз бір кісідей орнымыздан қозғалмай отырып алайық» деп, сөз байласып уәделеседі. Біршама уақыттан кейін пәуескелетіп, қоңыраулатып оязда көрінеді. Әлгінде гана «Орнымыздан тапжылмаймыз» деген «игі жақсылар» тысқа қалай ата-ата жөнелгендерін қалай байқамай қалады. Тек айтқан сөз берген сертінен танбай Сүтекең бабамыз гана қаққан қазықтай тапжылмайды.

Үйге еніп төрге жайғасқан ояз босаға жақта қоғадай жапырылған игі жақсыларға қосылмай, кіріп кел-





генде орнынында мызғымай отырған кісіні «Мына адам кім?» деп тілмашынан сұрайды. Тілмаш «Бұл кісі Қосанұлы Сүттібай» деп Сүттекеңді таныстырады. Ояз орнынан ұшып тұрып «О, олай болса бұл кісіге сәлем беруім керек» деп таяп келгенде Сүттекең оязға қолын бермей, қолындағы таяғын ұсынады. Ояз Сүттекең созған таяқтың ұшын сүйіп, биге құрметпен тағзым етіпті. Жиылған жұрт Сүттекеңнің ояздың алапатынан ықпал, бәтуаласқан сертінен таймай сөзге беріктігін ел алдында дәлелдегені үшін, содан бастап «Беріксары» атап кетіпті. Себебі Сүттекеңнің өңі сарғыш кісі екен. «Берік» сөзіне «сары» тіркесінің қосылу себебі содан дейді үлкендер. Тауырбала сен көзің ашық, көкірегің ояу бұл біз айтқан әңгімені ешкімге айтпа деп ескертті. Шайдан кейін ризалығын білдіріп, батасын беріп кеткен. 2006-шы жылы аталарымыздың «Өлі разы болмай, тірі болмайды» деген сара жолын ұстанып, бабамызға ас бердік. Мазарының басына ұрпақтары атынан ескерткіш қойдық. Жеті адамға құран оқытып, 13 адамға шапан тараттық. Бұл да бұрынғылардың жөн-жоралғысы.

Шешеміз Гүлшат бәрін әріден ойлайтын сұңғыла кісі болатын. Шешейдың туған бауырлары біздің нағашыларымыз Қаппар бидің балалары Садыхан (Сәкітай) ағасы Махмет (Мағытай) Мұқатұлы, Масхұт (Мәстай) шешемізді қатты сыйлайтын. Сәдіхан Моңғолияда атты әскер қатарында қызмет жасаған. Армияда 1948-ші жылы оралған. Әскерден келісімен шешеміз Рәзиямен тұрмыс құрған. Алайда үйленгендеріне бірнеше жыл өтсе, де Рәзия шешейдің пұшпағы қанамай, бала сүйе алмайды. Содан Сәкітай келіп, әкей мен шешейден бір балаларын бауырына салып алуға үгіттеп қолқа салады. Бастапқыда әкей бұлтақтап бойын алып қашқанымен, бір жағы бірнеше мәрте алдарына жығылып келген нағашымыздың сөзін жыға алмай, екінші жағынан шешейдің «Әкем Қаппардың аты атаусыз қалады гой» деген алаңын ойлап, екінші сыныпта оқитын тоғыз жасар Амантайды нағашымыздың бауырына салып бермекке ұйғарады.

Шілде айының шуақты тамаша күндерінің бірінде Амантайға тоқымқағар жасап, Киров колхозындағы



нағашыларымыз Садыхан мен Рәзиге еріп, күреңқасқа құнанға мінгестіріп, мен апарып салдым. Үлкендер баталарын берді. Сонымда ерген Ақтөс деген итім бар. Үш-төрт күн аунап-қунап, нағашымның үйінде жаттым. Нағашыларымыз көрші-қоландарын, жақын-жуықтарын шақырып, шілдеhana тойын жасады. Амантай мені айналшықтап, күреңқасқа құнан мен Ақтөстің маңынан шыққысы келмейді. Бала болса да, іші бәрін сезеді ғой. Ауылға Амантай ұйықтап жатқан кезде қайтып кеттім.

Сөйтіп Амантай інім Садықан нағашымның баласы болып кете барды. Уақыт озып, Амантай да азамат болып, ержетіп есейді. Рәзия шешей мен Садықан нағашым Амантайдың басынан құс ұшырмай аялап, мәпелеп еркелетіп, еркін бұла өсірді. Тірі жан бетінен қаққан жоқ. Рәзия шешейдің қолы қандай? Ұстаған қымызы тіл үйіретін, шіркін, балдай еді-ау! Амантайдың ішетіні қымыз, жейтіні ет. Ішкені алдында, ішпегені артында. Қамсыз тірлік кешті. Әскерге жібермей алып қалып, оқуға түсірді. Қарқаралы зооветтехникумдын ойдағыдай оқып, бітіріп, ауылға қайтып, бөлімшеде зоотехник болып қызмет жасады.

Амантай 13 жасқа толған кезінде Алдаш Сейсекеев нағашымды шақырып алып, баланы Әзіханның атынан өз фамилияға ауыстыру керек депті. Ол үшін екі жақтың келісімін алу қажет көрінеді. Сөйтіп Амантайдың куәлігі «Қаппаров» болып өзгертілді. Келініміз Майрамен отасып, өмірге Ораз, Алмагүл, Бейбіт, Айнұр, Гүлмира, Арнұр, Ажар атты балалары келді. Балаларының барлығы дерлік өмірден өз орындарын таып, Қаппар нағашымның атын өшірмей әулетін көбейтіп отыр.

### **Ұстаздық еттім, жалықпай...**

Институтты бітіріп елге келіп, отбасын құрып, шаңырақ көтеріп, еңбек жолымды 1962 жылы Қызыларай орта мектебінде химия және ауылшаруашылық негіздері пәндері бойынша мұғалімдіктен бастадым. 2 жыл Қызыларай орта мектебінде ұстаздық етіп, жоғары оқу орнынан алған теориялық білімді практикалық тәжірибемен



ұштастыра отырып, алдыңғы толқын аға ұстаздарымнан ұлағат-үлгісін көкірегіме тоқи жүріп, ысыла бастадым. 2жылдан кейін маған үлкен сенім артып, сол кездегі оқу бөлімінің меңгерушісі Айыпхан Жақатаев мені Қызылтас сегіз жылдық мектебіне директор етіп жіберді.

Қызылтаста мектеп ұжымымен біршама жыл қоян-қолтық жұмыс жасап, еңбек еттік. Қызылтастықтар өте еңбекшіл, өте қарапайым қонақжай ел.

Қызылтастан кейін Еңбек орталау мектебінің басшылығына бардым. Онда болған жылдарымда да кәсіби әдеп пен адами болмысымды жоғалтпай, мектеп ұжымымен ортақ тіл табысып, ортақ мәмілеге келе отырып, жұмыс жасадық деп білем. 1964-1971-ші жылдар аралығында аталмыш екі мектептің директоры міндетін абыроймен атқардым деп ойлаймын.

Жеті жылға жуық елден жырақ жүріп, Қызылтас, Еңбек мектептерін басқарып, өз өтінішіммен Қызыларайға сұрандым.

Аудандық оқу бөлімі менің өтінішімді құп алып, ауылға оралдым. 1971-ші жылдан бастап, 1979-ші жылға дейін Қызыларай орта мектебінде директорлық жұмысты атқардым. 1980-ші жылы мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып ауыстым. 1996-шы жылы зейнеткерлік демалысқа шықтым. Ұстаздық еткен жылдары Қарағанды педагогикалық институтында алған біліммен шектеліп қалмай, үнемі Қарағанды, Алматы, Орал қалаларына барып білімімді жетілдіріп, білімімді арттырып отырдым. Нәтижелі еңбегімнің айғағы болар, түрлі деңгейдегі оқу-ағарту саласының басшылықтарының грамоталарымен марапатталып, «Халық ағарту ісінің үздігі» белгісін кеудеме қададым.

Жігіттің үш жұрты болады дейді қазақ атам. Өз жұртым Майлық атаны елмен дәріптеп, әспеттемесем де жақсы біледі.

Екінші жұртым – нағашыларым, бабаларымның нағашы жұрты да Тобықты атаның баласы – Қалдау. Оның ішінде сонау әз Тәуке кезінде би болған ел ішінде «Қалдаудың қара жорғабиі» атанған Қаппар, Мұқаттар

марқұм біздің нағашымыз болып келеді. Жігіттің жақсы болуы нағашыдан деген сөздің төркіні осыдан. Өмірдің жазы жылысып, қысы қалғанда, көңілдің оты басылып, ысы қалғанда адамда ой көбейіп, қиялыңды әр саққа жетелейді екен. Дүбірлі дүниеде ғұмыр кешіп аңғарғаным, тынымсыз тіршілікті қуып байқағаным, нағашысы жақсының бағы таймайды екен. Жиені жақсының сағы сынбайды екен!

Нағашыларымыз Махмет, Сапуралардың қолында болып тәрбиелерін көп көрдім. Сегізінші сыныптан оныншы сыныпқа шейін осы кісілердің қолында оқыдым. Студент кезімде де, үйленген кезімде де көмектерін аямай үнемі жәрдемдесіп тұрды. Сапура шешеміз қолы ашық, дастарқаны адал, асты сондай дәмді әзірлейтін. Махмет нағашым майданға қатысқан, Ұлы отан соғысының ардагері. Ленинградқа Пин шығанағына баратын өзеннен өтіп, Ладога көлі арқылы мұздың үстімен машиналардың жарығын жақпай талай қатынапты. Сол батылдығы мен ерлігі үшін омырауында «Қызыл Жұлдыз» ордені қалған.

Нағашым Махмет сүрінсем сүйенерім болды, жығылсам тіренерім болды. Жігерімді жанитын қайрағым болды, тілеуімді тілейтін айбарым болды. Иманды болғырдың екі дүниеде де әркез мерейі үстем, рухы биік боларына өз басым кәміл сенем.

Қазір ұрпақтары Қарағандыда тұрады, Ерғали Мұқатов – техника ғылымдарының кандидаты. Төленді Мұқатов қайтыс болған. Жолдасы Орынбике қажылық сапарға браған. Иманды жан. Орыны бар оңалар демекші нағашымыз өмірден озып кетсе де артындағы ұрпағы көріп, көзіміз қуанып, көңілім орнығып, шүкіршілік етеміз.

### **Қары сынар қайын жұрт**

Әлгі әзірде айтқан жігіттің үш жұртының бірі-қайын жұрт. Атамыз Жақыпбек қатарына сый-қадірі артқан өте беделді, өте абыройлы кісі. 104 жасқа жетіп өмірден өткен Ұлы отан соғысының ардагері ауылшаруашылық саласында тер төгіп еңбек еткен. Руы Сарым оның ішінде Қожағұл. Үлкен баласы Есентай ауылшаруашылығында

түрлі басшылық қызметтерді атқарған. Сағатбегі де сол Сарытерек савхозында біршама жыл бас зоотехник болып жұмыс жасаған. Ауған соғысының ардагері. Жақыпбекова Гүлшайза. Бұл кісі фәниден озған. Гүлзия есімді қызы Қарағандыда дәрігер. Төлеуғайша Оқжетпесте сауда қызметкері. Жолдасы Мұратбек инженер. Айтқайша Сарытерек ауылындағы Ж.Кеңесбаев атындағы орта мектепте мұғалім. Күйеуі Берік Айтбаев.

Амантай Қазақстан Республикасының денсаулық саласының озық қызметкері. 27 жыл «Оқжетпес» санаторийін басқарған. Жұбайы Гауһар Балғазина «Оқжетпес» санаториында көз дәрігері.

### Тәуірбаланың естеліктері...

Мен бұл шаңыраққа келін болып алпыс бірінші жылы түстім. Танысуымыз одан әжептәуір ертерек 8-ші сыныпта жүргенде басталған. Он жылдықты бітірген соң Саран қаласындағы педучилищеге оқуға бардым. Сол жақта жүріп біріміз бойжеткен, біріміз бозбала болып, кездесіп жүрдік. Кездесе жүріп, бірімізді-біріміз білуге, тануға тырыстық. Ер балаларға қарағанда, қыз балалар сұңғылау болады ғой. Болашақ жарыңды тереңірек танып-білгің келеді. Сырына қанығып, мінез-құлқын байқастайсың. Уақыт мол, екеуімізде оқу оқып жүрген сыбай-салтау студентпіз. Үйлену, үй болу дегенді әлі жоспарымызға енгізе қоймаған кезіміз. Аужекең ол кезде қылшылдаған жас жігіт. Қылтың-сылтыңы байқалмайды. Сабырлы, ұстамды. Кез келген қыз менің жарым болсын деп армандайтын жігіт. Ішкі түйсігім кет әрі емес. Сөйте-сөйте бір-бірімізді жақын танып, оқу бітірісімен тағдырымызды қосуға сөз байласып, бірімізді-біріміз шынайы ұнаттық.

Біздің әке Жақыпбек совхозда жылқы баққан, атақ-абыройға бөленген, ауылдың, ауданның басшыларымен етене жақсы араласқан, еті тірі кісі болды. Жұрт қатарлы өмір сүрдік деп айтсам, көрер көзге жалған айтқан болармын. Тұрмысымыз көп елден көш ілгері ауқатты тұрдық. Ішкеніміз сары қымыз, жегеніміз жал-

жая, жылқының еті, киіміміз көк, тамағымыз тоқ, ешкімге жаутаңкөз қылмай, бізді әлпештеп аялап өсірді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген даналық сөз біздің әкейге қарата айтылған секілді көрінеді де тұрады маған. Жасынан балаларының құлағына «еңбек етсеңдер ешкімнен кем, ешкімнен қор болмайсыңдар» деген өсиетті қатты құйып өтті. Күні бүгінге шейінбалаларының барлығы қатарларынан қалып көрген емес. Барлығы өмірден ойып тұрып, өз орындарын тауып, елдің алдыңғы легіненкөрініп, барлықта, тоқшылықта тұрмыс құрып келеді.

Қарағандыда жүргенімде, 49 мүшелінде шешеміз дүниеден өтті. Шешейдің руы – Көшкін ата. Оның ішінде-Орысбай. Әділбай молданың қызы. Нағашы шешеміз Қадыш деген кісі. Екеуіне де көз тиіп, қайтыс болған. Ахмедия деген жалғыз ұлы болған. Туысқаны Рақымжан Шаяхметов Алматыда үлкен лауазымды қызметте істеген. Бұл кісілер шешелерімізбен немере болып келеді. Шешей өмірден өтерінің алдында шақырып алып маған:

- Балалар жас, әкең кімді алам десе де қарсы болмаңдар. Артыңа қарайламай оқуыңды оқи бер, - деп өсиет айтып маған соңғы тапсырмасын берді. Мен жасымда өткірлеу, өжет болатынмын. Шешеме:

- Сіздің айтқаныңызды тыңдадым. Енді сізге де менің айтарым бар. Соны тыңдаңыз. Сіздің ақтық сапарыңызға лайықты шығарып салып, жеке бейіт соғамыз, - дедім. Шешей қарсыласып:

- Қайтесіңдер, босқа әуреленіп, шамаларың келмес,- деген соңғы сөзін айтып өмірден өтті. Үлкендер жағы Мұхамедия, Зықыш деген кісілер «Амантай жас қой, ерке өскен, у-шуды көрмей-ақ қойсын. Қойға барсын», - деп, інімді өлікке жолатқылары келмеді.

Ауылдың бас көтерер әкелеріміз шешемізді «қыстаққа апарып жерлеу керек», - деген ұсыныстарын білдіріп жатты. Әкей де солардың жағына шығып, осы шешім дұрыс, - деп келісімін берген сыңай танытты. Мен оларға үзілді кесілді қарсы тұрып:

- Шешеме берген уәдем бар. Орталыққа қоямыз, - деген кесімді пікірімді өзгертпейтінімді білдірдім. Інім

Амантайды соның алдында ғана оңаша шығарып алып, құлағына сыбырлап, «Досшатай деген кісінің бейітінің бергі жағынан биіктеу жерден қабірді қаза бер. Анамызды сол жерге жерлейміз», - деп айтып қойған болатынмын. Ақырғы аяғында сөзімді өткізіп, шешемізді Жетімшоқының басындағы қорымға қойдық. Амантай бар, өзге де бауырларым бар, жерді үлкен қырман етіп қазып, су құйып аяқпен айдап, балшық құйып, шешемізге бейіт тұрғыздық. Қу ауданында тұрмыстағы Құлшайза апамыз келген.

Әкеміз бәйбішесі қайтыс болған соң, сөз салушылар көбейді. Әкеміз ауқатты, шаруашылығы мығым, қақ-соқпен ісі жоқ, біртоға есті кісі. Сол уақыттары бізді ауылға Қаман деген екі-үш баласы бар бойдақ әйел көшіп келген. Әкей сол кісіге ойы кетті. Тек әлгі әйел біздің елдің қызы екен. Содан ауылдағы Кәріпбай деген молдаға барып әкеміз:

- Балалар жас ертең бәрі оқуға кетеді. Мен үйде жалғыз қалам. Осылай да осылай, көкейдегі адамым бар елдің адамы. Шарифат жолы біздің отасуымызға қайшы келмей ме?- деп ақыл сұрайды. Молда:

- Бұрын тұрмыс құрған адам ба, - деп сұрайды. Әкей бірді-екілі есік көргенін айтады. Кәріпбай молда:

- Онда, ол ендігі басқа елдің адамы болып кеткен. Шарифат қосуларына қарсы емес, - деп, кеңес береді. Сөйтіп, біз өз қолымыздан кейінгі Қаман деген шешемізді әкемізге алып бердік. Мен оқуыма кеттім, апам еліне қайтты.

Құлшайза апам Қалашбаев Нәсен деген Қу ауданның жігітіне тұрмысқа шыққан. Агроном болып Ақтоғайда жұмыс жасап, ауылына көшіп кеткен.

1961 жылы оқуымды бітіріп, тура дипломымды қолыма алуға бір күн қалғанда әлгі апам кенеттен қайғылы қазаға ұшырады.

Апам екеуіміз ақылдасып әперген шешеміз жаман болған жоқ. Бізге жақсы қарады. Қаман шешемізден Сағатбек, Манатбек, Айтқайша, Төлеуғайша бауырларым дүниеге келді. Қазір бәрі де ержетіп, етек жауып әулетімізді ұлғайтып, өз алдына ел болып, жұрт болып отыр. Оқуымды



бітірісімен келіскен уәде бойынша Аужекеңе тұрмысқа шықтым. Келін болып түскеннен бастап ұстаз болып қызмет атқардым. Өмірге ұрпақ әкеліп ана атандым. Үлкендерін аталап, ағалап, үлкендердің тілін тауып енеме де, елге де жағып, жақсы келін болдым. Енем сондай жақсы кісі еді. Бос сөзі, қылтың-сылтың артық-ауыс мінезі жоқ, бәрін байыппен шешіп, бәріне парасатпен қарайтын есті жан болатын. Келін болып түскеннен бастап, туған қызындай ішіне тартып, барлық үйдің еркін маған беріп қойды. Қызыларай орта мектебіне мұғалім болып орналастым. Алтынай дүниеге келді. Біз енемізбен қыстақта тұратынбыз. Осы кезде совхоздан үй берді. Екінші қызымыздың атын Зоя деп Заруханның әкесінің бәйбішесі Зоя Космодемьянская секілді батыр болсын деп есімін ырымдап қойды. Отағасын қызмет бабымен жоғарылатып, Еңбекке мектеп директоры етіп ауыстырды. Еңбекке келгеннен кейін Рымтай қайын сіңілім үшінші қызымыздың атын Алма деп қойды. Алмадан кейін Бақыт деген қызым дүниеге келді. Қызыларай еліне көшіп келгеннен кейін көптен күткен ұлымыз Мейрам дүниеге келді. Зәруханның әкесі атақты Сүттібай би бабамыздың ұрпағы болсын, аты Мейрамсопы болсын деп қойған.

Ақан атамыз қайтыс боларда айтқан екен жақын туыстардан ұл бала болса Мейірман қойыңдар, - деп Жолтай келіне, сөйтіп Мейірман қойдық. Келесі қызымды Баян деп қойдық. Үшінші ұлымыз Дәулетхан туды, одан кейін Лена, Индира туды. Барлығы да оқуын жақсы бітіріп, қазіргі таңда ұлдар үйлі болып, қыздарым тұрмыс құрып, бәрінен немере-шөберелерім бар. Қазір жасым 80-ге келді. Халықтан жақсы бата алып, өмір сүрудемін. Қазіргі таңда Елбасының «Рухани жаңғыруына» байланысты балаларымның барлығы дерлік бірігіп, Қызыларай орта мектебінде жұбайым Әзханов Амангелді өзі жетекшілік еткен хим-биология кабинетін «Қаламына құт қонған ұстаз» тақырыбында стенді жасаланып, интерактивный тақта қойылып, қазіргі заманға сай жөндеу жұмыстарынан өткізіліп жұбайым Амангелдінің атына қойылды. Қазіргі уақытта осы кабинеттің жетекшісі болып Қабықан атамның шөбересі Зәруханқызы Әсем жетекшілік етіп отыр. Ал





кәбинеттің жөндеу жұмыстарына ат салысқан ұлдарым Мейрам, Меирман, Дәулет қыздарым Бақыт, Индира және күйеубалам Мұсаханов Қанат. Балаларыма үлкен рахмет.

**Амангелді ӘЗІХАНОВ,**  
**Халық ағарту ісінің үздігі, Еңбек ардагері.**



## ІЗДЕНИС ДЕРЕКТЕР

*Өткен адам болады көзден таса,  
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса.  
Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,  
Керектісін ескеріп ұмытпаса.*

**ШӘКӘРІМ.**

Халқымыз жеті атасын білмеген жетесіз дейді. Біз туысқаншыл, бауырмал халықпыз, бір-бірімізбен қалай туысамыз. Осы сұраққа мүмкіндігінше жауап беру үшін ата-бабамыздың шежіресі осы кітапта баяндалды.

Бүгінгі халқымыздың езілген еңсесі, тапталған рухы көтеріліп ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып жатқан кезде өзіміздің шыққан тегімізді танып білуіміз қажет. «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді біледі» деген сөз бар ұлдың да қыздың да жеті ата ағайынды, он ата жамағайынды білгендері жөн.

Бұрынғы үлкен әке-шешелеріміз туыстық желіні үзбеген, береке бірлікті бұзбаған, үлкені сөз бастаған, кішісі ағаның сөзін қостап, сүттей ұйып ғұмыр кешкен.

Қазақ баласы жолаушылап келе жатса жолыққан адамнан жеті атасын таратысып, егжей-текжей жөн сұраса келіп: сен өзі бөтен болмадың тіпті ет жақын туысым болып шықтың десіп құшақтасып, әзілдесіп ел-жұрттың



амандығын сұрасып бір жасап қалады.

Мұның бәрі қазаққа тән қасиет. Қазақ ұғымында шежіре ата-бабамыздың бүгінгі күнге дейінгі таралуы жөнінде мәліметтер жиынтығы.

«Сарқылып бара жатыр дариялар, азайып бара жатыр қариялар» демекші қазір ата-тегімізді сұрайтын қарттар қатары сиреп барады. Бұл шағын шежіре – құнды дүние. Ол келесі жас ұрпаққа тапсырылатын аманат, мұра.

Кітап ішінде кейбір қателіктер назарға ілінсе ақыл көзімен көріп, көңіл қалауымен түзетіңіздер.

Бабамыздың Құсайын баласынан Досымхан, Күлхайыр, Замия, Манат, Жанат өмірге келіпті.

Досымхан әкемізді бәріміз әкем деп атаушы едік. Ал әкеміз Манат, Жанат деп еске алып отыратын. Сол әкемнен естігенім Манат сауатты, ауылдық кеңесте хатшы болыпты, Жанат сұрапыл соғысқа кетіп, хабарсыз кеткен екен.

Әкемнен қыздары – Рая, Рымкүл, жалғыз ұлы Кәдірхан болды.

Бикен шешеміз өте адуынды болыпты.

Рымкүл марқұм 1967 жылы жаз айында жайлауда отырғанда Сәрсен ұлына босанып, өзі қайтыс болды. Сәрсен анасын ембей құндақта қалды. Әжесі Дәмилә апа асырап жеткізді, бірақ олда өмірден ерте кетті.

Әйтеуір артында Олжас, Манас ұрпақтары бар.

Кәдірхан аға өте ерке, тентек болды. Марқұм әкесі айтқанын орындайтын. Өз қатарластары арасында өте әлді, белдесе кетсе жеңіп шығатын.

Ағамыздан Айдын, Меруерт, Ләззат атты ұл-қыздары дүниеге келді. Әрине өкініштісі Меруерт бауырымыз өмірден ерте кетті.

Ұлы Айдын жоғарғы білімді, жақсы азамат болып өсті. Мұрағат (архив) саласын меңгерген, қазір Саран қаласы мұрағатында басшы.

Досымхан, Кәдірхан немерелері – Шыңғыс, Олжас, Аяулым, Ақниет, Айзере өсіп келеді.

Жездеміз Несібелдіұлы Ахмет пен Күлхайыр апайымыздан тараған ұрпақтар Қабзада, Сейітзада. Қазір

өмірде жоқ. Қабзададан – Мұрат, Дина, Нила. Мұраттан – Костя, Марина. Динадан – Рүстем, Нилдан – Әнуар.

Сейітзададан – Мина, Нәсір, Қадір, Қаби, Нұрсейт, Нұрзия, Нұрлан, Мәкен. Нәсірден – Бағлан. Жиендер ұрпағы жалғасуда.

**Береке ӘДІХАНОВА,  
Қызыларай**



## БАБАМЫЗҒА ТАҒЗЫМ

Қадір-қасиетіңнен айналайын ата қоныс Қызыларай иісі қазақ үшін шұрайлы өлке, алтын бесік. Біздің әулет соқпағын жалғастыратын ұрпақ шежіресі осы жер жанныатымен тығыз байланысты. Бүгінде ақарлы-шаһарлы әулет атанып, тамырын тереңге жайып мәуелі бәйтеректей жайқалып отырғанымыз осы жер ананың киесі. Бабалар салт-дәстүріне адалдық танытып, есімін жаңғыртып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру – ізгі ниетіміз, асыл парызымыз. Ұрпаққа аты ұмытылмай жеткен Сүттібайдан тараған Мершінбайдың ұрпағымын. Тарих көші тоқтаусыз керуен тартып келеді.

Ертеде әжем Уәлиханқызы, Мершінбай келіні, Ақай бәйбішесі Айша кейуананың айтып отыратын әңгімесінде:

Сүттібай бабам болыс болған, би болған. Ел ішіндегі ұрыс-керіс, дау-дамайды өзі шешіп отырыпты. Аттарын атамай, «Үлкен қажы», «Кіші қажы» деп отыратын. Әжемнің екі көзі көрмейтін, бірақ көкірегі ояу еді. Өзі өмір сүрген уақытты аңсап, қоңыр дауыспен зарлы ән айтушы еді. Ән ырғағын «Үшқызыл жерім-ай, Сауықшыл елім-ай» деп қайыратын, қысқы қыстау, жаз жайлаулары, Қаршығалы өзенін айтып, өзімен-өзі сөйлесіп, есіне алып отыратын. Қазір ойласам, өздері өмір сүрген қоғамда өте



дұрыс өмір сүрген. Ал әжемнің көксеп, армандап отырған мекені өте алыста, тіпті басқа жақта деп ойлады.

Бұл жерді көру бізге марқұм асыл ағамыз Асылханның арқасында болды. Басшылық қызметте жүрсе де уақыт бөліп, марқұм өмірден ертерек кетерін білгендей, ағайын-туысты ұйымдастырып, мазар басына, қыстауларының орынына апарып еді.

Қырдың басында үлкен қорымда кірпіштен салынған шошақ бейіттің ішінде қабір кебеже тәрізді қаланыпты. Мазар ішіне Елшібай баба ұрпағы қолөнер саласында республика, шетелдерге танымал марқұм Тілеуханов Қалқаманның қыз баласы кіріп, Құран оқыды. Мазар ішінен Құран кітабының парақтарын алып берді. Мазардың осы уақытқа дейін құламай сақталуы – кірпіш қалауда сол заманның озық технологиялары қолданылғаннан секілді. Зират тұрған жердің табиғаты көрікті, айналасы көкорай шалғын, сылдырап аққан бұлақ.

Жаз айларында арнайы барамын, аруақтарына тағзым етемін. Тынысым кеңейіп, өзімді басқаша сезінемін.

Осы жерде соғысқа дейін мектеп болыпты. Мектеп ғимараты бабамыздың үйі болып, онда кейін танымал азаматтар – Қарабалин Ғайнолла, Ақбаев Құлжанбек, Сейдахметов Молдахмет, Тапаева Кәшім, Кұлпан апайлар дәріс алыпты.

Баба ұрпақтарындағы әйелдер қауымы ертеден «Сүт» деген сөзді атамай, «Ақ» деп айтады. Бұл қағида әлі де сақталып келеді.

Бабамыздың кенжесі – Қабықан (Кәллә) үйін үлкен үй деп айтамыз. Қабықан әкеміздің бәйбішесі Бибігүл анамыз ерте қайтыс болды. Бірақ, үлкен үйге Секер жеңгеміз көрші ауылдан келін боп түсіп, құтты келін болып, сол үйдегі барлық бауырларымызды аяқтандырып, жеке-жеке үй етіп шығарды. Секердің өзі әкесі жағынан біздің әулетке ескіден туыс-жекжаттық қатысы бар көрінеді. Қазір қалада алаңсыз демалуда. Қара шаңырақ саналатын үлкен үйдің отын Данияр мен Арай жағып отыр.

Марқұм әкем Әдіханмен бірге туған Әлхан ағасы мен Сәкен атты қарындасы бар. Әлхан әкеміз партия мүшесі.



Сауатты болған екен, сатушылық қызмет атқарыпты. Сұм соғыс оты біздің әулетті де шарпып өтті. Әлхан, Әдіхан ағайымен, жездеміз Бейсенбек үшеуі бірдей соғысқа алынды. Соғыстан әкеміз ғана аман оралған. Ағасы мен жездесі хабарсыз кеткен. Әжемізге майдангер отбасы ретінде мемлекет ақша төлеп тұрды.

Ата-анамыз 1932 жылдарғы ашаршылық нәубетін, 1937-жылдардағы қуғын-сүргін, одан кейінгі Ұлы Отан соғысын, тылдағы еңбекті, соғыстан кейін қираған шаруашылықты қалпына келтіру қиындықтарын бастан өткеріп, бейбіт күні кең тыныс алып, ұрпағына үлгі-өнеге болар еңбек жолынан өтті.

Әкем 1985 жылы 74 жасында, анам 2019 жылы 96 жасында қайтыс болды.

Әжем Айшаның «Өзімнің ермегім» деп атын қойған Ермектің, бауырларым Жұмахан, Кенжегүл, Гүлсім, Абзалдың өмірден ерте кетуі ауыр тиді. Қайран бауырларымды өксікке толы өкінішпен, зор құрметпен еске аламын.

Бабам Сүттібайдан тараған Мершінбай – Ақай – Әдіханның қаншама ұрпақ өсіп-өнген қара шаңырақ, қара орынымыздың иесі де, киесі де Әділ мен Құралай.

Баба рухын ардақтап, солар көтерген шаңырақтардың еңсесін түсіртпей жас ұрпаққа аманат етіп тапсыру, дәстүр етіп қалыптастыру, жол көрсету – аға буынның міндеті.

Баба ұрпақтары жас құрақтай желкілдеп өсе берсін.

Бабамыздың аруағы риза болсын. Әумин.

**Береке ӘДІХАНҚЫЗЫ.**



### РАҚЫШ ӘКЕМІЗДІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

#### «Алдымен өз беті-қолын жуып алсын...»

...Колхоз асыл тұқымды меринос қошқарлар сатып алады. Оны бағып-күтуге Қасым деген кісіге береді. Қошқарға қажетті жем-шөп, орын сай болады. Қошқарларды ауық-ауық жуып, тазалап тұру үшін сабынға дейін береді, мал мамандары қалай күту жолын айтады.

Қасым жалқау, өз басын да күтіп жүрмейтін кісі екен. Ол қошқарларды жөндеп күте алмайды. Бір күні колхоз басқармасы келіп қошқарлардың күтімін қарайды. Ол Қасымға «қошқарларды күтпейсің, мезгілінде жайып, жем бермегенсің. Алғалы жүнін бірде тазартпағансың» - деп ұрысып жатады. Сонда қастарында тұрған Рақыш ақсақал колхоз бастығына «Сіз бұған қошқарды жуып күт дегенше, ең алдымен, өзінің беті-қолының, мойынының кірін жуып жүр» деп неге айтпайсың!» депті...

#### «Көзімнен түйеңді тауып ал...»

Рақыш ақсақал мал жайып жүреді. Қасына Қалияқпар деген жігіт шауып келеді. Сәлемдесіп, амандасқаннан кейін Қалияқпар «Ақсақал, көзіңізге түйе



түсті ме? Біздің қара атан жоғалып, соны іздеп келемін» депті. Рақаң еш нәрсе айтпастан атынан түседі: «Атыңнан түсіп, аяғыңды көсіліп отыр» деп Қалияқпарға бұйырады. Жігіт не екенін түсінбей, ақсақалдың айтқанын орындап, атынан түсіп айтқандай отырады. Рақаң шал атынан түсіп жігіттің алдына жатады, сөйтіп «Ал енді, көзіме түсіп кеткен болса, түйеңді іздеп тауып ал» деп көзін ашады. Қалияқпар ұялып қалып, «ақсақалдың өзі қызық екен» деп атына мініп кетіп қалады...

### Шекпеніңнің жеңі

Рақаң ақсақал әйелі мен балалары істеген жұмыстарын өз көңіліндегіндей орынды істемесе, тез ыза болып оларға үндемей-түндемей басқа бір күлдіргі жұмыстар жасау арқылы олардың жіберген кемшіліктерін бетіне басатын еді.

Бірде Рақанның әйелі Омархан деген ұлына шекпен тікпекші болып, Рақаң әйеліне «шекпенді баланың жүріп-тұруына ықшамды етіп тік» деп айтады. Әйелінің Омарханға тіккен шекпені өлгенше шамадан тыс кең, ұзын болып шығады. Әсіресе, шекпеннің жеңі өте ұзын екен. Рақаң мына тігісіне риза болмайды. Бірақ, әйеліне еш нәрсе айтпайды. Баласы жаңа тігілген шекпенін киіп, әкесінен байғазы сұрай келеді. Рақаң үн-түн жоқ, қалтасынан бәкісін алады. Баласының шекпенінің бір жеңінен баласының қолын әрі жіберіп ұстап тұрып: «қолыңды жоғары тарт» деп бұйырады. Бала қолын әрі қарай тартады. Рақаң жеңді қолдың басы шығып тұрған жерінен қалдырып, шорт кесіп тастайды. Онан кейін екінші жеңін тағы сол сияқты етіп кесіп алады. «Ал, енді жүре бер» деп қоя беріпті...

### «Әліпбай-Сәліпбай, сүп...»

Баяғыда Рақаң ақсақал Әмірқан деген ұлының жас кезінде оқуға береді. Әмірқан оқуды ықылас қойып



оқымай әртүрлі – насыбай ату, асық ойнау, ауыл қыдырып бос жүру сияқты жарамсыз қылықтарымен айналысып кетеді де, әліпбиді тани алмай қалады.

Ел ішіндегі Әліпбай деген жексұрын адаммен үйір болып, жаман әдеттермен айналысады. Қозыбай деген кісінің Шынасыл деген қызына ерте үйленеді. Бірде Рақанның бәйбішесі қатты ауырады. Рақыш Әмірқанды шақырып алып, «бірнеше жыл оқыттым ғой, мына шешен өлгелі жатыр. Оған дұға оқып, дем сал» дейді. Ал, Әмірқан «ешнәрсе білмеймін» деп, дем салудан бас тартады. Сонда Рақан Әмірқанды жағасынан ұстап тұрып, «Әліпбай-Сәліпбай, сүп, Қазыбай-Жақыбай, сүп, Кентай-Сақа, сүп, Инжар-Сарқан, темекі-насыбай, сүп» деп Әмірқанның жас кезінде жасаған істерін түгел айтып, Әмірқанның өзіне дем салып жатыр дейді.

### Есіксіз үй

Қыстыгүні Рақан қой бағуға кетіп бара жатып, үйішіне «Бүгін күн өте суық екен. Кешікпей пештің төбесін жауып қойыңдар, үй суып кетеді» - деп тапсырып кетеді. Ол қойды ауыл маңындағы төбеге жайып отырады. Қойда жүріп үйін сыртынан байқай отырады. Әйелі пештің төбесін жаппайды. Бұған ыза болған Рақан қойдан келіп жылы үйінің есігін алады да алдына өңгеріп, қойға кетіп қалады. Мұның не деген кісіге «Мен үйдің семьясының бірімін ғой, бұлар үйді суыта алмай отыр екен. Үйді қоса суытайын да» - депті. Ешкім барып есікті сұрап алуға батпайды. Сол күні үйіне Шұбартау ауданындағы қызының күйеуі Қоқай келсе, атасының үйі есіксіз отыр. Қатын-баласы тоңған, істің жайын айтады. Қоқай қойға барып, атасына сәлем беріп, есікті сұрап алып келеді...



### **Жалғыз биесін сауа алмайды**

Бірде Рақан ақсақал тұратын колхоз ортасындағы жылқы фермасының биелерін Қарақаралы қаласына апарып сауып, қымыздарын сатамыз деп ұйғарымға келеді. Мақсат біріншіден – қала халқын қымызбен қамтамасыз ету болса, екіншіден, колхозға табыс табу болады. Содан кейін колхоз басқармасы бие сауу жұмысына баратын колхозшылардың тізімін ұсынады, олардың ішінде қымыз ашытуға Күләй деген Рақанның келінін айтады. Сонда Рақан ақсақал отырып, «Ей, жігіттер, мына Күләй менің келінім. Әрине, мен оны жек көрмеймін, бірақ бұл келіннің-ай жазған жалғыз биесінің қымызы бір ашыған емес. Қымыз ашытатын ыдыс көгеріп кеткен. Ол оны мезгілінде ыстап, жуып отырмайды. Ал, өзінің жалғыз биесінің қымызын жөндеп ашыта алмайтын Күләйға колхоздың 40-50 биесінің қымызын қалай ашыта алады деп сеніп тапсыруға болады?» депті...

### **Мына үшеуінен қарымды адам жасаса**

Рақанның ауылында бір атадан тараған Төкен, Мұқан, Әбен деген адамдар болады. Олар біркелкі –ылғи аласа бойлы, арық, әлсіз екен. Бір күні колхозшылар қырмандағы астықтарды қаптап жатады. Басқаларға қарағанда үшеуі жұмысты нашар істеп жатады. Сонда Рақан тұрып: «Шіркін, мына үшеуінен бір қарымды адам жасап шығарса еді!» деп жанындағыларды күлдіріпті...

**Мекебай Жазыбековтың кітабынан алынды.**



## ТІЛЕУХАНОВ ҚАЛҚАМАН ТІЛЕУХАНҰЛЫ

1942 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылында дүниеге келген.

Алматы көркемсурет училищесі, Москваның сәулет институтында дәріс алған. Бүкілодақтық бәйгелердің екі дүркін жүлдегері, этно-дизайн, қолөнер саласында Республикаға және біраз шетелдерге танылған.

1969-1971 жылдары Алматының сәулет басқармасының қайта құрылымдау және сәулет тарихы бөлімінің бастығы, 1971-1974 ж.ж. жобалардың бас сәулетшісі, бас инженер, директоры қызметтерін «Қазреставрация» мекемесінде атқарған. 1974-1987 ж.ж. – Ғимараттардың бас сәулетшісі қызметін «Өнер» комбинатында атқарған. 1987-1989 ж.ж. – Суретшілер одағының «Мирас» шығармашылық – өндіріс бірлестігінің бас директоры, Алматының қасындағы «Шеберлер ауылының» алғашқы ұйымдастырушысы. 1989-1991 ж.ж. «Жетіген» өнер-өндіріс орталығының көркемдік жетекшісі әрі бас директоры. 1991-2000 ж.ж. «Қағанат-Жиһаз» бірлестігінің басшысы.

Қазақстанда және шетелдерде 20-дан астам ғимараттардың көркемдену саласындағы шығармашысы әрі орындаушысы. 40-тан астам қолөнер бұйымдарын

шетелдердің музейлерінде (Британия, Ресей, Үндістан, Венгрия, Түркия) және жеке коллекцияларда. Кейінгі жылдары Алматының бас мешітінің мінбері, Қазақстанның діни басқармасы мүфтиінің тағы, Алматы Ақсай шағын ауданы мешітінің мінбері, Батыс Қазақстандағы «Сарайшық» қаласының орнына салынбақшы мұражайдың жобасы, Шымкенттегі «Домалақ ана» кесенесінің ішкі көркемделуі, Ханның тағы т.б. еңбектер жасаумен шұғылданды. Отыз жылдан астам уақыттан бері қазақтың ұлттық жиһазын жаңғырту мәселелерімен шұғылданып келді.

Жерлесіміз, мүсінші, қолөнер саласынан Республикаға, шетелдерге танылған азамат Тілеуханов Қалқаман 28 тамыз 2008 жылы дүниеден озды.

Бүгінде Алматы қаласында орталық мешітте бас мүфтиіміз күнделікті әр жұма сайын сол Қалқаман жасаған мінберден жалпақ жұртқа құран оқып, уағыз айтып жүр. Мұндай мінберді соңғы рет XVII ғасырда түріктер салған. Оны жасау үшін суретші XIII ғасырдан бері қарай жасалған мінберлерді жіті зерттеп, қарап шыққан. Биіктігі жеті метрге жететін мінбердің негізгі материалы балқарағай. Оған күміс жалатып, сүйекпен бедер салынған. Мінбердің әр сүйем, әр қарысынан күміс нақыш, сүйек бедер қазақтың ұлттық дәстүрлі өнерінің жұрнағы іспетті көрініс тапқан.



## ТВОРЧЕСТВО АЙБЕКА ТЛЕУХАНОВА

### Жизнь после жизни

Айбек Тлеуханов ушел из жизни в 20 лет, оставив нам около двух сот рисунков, ювелирные украшения и инструменты, сделанные своими руками. Осталось горечь утраты и возможность размышлять о путях развития его неординарных способностей.

Он родился в 1969 году в Алма-Ате в семье архитекторов-художников. Закончил Алма-Атинское художественное училище, отделение художественной обработки металла. Во время армейской службы нелепая случайность оборвала его жизнь.

Романтический изящный мир произведений молодого художника воспринимается как зеркальное отражение доброй и чувствительной души. Главную роль в рисунке Айбека играет линия – особенная, живая трепетная – она легко организует таинственные полупрозрачные образы. Вибрирующий рисунок создает в листах атмосферу тревожной хрупкости. Сложный ритм переплетающихся форм – то спокойный, то полный экспрессии – рождает ощущение ирреальности изображенного мира. Наряду с красотой линий, музыкальностью ритмов поражает уровень композиционного мышления: в небольшие альбомные

листы, армейские письма, а то и просто в чистый уголок конверта в компонованы пластически цельные образы.

Человеку с воображением и внимательным глазом рисунки Айбека дают богатую пищу. Многие образы воспринимаются как символы вселенских ритмов. Возможно, их следует отнести к психографике – явлению малоизученному, признаваемому пока только на уровне экстрасенсорики. Поэтому восхищаясь красотой рисунка, выразительностью композиции, мы непомерно мало можем сказать о смысловой нагрузке образов Айбека. Кто и когда подбирал ключ к этому шифру?

Яркие художественные способности Айбека соединились с необъяснимым для нас провидческим даром. За два года до смерти на своем рисунке он изображает электронные часы, а на них (как потом оказалось) точное время своей гибели. Скептики скажут, - совпадение. Но за четыре месяца до рокового дня он нарисовал ампутированную ногу – причину своей смерти. Не случись трагедии, этот леденящий душу рисунок можно было бы назвать сюрреалистическим, теперь же – пророческим. Что знаем мы о себе?

**Елена МАЛЬЦЕВА**




**АСЫЛХАН (БАЗАРХАН)  
ҚАБЫҚАНҰЛЫ**

18.07.1951 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келген. 1958-68 жылдары Қызыларай орта мектебінде оқыды. Сол жылы Қарқаралы қаласындағы зооветеринарлық техникумға оқуға түсіп, 1970 жылы оны қызыл дипломмен аяқтады. Бұдан кейін Кеңес Армиясының қатарында екі жыл әскери борышын өтеді. 1973 жылы Алматыдағы зооветеринарлық институттың зооинженер факультетіне оқуға қабылданып, 1977 жылы оны қызыл дипломмен тәмамдады. Осы жылдар ішінде ол оқуда озат болып, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысты. Соның нәтижесінде студент кезінде Ленин стипендиясының иегері болды. 1977 жылы Мәскеу қаласында өткен Бүкілодақтық байқауда ғылыми жұмысы үздік деп танылып, министрліктің дипломымен марапатталды. Еңбек жолын өзі білім алған Алматы зооветеринарлық институтында оқытушы болып бастады. 1980 жылы отбасы жағдайына байланысты Қарағанды қаласына қоныс аударады. Мұнда бірден мемлекеттік малды асылдандыру станциясына бөлім басшысы болып тағайындалады. Араға бір жыл салып, қызмет бабымен Қарқаралы ауданының Бесоба ауылына көшіп барады. Мұнда 5 жыл бойы бас зоотехник болып еңбек етті. 1986 жылы Талды ауданының (қазіргі



Қарқаралы) Бақты ауылына бас зоотехник болып ауысып, осында 10 жыл жемісті еңбек етеді. Кейінгі жылдары бас есепші және кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметтерін қатар атқарады. 1996 жылы Қарқаралы ауданына қарасты Матақ ауылының директоры қызметіне тағайындалады. Осынау тоқырау жылдары ауылдың шатқаятаған шаруашылығын жолға қойып, еңбеккерлердің құрметіне ие болды. Қаншама грамота, алғыс хаттармен марапатталған. Әлі күнге дейін ауылдастары әкейдің азаматтығын, кішіпейілдігін, қарапайымдылығын, еңбекқорлығын айтады. Аз ғұмыр жасаса да, артында тек жақсы сөз қалдырды. 1998 жылдың қараша айында небәрі 47 жасында мезгілсіз дүниеден өтті. Жұбайы Фаридә Әзімбекқызымен 4 бала тәрбиелеп жеткізді.




## АМАНГЕЛДІ ӘЗІХАНОВ

1936 жылы Қызыларай ауылдық округінде дүниеге келген.

Қараганды педагогикалық институтын қызыл дипломмен бітірген соң еңбек жолын 1960 жылы Қызыларай орта мектебінде химия-биология пәндерінің мұғалімі, 1964-1971 жылдар аралығында Еңбек орталау мектебінің директоры, 1974-1977 жылдары Қызыларай орта мектебінің директоры, 1981-1989 жылдары Қызыларай орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі секілді жауапты қызметтерді атқарған.

А.Әзханов өзінің зор біліктілігі мен ұстаздық жолда жинаған мол тәжірбиесі арқылы өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, үздік те озат маман ретінде таныта білді.

Амангелді Әзіхановтың әр жылдарда «Халық ағарту ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» сынды төс белгілері мен ҚССР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.




## СЫЗДЫҚОВ ЖҰМАТАЙ ҚАБЫХАНҰЛЫ

16.03.1958 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында өмірге келген. Осы ауылдағы орта мектептен 1964-74 жылдары білім алады. 1974-1977 жылдары ауылда еңбек етіп, екі жыл Германияда әскери борышын өтейді. Бұдан соң қайтадан ауылға келіп, механизатор болып жұмыс істейді. 1980 жылы Алматыдағы зооветеринарлық институтқа оқуға түсіп, 1985 жылы «зооинженер» мамандығын алып шығады. Содан екі жыл бойы Қызыларайдағы ауылшаруашылығы саласында еңбек етеді. Ал 1987-1990 жылдары Ақтоғай селосындағы №3 кәсіби-техникалық училищеде түрлі қызметтер атқарған. Ал 1991-1995 жылдары Ақтоғай аудандық ауылшаруашылығы бөлімінде бас маман болып жемісті жұмыс атқарады. 1995 жылдан бастап біржола әскери салаға бет бұрады. 1995-1997 жылдары Ақтоғай аудандық әскери комиссариатта 2-ші бөлімнің басшысы, 1997-2001 жылдары Шет ауданындағы әскери комиссариатта 3-ші бөлімнің басшысы, ал 2001-2006 жылдары Шет аудандық әскери комиссариат басшысының орынбасары болды. «Қазақстан Қарулы



Күштеріне 10 жыл», «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен марапатталған. Үйленген, жұбайы Маблюда Қалиянова екеуі бес баланы тәрбиелеп, жеткізген. 2012 жылы мезгілсіз дүниеден өтті.





## ЖЕТІ АТА

*«Лұқман Хакім ұрпағымен мың жасапты!»*

*«Жеті атасын білген ер,  
Жеті жұрттың қамын жер».*

Күн шығып батады. Ай жаңарып, ескіреді. Жыл өлшемі – он екі ай. Бірақ, уақыт шексіз. Адамзат ғұмыры – уақыт жылнамасы. Осы тиесілі уақытпен әрбір ұрпақтың өзіне тиесілі еншісі болады. Табиғаттың тылсым сыры көп. Көшпелілер ұғымында күннің өзі жеті бөлікке бөлінеді. Таңсәрі, сәске, (кіші сәске, ұлы сәске), түс, бесін (кіші бесін, ұлы бесін) қызыл іңір.

Аптада да жеті күн бар. Бір ғажабы бұл атаулар өзгермейтін өлшем бірліктері: Қазақ халқына «үш», «жеті», «тоғыз» сандары киелі болып есептеледі.

Жаңа туған нәрестенің шілдеханасы жетінші күн жасалады. Қайтыс болған кісінің жетісі беріледі. Білімдар кісіні жеті жұрттың тілін біледі дейтін де көшпелілер. Көкті «жеті қабат», жерді «жеті қат» деп түсіндіретін де солар. Тіпті, «жүт – жеті ағайынды» деген сөздің өзі тұрмыстық жағдайдан келіп туындайтын байлам. Әз Тәуке ханның «Жеті жарғысы» (жарғы – көне түркі сөзі «жүгініс» деген ұғымды білдіреді) мен «Жеті қазына» деген атаулардағы жетілік санның тектен-тек тумағандығы айқын. Басқа-басқа, қауіп-қатерден аман қалған адам үшін, не анасы, не жұбайының жеті нан пісіріп жатуы да, немесе садақаға жеті түрлі нәрсе таратуы да наным-түсініктен гана тумаған құбылыс екен. «Жетіге келгенше жерден таяқ жейсің» дейтін көшпенділердің «Жеті атасын білмеген – жетесіз»



деген даналық тұжырымы, ұрпақ көшінің үзілмеуін тілеген ізгі ниеттен шыққан.

Ата (әке)  
 Бала  
 Немере  
 Шөбере  
 Шөпшек  
 Немене  
 Туажат.

Бір атадан тараған ұрпақтың бұдан кейінгі тармақтары, жекжат, жұрағат болып жалғасып кете береді. Тарихты – ежелгі түркілер «шежіре» деп атаған. Өйткені, өз атасының кім болғанын, оның аузында қандай игілікті істері қалағанын мақтанышпен әңгімелейтін қариялар алдын ала бір-ақ мақсат қойған. Олар өткеннің тағылымын жас ұрпақтың тәрбиесінен тысқары нәрсе деп қарамаған.

Міне, біз де осы жолмен аталарымыздың есімін атап, ұрпақтарымыздың жадында қалсын деп осынау кітапты құрастырып шықтық. Мұндағы мақсатымыз атамиздың би болғанын, текті әулет екенімізді айтып, өзгеге мақтану емес. Еліміздің іргесі бүтін болсын деп, заманында еңбек еткен әкелеріміздің ғибратты ғұмырын үлгі ету. Бұл әр қазақтың парызы деп білеміз.

Сүттібай би бабамыздың мөрі басылған құжаттар сонау жылы табылып, бір сүйіншілесек, ол – жерлес азамат, ғалым, қайраткер Қабылсаят Әзімбабайұлының ізденімпаздығының арқасы. Қабылсаят Әбішев бастаған істі Айдаржан Балтабайұлы мен Серік Сағынтай жалғастырып, осынау кітаптың негізгі ұстыны дайын болды. Аталған азаматтарға әулет атынан алғысымызды айтамыз.

Осынау кітап құрастырыларда көмек қолын созған, бірлік білдірген барша туыстарымызға да айтар алғысымыз шексіз. Кітапта түрлі себептермен олқылықтар мен деректерден ауытқулар кездесіп жатса, қалың оқырманнан кешірім сұраймыз.

Аталарымыздың ақ жолы, адал ісі жайлы кеңінен толғап, зерттеп жазу болашақ ұрпақтарымыздың мойынындағы іс деп ойлаймыз.

**Зәрухан ҚАБЫҚАНҰЛЫ.**



## МАЗМҰНЫ

Теміршінің Құрметті биі .....	3
Туыс-таратпа шежіресі .....	11
Бабалар салған дара жол .....	25
Суреттер сырт шертеді .....	53

## **СУ ТӨГІЛМЕС СҮТТІБАЙ**

**Зәрухан ҚАБЫҚАНҰЛЫ.**

**Редакторы: Серік САҒЫНТАЙ, Теруші:  
Гүлдария Қабыханова.**

Басуға: 06.11.2020 ж. қол қойылды.  
Қарпі «Балтика». Пішімі: 160x250 мм. Офсеттік  
қағаз. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы  
– 9 бт. Таралымы – 80 дана.  
Тапсырыс №





### **Зәрухан ҚАБЫҚАНҰЛЫ**

1948 жылы дүниеге келген. Сүттібай бидің Сыздықтан тарайтын ұрпағы. Балалық шағы Қызыларай елді мекенінде өтті. Бастауыш сыныпты «Киров» колхозында оқыған. 11 жылдықты 1966 жылы Қызыларай елді мекенінде тәмамдаған. 1967 жылы қараша айында Балқаш автокөлік жүргізушісі мектебін аяқтады. Жастайынан Қызыларайда еңбек етті. 1976-2011 жылдары Ақтоғай ауданына қарасты Қызыларай ауылында жедел жәрдем жүргізушісі болып істеген. Денсаулық сақтау саласында атқарған ұзақ жылдық еңбегі үшін облыстық Денсаулық сақтау бөлімінің Құрмет грамотасымен, «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

1  
Сүттібай  
Қоспа  
Әлі